



**«ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМ: ЖАҢА ТӘСІЛДЕР МЕН ӨЗЕКТІ
ЗЕРТТЕУЛЕР»**

халықаралық ғылыми конференцияның
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ
26-27 ақпан 2024

PROCEEDINGS

of the international scientific conference
**«MODERN SCIENCE: NEW APPROACHES AND
CURRENT RESEARCH»**
26-27 February 2024

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научной конференции
**«СОВРЕМЕННАЯ НАУКА: НОВЫЕ ПОДХОДЫ И
АКТУАЛЬНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ»**
26-27 февраля 2024

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Қ 22

Редакция алқасы:

А.А. Амангельдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:

А.А. Амангельдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:

А.А. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

Қ22 Қазіргі ғылым: жаңа тәсілдер мен өзекті зерттеулер: халықаралық ғылыми конф. мат. Современная наука: новые подходы и актуальные исследования: Сб. материалов межд. науч. конф. = Proceedings international scientific conference: Modern science: new approaches and current research. – Атырау: «Bilim Innovations Group» ғылыми-зерттеу орталығы, 2024. – 238 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-08-3837-6

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. Мақаланың мазмұны мен жіберілген қателерге автор жауап береді.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования. Ответственность за содержание статьи и допущенные ошибки несет автор.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education. The author is responsible for the content of the article and mistakes.

ӘОЖ 001
КБЖ 72



ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
HUMANITIES

ҒТАМР 16.21.61

ҚАЗАҚ АУЫЗША СӨЗІН ЗЕРТТЕУДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ АСПЕКТІСІ

Ұ.А. Кемелхан

Магистрант, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы қ.

Мақалада ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ ауызша сөзінің құрылымы мен жүйесін анықтау өзекті мәселе ретінде қойылады. Ауызша тілді зерттеу өте маңызды, өйткені қазір жазба құралдарға қарағанда ауызша құралдар адамдарға көп қызмет атқарып келеді. Жалпы қоғам газет-журнал, кітаптарға қарағанда теледидар көп көреді, тіпті Youtube желісіндегі материалдар ауызша тілдікі. Ал ауызша тіл жалпы тілдің дамуын көрсетеді. Қазіргі телерадиодан естіп жатқан сөздердің фонетикалық жүйесі, интонациясы, просодикасы бұзылған. Ауызша сөз саптаудың өзіндік ерекшелігі өзгеріп кеткен. Көп түсініспеушілік осы ауызша сөзде болып жатыр. ХХ ғасырдың 60-80-жылдарындағы қазақ ауызша сөзі – дұрыс нормаланған, табиғи, қазақтың ұлттық сөйлеуіне жақын сөз, ал классик жазушылардың сөзі – тіптен дұрыс сөз. Сондықтан да бұл тақырыпты өзекті етіп алдық.

Түйін сөздер: ауызша сөз, ақын-жазушылар шаршысөзі, стилистика, сөзсаптам, Қ.Ысқақ, С.Жүнісов.

Тұтас бір елдің тәуелсіздігін мызғымас ететін факторлардың бірі – оның ана тілі. Себебі бір халықты екіншісінен айқын ерекшелеп, бүкіл болмысын, табиғатын көрсетіп тұратын – оның тілі, соның ішінде оның әбден екшеліп, сұрыпталған ұлттық әдеби тілі. Ғалымдардың зерттеулерінің басым бөлігі – жазбаша тілдің табиғатын ашуға бағытталған еңбектер. Алайда кез келген әдеби тілдің бастауында ауызша тіл тұратыны белгілі. Осы мәселе тұрғысынан ауызша тілдің жүйесі мен құрылымын анықтау – **тіл білімінің өзекті мәселесі.**

Тілдің көне тарихы, жазба тілдің көне ескерткіштерін, олардың тілін зерттеу оңай емес, ол үшін графиканы білу керек. Соған байланысты зерттеу нысандары жетпегендіктен филология күшейіп, лингвистиканың да объектісін қосып алды деуге болады. Ал негізінен лингвистиканың зерттеу нысаны – ауызша тіл. Осы орайда Фердинанд де Соссюрдің көзқарасында жазуды ауызша тілдің көшірмесі деп және екеуін екі түрлі таңбалық жүйе деп мойындаған да пікір болды: «Сөйлеу мен жазу – бұлар екі түрлі таңбалар жүйесі: соңғысы тек сөйлеуді бейнелеу мақсатында өмір сүреді». «Лингвистиканың пәні жазба сөз

бен ауызша сөздің қосындысы емес, ауызша сөз ғана лингвистиканың пәні болмақ» [1].

Ауызша тіл – адамның жанына жақын тіл, ал жазба тіл – бөгде, алшақтау тіл, себебі өз тіліміздің өзгеленуі осы жазба тілде жүреді. Сондықтан да, ең алдымен, ауызша тілді зерттеу керек. Ауызша тілді зерттеуді ең алғаш жолға қойған, лингвистиканың зерттеу нысаны ауызша тіл екенін айтқан Ф. Соссюр, Бодуэн де Куртенэ, Л.В. Щерба болатын. Ф.Соссюр «Тіл адамды тәрбиелейді» дей келе, тілді ешкім өзгерте алмайтынын, бірақ сол адамның ұлттық санасы арқылы өзгеретінін айтқан болатын. Л.В.Щерба ұстазы Б.Куртэнениң ізімен тіл білімінің негізгі нысаны жазба тіл емес, ауызша тіл болу керек деп, жазба тілден ауызша тілді айырып алу керектігін ескертті [2]. Бірақ олардың теориялық тұжырымдары кейіннен ұмыт қалды. Біздің оқулықтар, тіл біліміндегі зерттеу нысандардың барлығы жазба тіл бірліктері болып кетті. Фонетиканы зерттейміз деп, әріпті зерттеп кеттік, сөйлемнің стилистикасын зерттейміз деп, жазылған мәтіндегі сөйлемдердің түріне талдап кеттік.



Сурет 1. Ауызша тіл мен жазбаша тіл.

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуда жазбаша тілдегі сөздердің ауызша тілдегі қатынасы ескерілмей жатады. Білім алушылар әріп пен дыбысты ажырата алмай, бір үйлесіммен, бір ырғақпен айтылатын сөз тіркестерін жазба тілдегі нұсқамен айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы жайында Ахмет Байтұрсынұлының екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған.

Ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп нақты дәйекпен айтады [4].

Ал Елдес Омарұлы өзінің мақаласында «Сөздің тізілуі тақырыпты қазақ тілінің негізгі заңдары бар. Ол заңдарға көнбей тізілген сөздер қазақша сөйлем болып шықпайды. Орыс тілінде ондай заң жоқ. Орысша сөйлемнің мүшелері, қалай алмастырсаң да көне береді. Қазақша сөз өзінің ретінше ғана болмаса, басқаша тізілуді көтермейді. Қазақша сөйлемнің мүшелері не ретпен тізілетінін қазақша сөйлей білген кісі өзі білуге тиіс» деп айтқан сөздерінен ауызша сөздің қаншалықты маңызды екенін аңғарамыз [5].

Қазақтың ауызша тілі әлі зерттелмеген деуге болады. Профессор Р. Әмір ауызекі сөйлеу тілі мәселесін бірінші болып зерттеді [6], «Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері» деген монографиясын жарыққа шығарып, соның негізінде 1972 жылы докторлық диссертация қорғады. Одан кейін Р.Сыздық, Н.Уәли, З.Базарбаева, А.Фазылжанова, Қ.Күдерінова ауызша тіл мәселесін көтерген.

XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ тілі – қазақтың ауызша сөйлеу нормасынан әлі алшақтай қоймаған, жазса да, сол ауызша тілдің сөйлеу нормасын көбірек сақтап жазған кезең болып табылады. Сол замандағы ауызша жасалған баяндамалар, мінбеде сөйленген сөздер, негізінен, қазақтың ауызша сөйлеу дәстүрі негізінде жарыққа шыққан. Қазіргі ауызша тілге үлгі болатын сөзсаптауды қайдан аламыз десек, оның үлгісі қандай болып еді десек, біз оны қазіргі сөйленіп жатқан сөзден гөрі сонау XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы сөз ұстаған тұлғалардан, ақын-жазушылардан, қоғам қайраткерлерінің сөздерінен тыңдап, соны қағазға түсіріп алған дұрыс болып табылады. Сол себептен біз зерттеу тақырыбымыздың зерттеу нысаны ретінде қазақ тілінің элитарлық топ өкілдері болып табылатын белгілі қайраткер, ақын-жазушылардың көпшілік алдында сөйлеген сөздерін зерттеуге алдық.



Сурет 2. Қазақ ауызша сөзі.

Ауызша тіл ойлауға қарағанда баяу болғанымен, жазба тілге қарағанда тез. Сондықтан ішкі сөйлеу кодына келген ой сол қалпында сыртқа шығады. Сыртқы тіл ойды өзіне кодтап үлгере алмайтындықтан ауызша тіл синтаксистік құрылымға қарағанда логикалық құрылымға көбірек бағынады, себебі ауызша тілде коммуниканттың өз еркілігі, өз меншігіндегі сөйлеу мәнері, коммуникативтік актке дайындықсыз кірісіп кетуі бар.

Зерттеуші Қ.Күдерінова ауызша тілді әдеби тілмен байланыста қарастыра келе, бүгінде мынадай қызметтерін көрсетеді:

- қазақ ұлтын қалыптастыратын, тәрбиелейтін құрал;
- қазақ ұлтын бір мақсат-мүддеге біріктіретін күш, ұйытқы;
- жалпыхалықтық тілдің нормативті базасы;
- толыққанды коммуникация құралы;
- ойжасампаздық қызмет атқарады;

- танымдық қызметі бар;
- ойжүйелеуші қызметі бар [7].

Ауызша сөзде орфоэпия, интонация, ритм, сөздік қор, олардың әуені бірге қарастырылады. Барлығы бір-бірімен байланысты болғандықтан, ауызша сөзді тек біреуін ғана алып бағалай алмаймыз.

Қазақ ауызша сөзінің орфоэпиясы, құрылымы мен жүйесін, стилін, қызметін ХХ ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ жазушылары мен қайраткерлерінің сөздері негізінде айқындаймыз. Бұл тұста белгілі ғалым Рабиға Сыздық: «Ауызша сөздің жиі қолданылатын жері – алқатоп алдындағы сөздер. Алқатоп алдында дұрыс сөйлеп дағдыланған адам күнделікті ауызекі сөйлеуде де біршама әдеби нормаға сай, дұрыс сөйлеуге үйренеді. Бүгінгі қазақ қоғамында күнделікті тұрмыстық ауызекі сөйлеудің әдеби тіл нормасымен көрінуі жоққа тән» деген тұщымды ой айтады [8]. Сондықтан да шаршытоп алдында сөйлеуге машықтанған ақын-жазушылардың сөзінен қазіргі қазақ тіліне үлгі болатын қазақ ауызша сөзін ұсыну жоспарланды. Соның негізінде сәтті қолданыстар мен ерекше қолданыстарды, сөз қолданысының ұтымды тұстарын қараймыз. Әр жазушы не қайраткердің өзіндік стилі болады, ол бірден пайда болмайды. Бірте-бірте тәжірибе жинақтағаннан кейін тілдік тұлғасы, өзіндік мәнері қалыптаса бастайды. Сондай жазушылардың бірі Қ.Ысқақ пен С.Жүнісовтің ауызша сөздерін сөзжазбаға түсіріп, оның орфоэпиясын, стилін, ауызша сөзсаптамын талдадық.

Қалихан Ысқақ, 1998 жылы «Өмір-өзен» хабарында сөйлеген сөзі:

өзүнүң гұмұрұнда / бірмың сегіжжүз алпыс сегізінші жылы бір рет шыққан екен лондында // одан гейін бірмың тоғұжжүз жетпіс алтыншы жылы мійнскіде шыққан / екәг рет шыққан кітәп /// батыс еуропаның тарыйхшылары бұған қарсы болұп // кітәптің жарық көрүүүнө көптөгән кедергі жасаған /// жарайды ол өзалдына /// қырығ жыл ішінде олжастың зерттегеніде осұ мәселе // ол өзү осұ гезге дейін зерттеп келе жатыр /// сонау балханға барып // сөйерде өкүмөт балхар / мемлекетін гұрұп / балгарда // әлгі / қазақтың айтатыны бар // барар жерім балхантау ода сенің барған тау дийді /// үшүншүсү / шыңғысхан жорұғұ /// осұған байланысты үш гасырданда артық // бүкүл дүнүөжүзүлүк / дийләмәтійә менен разветка / тек бізге гарсы жұмұс істеген /// сонұң біржемісі кешегі ахсақ темір /// ахсақ темір // онұң бәленбай жүжжылдығын өзбөктөр былтырғы жылы атап өттү /// біз қазақтар атағанда жоқ /// себеп // түркү халқының онұң ішінде қазақ халқының тарыйхындағы еңбір гаралы беттер / ахсақ темірге байланысты /// өзү аурұу // өзү таққұмар // атаққұмар адам тарыйхқа гелген уақытында / еуропамен / тайау шығыстың бүкүл жағы дийләмәтійәсімен тағыда сол разветкасы ахсақ темір үшүн гызмет істеген /// түркү халқының тұтас отұрған / соларды бытшыт қылұу // ыдыратұу // аздырұу // тоздұрұу болған /// ахсақ темір содан көптөгән дүнүөнү ойрандап // жекежеке хандыққа бөлүнүб° отұрған біздерді / бірінен гейін бірін бытшыт қып // мәскеудің түбүндө отұрған тохтамысты барып шауып құртұп // канстантійнопілдә отұрған байәзійт ханды барып шауып // сүйтүп біздің берекемізді алған ///

Сәкен Жүнісов, 2003 жылы «Шынның жүзі» бағдарламасында сөйлеген сөзі:

*арзаманның өзсерісі // салы болат /// мына сәкен сол / сері деуге лайықты
/// мұнұң домбұра тартатындық // күй тартатындық // шертпе гүйдү //
төкпө гүйдү // онұмен бірге ән салатында // айырларды айтатын /// жай
домбұрамен ганамес // йталійаниша айтатында // қырғышиша айтатында ///
осұ сәкенсері деп атасақ қалай болад деп сүйтөт // сол гезде мынжағында
отұрұп шерхан айтты /// біз / байағыдан гана атап жүрмүз // сері деп /// кім /
мынжағынан шығып әкім менің досым // әкім тәрәзій // олда айтты біз сері
деп жүрмүз /// сонда гәбеңнің қысқа гана сөйлөйтүнү бар ыңыранып /// ааай //
бірәқ қыймайсыңда // күлүп еді // біржағы / кекесін емес // қалжсын ретінде ///
кітәб° жазганда // мен қатысым жоқ енді соған // анау қатысы болганда
былай го // онұң бірқатысы мынандай гана /// гәбең пийеса жаздыгой // ал енді
мәгжән / ахансері тұуралы үлкөн керемет мәқәлә жазган // мәқәләсі гажап
енді /// сосұн жансүгүріп / құлагер / паемасын жазды /// енді мен раман
жаздым // раман жазардың алдында гәбеңнен (ы)рұқсат сұрадым /// гәбе сіз
осұ раман жазбайсызба ақансері тұуралы // мен жазғым геп жүрөд деп едім //
жоооқ мен енді анау жат қолынданы бітірсем солда жетіп жатыр // менің
жасым кепқалт // мен енді раман жазбаймын / деп содан гейін мен раман
жаздым /// сонда айтты саған осұ дұрұс бір сөзүмдү айтты / сен өзү көбүрек
білед екенсің // үйткөнү менің жерім көкшөтау // біржағынан желі дә // ол
жердің шөбү дә маған таныстау го // басқадан гөрү /// зерттеп барып
жататын емес //*

Қ.Ысқақ пен С.Жүнісовтің көпшілік алдында сөйлеген шаршысөздерінен төмендегі ауызша сөзге тән белгілерді байқаймыз:

– *Ерін үндестігінің сақталуы.* Ерін үндестігі 3-4-буынға дейін сақталған. Оның себебі Қалихан Ысқақ Қазақстанның шығысы Қатонқарағай өңірінен, ал бұл өлке Қырғызстанмен шектесіп жатқандықтан бірыңғай ерін үндестігі сақталады;

– *Кідірісті орынды қолдануы.* Кідірістер жиі пайдаланылады, бұл өз кезегінде тыңдаушыға оң әсер етіп, ойын жинақтап алуына көмектеседі. Сондықтан да бір сарынды баяндау болмайды;

– *Дауыссыз дыбыстар үйлесімі.* Табиғи үйлесімін бұзбай, сақтап айтады. Ықпалдар бір-бірімен жымдасып, құлаққа біртұтас болып жетеді;

– *Ауызша сөз саптауы.* Ұзақ сөздің (сөйлеудің) белгілі бір ырғаққа бөлінуінің рөлі айрықша: ритмикалық бөліктер тұтас ойдың (мазмұнның) микроүзіктерін құрайды, ол үзіктер не шағын сөйлем болып, не алдыартындағы параллельдермен ұқсас келіп, жеңіл қабылдауға көмектеседі;

– *Сатылы, тізбекті әңгімелеу.* Ырғақпен айтылатын сөздің тыңдаушы үшін эстетикалық әсері күштірек болады: ол сөзге әуезділік сипат береді, ойды бөлмей, бір сарынды тыңдауға мүмкіндік береді;

– *Айтары бар ойды баяндау.*

Айтылған сөздің құлаққа біртұтас, жұмыр болып жетуі ауызша сөздің дұрыс болуынан. Көптің алдында айтылған қазақ жазушылары мен қоғам

қайраткерлерінің ауызша шаршысөздерінің жоғары деңгейде болуы нормаға сай дыбысталуы мен сөйлем құрылысының жүйелілігінен болып табылады. Сондықтан да біз зерттеуімізде ауызша сөздерге зерттеу мен талдау жүргізе отырып, үлгі болатын ауызша сөзді негіздеуге тырыстық.

Сонымен, XX ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ классик жазушылар сөздерінің фонетикалық жүйесі, интонациясы, просодикасы, ауызша сөз саптауы қазақтың ұлттық сөйлеуіне жақын. Олардың ауызша сөзін функционалды аспектіде зерттеу жұмысымыздың маңызын көрсетіп қана қоймай, қазақ тілінің өміршеңдігін бекіте, күшейте түседі деген қорытындыға келеміз.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Соссюр де Ф. Труды по языкознанию. – М., Прогресс, 1977. – 686 с.
- 2 Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974. – 426 с.
- 3 Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. – М., 1963. – 388 с.
- 4 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ. Әнес. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.
- 5 Елдес Омарұлы шығармалары. 1-том. – Алматы: – «Лұғат» қоғамдық қоры. – 2018.
- 6 Әмір Р. Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері. – Алматы, 1972. – 180 б.
- 7 Күдеринова Қ. Ауызекі сөйлеу тілін зерттеудің маңызы // С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Хабаршысы. Филология сериясы. – Павлодар, 2018. – №4. – 140-146 б.
- 8 Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 242 б.

ҒТАМР 03.20

ЖҰМАБЕК ТӘШЕНОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЖЕРІ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХЫ

Ж.Б. Сейіткәрім

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада Ж.А. Тәшеновтың өз заманының өткір проблемалары – жер мәселесі, Маңғыстауды Түрікменстанға қосу жөніндегі ұсыныстарға тойтарыс беруі, тың өлкесіне біріктірілген солтүстік бес облысты Ресейге, Оңтүстік Қазақстанның мақталы аудандарын Өзбекстанға беруге қарсы шыққаны, Қазақстан жерінде ядролық жарылыстар жасауға қарсылық білдіру мәселелері қарастырылады. Жұмабек Тәшенов – мемлекет және қоғам қайраткері, Хрущевтің «Тың өлкесі» жобасына қарсы шығып, Қазақстанның солтүстік облыстарын сақтап қалуға, қуғын-сүргінге ұшыраған ақын-жазушыларды ақтауға үлес қосқан адам.

Түйін сөздер: қайраткер, территория, ұлттық мүдде, отаншылдық рух, шовинизм, орталық билік, тәуелсіздік, ұлттық идеология, шекара, ұлтжандылық.

Еліміздің саяси, рухани өмірі бостандық алған тұста ұлттық тарихымыздың көптеген мәселелері қайта қарастырылып, жаңа концептуалдық тұрғыдан қорытылуда. Осы тұрғыдан келсек тәуелсіздік жолында күрескен ұлт зиялыларының өмірі мен қызметін зерттеу қазіргі таңда өзекті болып отырған мәселердің бірі. XX ғасырдың 60-жылдарында ел тарихында есімдері сақталатындай істер атқарған азаматтардың бар болғандығы белгілі. Бар саналы ғұмырын қазақ халқының жері мен біртұтастығын сақтап қалуға арнаған өр тұлғалы азаматтың өмірі мен елі үшін жасаған қызметі ұлан-ғайыр. Сондай тұлғалардың бірі мемлекет қайраткері, Оңтүстіктің жерлерін Өзбекстанға, солтүстіктің жерін Ресейге қосуға қарсы шығып, аянбай күрескен – Жұмабек Ахметұлы Тәшенов.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенов билігі кезіндегі ел өміріндегі ең негізгі жағдай – жер мәселесі. Ж. Тәшеновтің қазақ жерін сақтап қалуға қосқан үлесі зор. Маңғыстауды Түрікменстанға қосу жөніндегі ұсыныстарға тойтарыс берді. Тың өлкесіне біріктірілген солтүстік бес облысты Ресейге, Оңтүстік Қазақстанның мақталы аудандарын Өзбекстанға беруге қарсы шықты. Қазақстан жерінде ядролық жарылыстар жасауға қарсылық білдірді [1].

Тәшенов Жұмабек Ахметұлы (20.3.1915, Ақмола облысы Аршалы ауданы Бабатай ауылы – 18.11.1986, Шымкент қаласы) – мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымының кандидаты (1962). Ақмола құрылыс техникумын (1932), КОКП ОК жанындағы жоғары партия мектебін (1955) бітірген. 1934-1939 жылдары Бейнетқор ауданы атқару комитетінің хатшысы, аудан жер бөлімінің меңгерушісі, 1939-1943 жылдары Ақмола облысы жер бөлімі бастығының орынбасары, 1944-1947 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы партия комитеті хатшысының орынбасары, мал шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі, 1947-1948 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы (1948-1952) болды. 1952-1955 жылдары Ақтөбе облысы партия комитетінің 1-хатшысы, 1955-1960 жылдары Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы, 1960-1961 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды. Осы қызметте жүргенде Н.С.Хрущевке қарсы шығып, қызметі төмендетіліп, 1961-1975 жылдары Шымкент (қазіргі Оңтүстік Қазақстан) облысы атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. 1975 жылы одақтық дәрежедегі дербес зейнеткерлікке шықты. «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Өмірінің соңғы кезеңінде «Қаракөл» ғылыми-зертханалық институтында, Оңтүстік Қазақстан облысы талдау-есептеу орталығында қызмет атқарды. 14 жыл осы облыста еңбек етіп, әйгілі Желтоқсанға бір-ақ ай қалғанда, 1986 жылы 18 қарашада өмірден озады. Сүйегі Шымкент қаласында жерленген [2].

1953 жылы наурыздың бас кезінде Сталиннің қаза болуынан кейін партиялық-мемлекеттік аппаратта билік үшін жанталасқан бақталастық басталды. Көсемінен айырылған Кремль сарайындағылар жаңа саяси айлакерлік пен қулық-сұмдық күресіне бел шеше кірісіп кетті, оның бәрі партия құжаттары қарарларында көрініс тапты. Наурыз айынан ел билігін үш адам (триумвират) – Н.С. Хрущев, Г.М. Маленков, Л.П. Берия басқарды. Алайда, бұлардың соңғысы 26 маусымда тура КСРО Министрлер Кеңесі Президиумы отырысы үстінде тұтқындалып, артынша атылды. Сол сәттен бастап сырт көзге көшбасшы Г. Маленков болды. КОКП Орталық Комитетінің В.М. Молотов, Л.М. Каганович және Г. Маленковтың «партияға қарсы тобының» жікшілдік әрекетін айыптауынан кейін мемлекет басына Н. Хрущев келді. Ол ел өміріне өзгеріс енгізуді аграрлық сектордан бастады. Халық шаруашылығының «жанды жері» нақ осында шоғырланған еді. Тоқтаусыз сыр беріп келе жатқан астық мәселесі азық-түлік тапшылығына ұрыну қаупін тудырды. Астық өндіру мемлекет сұранысын (социалистік лагерьді қосқанда) жылдан-жылға қамтамасыз ете алмады [2].

1950 жылдары Кеңес одағының басшысы Никита Хрущевтің қолдауымен орыс шовинистері Қазақстанды паршалау арқылы қазақтан келетін қауіптің алдын алуды жоспарлады. Ал өзбек елі өзіне күндес, бәсекелес есептеген қазақтың жерін тартып алуды орыстардың қолымен, атап айтқанда Никита Хрущевтің қолымен жасады. Орыстар бірнеше саяси мақсаттағы жобаны ойлап тапты. Тіпті өздерінің сенімді адамдары арқылы Хрущевке мақұлдады. Соның

біріншісі – Бостандық ауданын Өзбекстанға қосу жоспары болған. 1950 жылдары Өзбекстан Кеңес Одағының басшысы Никита Хрущевқа жүгініп, Оңтүстік Қазақстандағы Бостандық ауданын өзіне беруін сұрайды. Мәселе аясында Қазақстан Компартиясы арнайы комиссия құрып, оны Тәшенов басқарды. Комиссия мынадай қорытындығына келді: «Бостандық ауданы мал шаруашылығын дамытуға арналған жер. Онда құрылыс материалдарын шығаруға, су энергетикасын дамытуға, демалыс үйлері мен көмір, қорғасын және көлік өндірісінің жұмысшыларына арнап санаторий салуға барлық жағдай жасалған. Осының бәрін ескере отырып, Бостандық ауданын Өзбекстанға бергеніңіз жөн емес». Комиссия шешімі 1955 жылдың 1 маусымында сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Л. Брежневке жіберіледі. Л. Брежнев басқарған Орталық Комитет: «Бостандық ауданы Өзбекстанға берілмесін» деген қаулы қабылдайды [3]. Сөйтіп сол жолы Мәскеу мен Өзбекстанның бірлескен қитұрқы әрекетінің жолы кесіледі. Бірақ бұған қарамастан 1956 жылы Шымкент облысының Бостандық ауданы мен Киров ауданының Тимирязев атындағы совхозын Өзбек КСР-ының құрамына қосып алады. Киров ауданының Шымқорған, Арнасай, Амангелді атындағы, Ильич атындағы, Қызылқұм, «Известия» совхоздары берілісімен Фариш ауданының қарамағына жатқызылды. Еңбекшілердің қайсарлықпен сұрауынан және әділетті талабынан кейін 1971 жылы Шымкент облысының үш ауданы Қазақстанға қайтадан қайтарылды, бірақ олардың алты совхоз және жеті ауданындағы көлемді бөлігі – жалпы берілген жердің төрттен үші Өзбекстанда қалды [4].

Жұмабек Тәшеновтің еліміздің солтүстік облыстарын Ресейге қосылудан аман алып қалды. 1960 жылы Хрущев Қазақстанда әкімшілік реформасын жасады. Елді үш өлке мен төрт облысқа бөлді. Үш өлкенің бірі – Тың өлкесінің (орысша Целинный край) құрамына Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Ақмола облыстары кірді. Орталығы Ақмола (қазіргі Астана) болды. Өлкені Мәскеу мен елдің астанасы Алматы қатар басқаратын болды. Тәшенов бұл бастамаға қарсы шықты. Бірінші министр өзінің Ақмоладағы Хрущев пен сол кездегі ҚазКСР басшысы Дінмұхамед Қонаевпен сөйлескені туралы былай жазды: *«Хрущев Қазақстан шекарасын өзгерту керек екені туралы сөз қозғады. Нені меңзеп тұрғанын түсінген бойда былай дедім: «Никита Сергеевич, мұндай мәселелерді шешпек түгілі, оны талқылауға да болмайды. Мен, әлбетте, қарсымын. (...) Егер ұлттық республикалардың шекарасын қалай болса солай өзгерте берсек, олардың Конституциясы неменеге бар? Ешкім, ешқандай орган республикалардың Конституциясын өзгерте алмайды. Егер оның нормалары бұзылатын болса, халықаралық ұйымдарға жүгінуге тура келеді»* [5]. Осы әңгімеден кейін Қонаев маған *«Батыл екенсің»* деді». Бірнеше айдан кейін, 1961 жылы Ақмолаға тағы келген Хрущев Тәшеновті Министрлер кеңесінен алып тастап, Семей облысы атқару комитетінің басшысы (әкімі) қылып тағайындады. Бұған Жұмабек келіспей, Мәскеуден жоғары лауазым беруін талап етті. Хрущев оны Шымкент облысы атқару комитетінің басшысы қылды. Тәшенов бұл қызметте 1975 жылға дейін істеді.

Тәшеновтің бұл қарсылығы нәтижесіз қалмады. 1965 жылы Қазақстан басшысы Ысмайыл Юсупов Тың өлкесін тарқатып жіберді.

Маңғыстаудың Түрікменстанға берілуіне төтеп берді. 1961 жылы Хрущев жаңа әкімшілік-территориялдық ұйымдастырып, оның жоспары бойынша оңтүстік өңірлерден бөлек Маңғыстау облысы Түрікменстанға берелетін еді. Осылайша Қазақстаннан ештеңе қалмайтындай болды. Тәшенов осы шешімдердің барлығына ашық қарсы шықты. Ол КСРО-ның Конституциясына шағымданады. Осылайша Хрущев пен одақтың шешімдерінің дұрыс еместігін дәлелдеді. Бұл Қазақстанның аумақтық тұтастығын сақтап қалуға көмектесті [6].

Мына фактіге назар аударайықшы: Егер Ж.А. Тәшенов кезінде орталыққа тойтарыс жасап, Сарыарқаның бес облысын сақтап қалмағанда, 565, 4 мың шаршы шақырым немесе республикамыздың бестен бір бөлігінен айырылып қалғандай екенбіз. Ал сол бес облыстың қазіргі аумағында 1999 жылғы санақ бойынша 3, 7 миллионға жуық адам тұрып жатыр екен [7]. Мәскеуде Н.С.Хрущевтың әрекетіне қалай тойтарыс бергенін Жұмабек Ахметұлының өзі (1986 жылы «Оқжетпес» шипажайында емделіп жатқанда қызметтес інісі М. Елеусізовтің сауалына орай айтқаны) былайша баяндайды: «...Кешкі сағат он кезінде менің бөлмеме Д.А.Қонаев (сол кездегі Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы) телефон шалып, Н.С.Хрущевтің екеумізді шақырып жатқанын айтты. Бұрын кездескенімізде жылы шырай көрсететін мәскеулік бастық жүзінен бұл жолы қатандық байқалды. Сөзін бастағаннан-ақ: «Кеңес Одағындағы ұлт республикаларының жан-жақты дәрежеге жетуінің негізгі себебі Кеңес үкіметі мен ұлы партиямыздың көрегендік саясатының арқасында екендігін көпшілік білсе де, әлі күнге дейін соған дұрыс мән бермейтіндер де жоқ емес, – деп сөзін бір түйді. Соңғы кезде Саяси бюро мәжілісінде Қазақстанның саяси-экономикалық мәселелері сөз болғанда, бұл республиканың алға дамуына кедергі келтіріп отырған түрлі себептер бар екендігі айтылып отырады. Солардың ең бастысы – республиканы басқарып отырған кадрлардың қазіргі талапқа сай келмей отырғандығы және өзге республикаларға қарағанда жер аумағының өте кеңдігі, ал өндіріс салаларының өте көптігі дер едім, – деп тағы түйді... Саяси Бюродағы келісім бойынша осы кедергіні де тез арада шешпейінше республика алға жылжи алмайды. Кадр мәселесін кейінірек қарауға тиіспіз, қазір кезектегі және жедел шешетін мәселе – республиканың жер көлемі жайында болып отыр. Жолдас Қонаевпен және облыс басшыларымен пікір алысқанбыз. Бұл пікірімізді олар негізінен қолдады. Жұмабек Ахметович, енді сіздің пікіріңізді білгім келіп шақырып отырмын» – деді.

Ж.А. Тәшенов Қазақстан жерінде ядролық жарылыстар жасауға да қарсылық білдірді. Ж.А. Тәшенов «орыстанған» мемлекеттік органдарға қазақ мамандарын жұмысқа тұрғызған, оның арқасында Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы Ленин сыйлығын алған. Бұл кейін шығарманың басқа тілдерге аударылуына себеп болды. XX ғасырдың 30-50 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған ақын, жазушыларды ақтауға үлес қосқан. Соның арқасында Сәкен

Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровтің аты ақталған. Одан бөлек, Жұмабек ұлттық мәдениетті қолдап, қазақ тіліндегі бірнеше республикалық газетті жабылудан құтқарып қалған. Мемлекеттік қызметкерлерге салынған пәтерлерді зиялы қауым өкілдеріне, соның ішінде халық жауы атанған, ақын Мағжан Жұмабаевтың отбасына берген [8].

Жұмекеңнің өмірін зерттеп, оның тарихи тұлғасын келер ұрпаққа жеткізу жолында тер төгіп жүрген азаматтар аз емес. Солардың арасынан тарихшы-ғалымдар Кәрішал Асан Атаның «Шынжырдағы жолбарыс», Сейітқали Дүйсен мен Қанат Еңсеновтің «Жұмабек Тәшенов» зерттеу кітаптарын және «Жұмабек Тәшенов туралы естеліктер» жинағын айрықша атауға болады. Бұл еңбектерде Жұмекеңді жақсы білетін, істері мен әрекеттерін өз көздерімен көрген әріптестері, жолдастары және сол кездегі жас достары академиктер С.Қирабаевтың, Х.Арыстанбековтің, жазушы С.Адамбековтің, профессорлар С.Кенжебаевтың, Ғ.Сағымбаевтың, генерал С.Нұрмағанбетовтің, т.б. естеліктері және бір топ журналистің танымдық, тағылымдық мақалалары келтірілген. Осының бәрімен таныссаңыз, Ж.Тәшеновтің қазақ мемлекетінің тұтастығын сақтау жолындағы күресінен басқа қазақ қоғамын өркендету мен ұлттың рухын көтеру, абыройын асқақтату жолындағы айрықша еңбегі мен жанкешті қызметіне куә боласыз.

Жұмабек Ахметұлы Тәшенов 1975 жылы мемлекеттік істен кеткеннен кейін Қаракөл шаруашылығы институтының директорының орынбасары, Ғылыми-техникалық ақпарат институтының басшысы болды. 1986 жылғы 18 қарашада саясаткер дүниеден өтті.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Арыстанбеков Х. Елім, жерім деп өмір сүрген нар тұлға // Жұмабек Тәшенов туралы естеліктер. – Алматы: «Білім», 2005. – 145 б.
- 2 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 752 б.
- 3 Ерімбетов М. Осы жұрт Мырзашөлді біле ме екен? // «Қазақ үні» 4 наурыз, 2010.
- 4 Салықбай Ә. Тәшенов Хрущев үшін неге ұялды? // <https://alashainasy.kz/>.
- 5 Жауперова А. Қазақстан жері үшін Хрущевқа қарсы тұрған Жұмабек Тәшенов // <https://masa.media/kz>.
- 6 Дүйсен С., Еңсепов Қ. Жұмабек Тәшенов. – Алматы. «Литера – М» 2012. – 138 б.
- 7 Бақытұлы А. Бұл қазақ Тәшеновті неге ұмытты? // <http://thenews.kz/>.
- 8 Елеусізов М. Ұмытылмас кездесулер. Жұмабек Тәшенов туралы естеліктер. – Алматы: «Білім», 2005. – 33-35 б.

ҒТАМР 17.01.45

ЗЕЙНОЛЛА СӘНІК ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Ж. Кокбас

*Аға оқытушы, магистр, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті,
Петропавл қ.*

А. Тоқанова

Студент, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл қ.

Мақалада көрнекті жазушы, этнограф, фольклоршы, қазақ әдебиетіне, тарихына зор үлесін қосып, ерен еңбегін сіңірген дәнекер тұлға Зейнолла Мүбәрәкұлы Сәніктің шығармалары қысқаша форматта қарастырылады. Өзге мемлекетте жүрсе де, сол заманның қиыншылығына қарамастан қазақ әдебиетіне үлесін қосудан тынбаған жазушының шығармашылығы мектепте оқытылуының тиімділігі жайлы қарастырылған. Мақаланың негізгі мазмұнын Зейнолла Сәніктің бізге жеткен шығармалары, олардың пайдасы, мәні мен мазмұны құрайды. Шетелде қазақ әдебиеті, тарихы жайында көптеген мәліметтерді жинастырып, қағаз бетіне түсіріп, сол үшін қудаланып, кейіннен ақталған ақынымыз жайлы бірі білсе, бірі білмес. Мақалада айтылмыш ақынның шығармашылығы, еңбек жолы, әр шығармасының тиімділігі қарастырылған.

Түйін сөздер: әдебиет пен тарих, Басбай, Қабанбай, Әсет ақын, Тұғырыл хан, тиімділігі, пайдасы.

Еліміз көптен күткен Тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін, қазіргі таңда шетелдегі қазақ әдебиеті мен тарихын жинақтау басталды. Осы үдерістің арқасында әдебиетімізге көптеген еңбегін сіңіріп, осы уақытқа дейін ашылмаған тың деректерді айта білген ақын-жазушылармыздың еңбегі мен өмір жолы мәлім бола бастады. Дәл осылай шетелде жүріп, қазақ әдебиеті мен этнографиясына, тарихына көптеген баға жетпес еңбегін сіңірген ақын, фольклоршы, жазушы Зейнолла Мүбәрәкұлы Сәнік. Зейнолла Сәнік еліміздің шығысындағы Қытай Халық Республикасының Тарбағатай өңірінде, Шағантағай ауданында 1935 жылы дүниеге келген. Бар өмірін халқының тарихы мен төл әдебиетіне арнаған. Алғашқы еңбек жолын Үрімжідегі «Жастар баспасында» редактор болып бастаған. Бала кезінен қазақтың төл әдебиетіне қызығып, шығармаларды оқып, машықтанған. Кейінірек оқығандарын қағаз бетіне түсіріп, тың деректерді жинап, көптеген кітаптар басып шығара бастады.

Осының салдарынан халық жауы деген айып тағылып, біраз жыл қудалауда жүреді. Қазақ тарихы мен төл әдебиетін зерттеп, өз үлесін қосқандығы үшін өмірінде талай азап шегеді. Кейіннен тағылған жала үстінен алынып, аты ақталады. Соншалықты қудалауға түсетіндей қандай шығармаларға қалам тартты деген сауал барлығымызда болуы заңдылық. Оларға тоқтала кетсек: Балаларға арналған ертегі, әңгімелерден бастап, «Басбай», «Сергелдең» сынды романдары, «Қара Керей Қабанбай, Хан батыр Қабанбай», «Тұғырыл хан», «Демежан Кешубайұлы» сияқты тарихи эсселері жарыққа шыққан. Қарап отырсақ шығармаларының атауларының өзі қазақ тарихында болған алып тұлғаларымыз жайлы. Өзге мемлекет тұрмақ, өз елімізде де зиялыларымызды қудалағанда, шетелде мұндай шығарма жазып жатқан адамды текке қалдырмасы ақиқат.

Зейнолла Сәніктің қалам тартқан шығармаларының өзіндік ерекше мазмұны мен мәні, тың дерегі бар. Қазақ әдебиетіндегі бірде-бір шығармаға ұқсамайтын, алайда тәрбиелік мәні зор Зейнолла Сәніктің туындыларын неге мектеп оқушыларына оқытып, тәрбиелемеске? Өз заманында тыныш өмір сүрудің орнына, ұлтына деген махаббаттың арқасында көптеген мәліметтер жинастырып, еңбектер жазып, сол үшін қудаланып жатса да, бастаған ісін тастамаған жазушының еңбегіне тиісті бағасын бермеуді әділетсіздік деп түсінемін. Дей тұрғанмен жазушының әр шығармасының оқырманға берер өзіндік пайдасы мен жанашылдығы, тәрбиелік мәні көп. Әр шығармасына жеке-жеке тоқталып, кеңінен қарастырғанымыз дұрысырақ.

Жазушының бізге жеткен белгілі екі романы бар. Соның бірі «Басбай» романы. «Басбай» романы тарихта болған Басбай Бапиұлы жайлы. Зейнолла Сәнік сол Басбай деген кісінің атымен аталған ауылда туып өскендіктен, тарих қазынасын бұрмаламай, шығарма жазуға талпынған. Басбай романын жазуы жайлы ақынның жары Шәмшабану өз естеліктерінен келесі деректерді келтірген. *«Материал жинағанына 10 жылдай кетті десек, жазғанына 3 жылдай уақыт кетті деуге болады»* – деп, жазушының біраз еңбек еткендігін еске алады [1, 180 б.]. Біздің елімізде қолдан істелген ашаршылық секілді Қытайда да саяси төңкерістер көп болған. Сондай төңкерістің бірі ХХ ғасырдың бас шенінде болған «мәдениет төңкерісі». Осы тұста өзі қарапайым шаруадан шықса да, үздіксіз еңбегінің арқасында бай да, қуатты, халқы құрмейттетін, бір ауылды асырап отырған Басбай үкіметтің көзіне түсіп, қудалауға ұшырайды. Біздің жерімізде болған бай адамдарды тәркілеу процессі сияқты. Шығармада кейіпкердің жомарттығы, шыдамдылығы суреттеле келе, өмірден озғаннан кейінгі әйелінің көрген тауқыметі жайлы баяндалған. Сол заманның қиын-қыспағына қарамастан ерінің отауының отын сөндірмеуге тырысып, соңына дейін күрескен Күйкентай, Жас апа образдары әйел затының мықтылығын әдебиетімізде тағы бір дәлелдей түсті. Әрине әйел заты жайлы бізге берілген көптеген шығармалар бар, бірақ сол заманғы біз біліп келген ақындарымызда кейбір шындықты жазуға мүмкіншілігі болмаса, берілген романда кеңінен сол заманның тарихи көрінісі етек жайған. Басбайдың үй-ішінен көмегін аямай өз өмірін, отбасын қауіп қатерге тігіп, тамақ пен су тасып берген Бәдентай

анамыздың да образы керемет ашылған. Көркем шығарманы оқыту барысында қазақ жеріне жер аударылып келген Алжир лагерлеріндегі адамдарға қазақтардың құрт лақтырып бергендігін осы тұста байланыстыра оқытсақ, оқушылардың сана-сезіміне сол замандағы тарихтың қиян-кескі жағдайы елестеп, жадына түйіп, түсінетін болады. Қаншама қиындық көрсе де, елі мен ауылына барынша көмектесіп, мерт болған Басбай кейіпкер арқылы басқа да шығармалардан белгілі қазақтың алыптарын байланыстырып оқыту арқылы көркем шығарманы да, тарихты да оқушы бойына сіңіре аламыз.

Әдебиет пен тарих тығыз байланысты пән. Екеуі де оқушыға фактілер мен, көркемдік жүйені тарту етеді. Тарихтың шындығын көркем әдебиетте тереңдете оқып түсінеді. Көркем шығарманы оқуға оқушыны баулыған кезде, жетекші ретінде көптеген ресурстарды пайдаланып, оқушы түсіну үшін жағдай жасалады. Жоғарыда айталған шығарманы да мектеп қабырғасында байланыстыра, өрбіте, спираль әдісі арқылы күрделендіре оқытсақ, бір оқпен екі қоянды атқандай болар едік.

«Суреткердің өнері өмірімен, яки өз басынан кешкен ғұмыр тіршілігімен тығыз байланысты. Ол өмірде нені жете таныса, өнері арқылы жұртқа соны танытады», – деп, жазушы әрі академик Зейнолла Қабдолов айтып кеткендей [2, 97 б.]. Зейнолла Сәнік өз шығармаларында көзбен көрген, яки нақты деректер жиналған шығармаларға ғана қалам тартқан. Жазушы өз қиялынан көркем шығарма жазса, сюжетінің қай арнаға бұратыны өз еркінде. Жазушы тарихи роман жазатын болса, жеті рет өлшеп, бір ақ рет кеседі. Тарихи роман жазу әдебиетімізде өте күрделі процесс болып табылады. Тарихтың шындығын бұрмаламай дәл суреттеу, асқан шеберлік пен батылдықтың белгісі. Зейнолла Сәніктің «Сергелдең» романы өзінің туысқан бауырлары, өмірдің ирелең жолымен керей арасында пана тапқан: Әлкембай, Төлеубай, Бәшке туралы. Романның желісі он екі, он үш жасар жетім қалған Әлкембай мен Төлеубайды өзіне қамқорлыққа алып, құл етіп жұмсағысы келген туыс ағаларының артынша Бәшкеге жала жауып, үшеуінің елден қашып кетуі жайлы. Бір ай жүріп барамыз деген жеріне жылдаса да жете алмастығын білген үшеуі, жолай кездескеннің малын бағып, көрместің күнін бастарынан өткереді. Ішерге ас, киерге киімдері жоқ үш кейіпкер де қиын жағдайды сабырмен бастарынан өткереді. Жауын-шашынның астында қалып, бірін жылан шағып, әке-шешенің жылуын көрмей, ерте есейген екі баламен ересек Бәшкенің бастарынан тағдырдың тауқыметі арылмастай болады. Соңынан әрқайсысы өмірден өз орынын тауып, Төлеубайдың қалың көші Тарбағатай тауынан асып, қазақ жері Семей өңіріне келіп, ұлтының ұлан-ғайыр жеріндегі тарихын көзімен байқап, ойымен шолып тұрғандығымен тәмәмдалады. Байқағандарыңыздай роман тарихи шындыққа жазылып, әр кейіпкер өмірде болған екен. Сол заманның тарихи шындығын бұрмаламай, ешкімнен айбат шекпей жаза білудің өзі ерлік емес пе? Профессор Ш. Елеукенов романға мынадай пікір айтады: *«Мен романды оқи сала қаламға қол тартқанымның себебі, осы шығарманың дәл бүгінгі біздің тәуелсіз қазақ елінің алға беттеген көш жолы үшін айтарлықтай қасиеті бар екеніне көз жеткізгенімнен»* [3, 12 б.]. Сол заман жайлы тарихи туындылар болмағанда

біздің ата-бабаларымыздың қандай күй кешкендігінде біле алмас едік. Өткенін білмегеннің болашағынан үміт жоқ демекші, еліміздің әр азаматы тарихымызды біліп, патриот болуы керек. Болашақ патриот азаматтарды тәрбиелеу, білім ұясынан, қазынасы мол кітаптан бастау алары хақиқат. Зейнолла Сәнік шығармашылығында тарихтың шынайы беттері, көркем тілдің әсемділігі, тілге жеңіл сөздер, қызықты сюжет т.б барлығы бар. Оқушыларға аталмыш ақынның шығармашылығын оқыту арқылы тарихпен байланыстырып, білімдерін жетілдіре түсер едік. Бала өзінің рухани қазынасы, жан азығын табар еді. Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға – деп, хәкім Абай атамыз айтпақшы алған білімнің еш зияны болмайды. Тарихынан да, көркем әдебиетінен де хабары бар оқушы, болашақта құзыретті азамат болары сөзсіз.

Қазақ халқының үш жүзінің басын қосқан, жас кезінде сабалақ атанып, кейіннен Абылай атанған қазақтың шоқтығы биік ханы – Дарабозым, деп ерекше елден бөлек құрмет етіп, сыйлаған батыры: Қаракерей Қабанбай жайлы Зейнолла Сәнік тарихи эссе жазған. Жоғарыда айтқанымыздай Зейнолла Сәнік тарихи романдарға, эсселерге көп қалам тартқан. Бұның ең басты себебі келер ұрпақтың тарихын біліп, тарих сахнасындағы болған оқиғалардан жаңылыспасын дегендігі. «Қаракерей Қабанбай, Хан батыр Қабанбай» – деп, аталатын тарихи эссесін жазуға себеп болған көптеген мәселелер бар. Оның ең бастыларын айта кеткен жөн. Тарихи эссенің жазылуына түрткі болған 1985 жылы Шыңжаңда қызмет атқарып жүрген Зейнолла Сәнікке сол кезде жетпіс бес жастағы қарт Бейсенғали Садықанұлының жазған хаты болады. Хатында: *«Менің бұл жөнінде сонау 30-40 жылдарда-ақ жинастырғаным бар еді, оны Кәрібай және Маусымбай деген ақындар Көктұма сиясында Сүлейменнен алған екен. Сол Сүлейменнен алған материалы бойынша Маусымбай шежіре мен ақын Кәрібай Таңатарұлы өз кезінде Қабанбайды қазақ сахарасында кеңінен жырлаған. Жинап-құрастырушылар Құсайын Жанұзақұлы, Әлімқажы Әбдіғалиұлы болатын, сонан 1947 жылы Нұржанұлы екеуміз көшіріп, реттеген болатынбыз. Сонымен бірге кезінде Қаби қазының, Қалиасқар молданың пікірі бойынша толықтаған едік. Қабанбайдың балалық дәуіріндегі деректерді дәртуыл Бітімбай ақынның өз аузынан жазып алғанмын. Ал Шаған шайқасы, Қубас ат туралы деректі 1931 жылы Маусымбай шежіренің аузынан естігем, сол естігенім бойынша Қубас атты қалпын бұзбай, қиссаға айналдырдым, әрі Бұланбайдың шөбере келіні Ақбикеден ұғып, толғандым»,* – дейді. [4, 113 б.]. Қараңызшы бір тарихи еңбек жазудың өзінде қаншама еңбек жатыр? Оның барлығы келешек ұрпақтың ата-бабаларын ұмытпауы үшін жасалған ақынның ерен еңбегі еді.

Қабанбай батыр тарихи эссесінде батырдың шайқаста көрсеткен ерліктері, бала Ерасылдан бастап Дарабозға дейінгі батырдың өмірі шынайы да көркем формада суреттелген. Тарихи эсседе батырдың тек қана ерлігі мен жорықтары ғана емес, сонымен қатар ақылы тереңде жатқан ұлы саясаткер ретіндегі қыры да бейнеленеді. Бала кезінен ерік-жігерге қаны толы болған батыр, кішкентайынан ағасының кегін қайтарамын деп қалмақтың батыры Өржежылғырды өлтіріп, өз еліне ренжіп, әпкесі мен жездесінің елінде жүріп-ақ

атағының шыққандығы шығармада керемет баяндалады. Көптеген жорықтарда ерлігімен танылған батырдың өзіндік саясаты, жорықтарының жоспары, керек жерде шешен де, би де болғандығы жайлы деректер жазылады. Өмірінің соңына дейін аттан түспеген батырдың қазақ елінің тәуелсіздік жолында атқарған баға жетпес әр еңбегі бүге-шүгесіне дейін жазылған еңбектерді оқып, дәріптеу бізге міндет. Әр оқушыны тәрбиелеу барысында ең алдымен тәртіпке, содан соң патриоттылыққа, адамгершілікке, адалдық пен кішіпейілдікке баулып алған соң ғана білімге үйрететініміз шындық. Ал аталған қасиеттердің барлығы көркем шығарманың түпсіз терең тұңғиығында. Көркем шығарманы байланыстырып көрнекілікпен, қызықтырып оқыту арқылы оқушының бойына қазақтың төл тәрбиесін сіңіреміз. Қазақи тәрбиені көріп, ұят болады дегенді естіп өскен баланың руханияты қазынаға толы болады. Сол қасиеттердің ішіндегі батырлық, қайсарлық, патриоттылық, сабырлық т.б көптеген қасиеттерді болашақ азаматтарға аталмыш кітаптан үйрете аламыз. Балада қызығушылықты аша білу мұғалімнің құзыреттілігі. Мұғалім баланы көркем шығармаға баули алу арқылы көптеген нәрсені ұтары сөзсіз. Қазынаға толы алтын сандықтың кілті кітаптың ішінде емес пе? Әр шығарманың өзіндік алар рөлімен берер тәрбиесі бар. Зейнолла Сәніктің қалам тартқан Қаракерей Қабанбай тарихи эссесін өскелең ұрпаққа оқытпауымыз қиянат. Зейнолла Сәніктің «Қаракерей Қабанбай, Хан батыр Қабанбай» тарихи эссесі мен Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» романын байланыстыра, салыстыра оқыту өте тиімді болмақ. Оқушылар екі кемеңгер қаламгердің шығармашылығын оқып, салыстырып, талдау арқылы тарих шындығына өз көзқарастары пайда болады. Оқушыларды осы сынды тәсілдер арқылы көптеген ғылыми жобалар, мақақалалар әлеміне қадам басуға тәрбиелеуге болар еді. Сол себепті де Зейнолла Сәнік шығармашылығын мектеп программасына қосу тиімді болып табылады.

Жоғарыда атап айтқанымыздай Зейнолла Сәнікұлы жазушы, этнограф болған адам. Ұлтының этнографиясын жинақтап, ықшамды түрде саралай отырып, оны тарихи шындыққа негіздеп, қағаз бетіне түсірген жазушы. Сол себептен де қаламгердің тарихи шындыққа бағытталған еңбектері жетерлік. Солардың бірі тарихта болған, халқы деп қабырғасы қайысқан «Демежан Кешубайұлына» арнаған тарихи эссесі. Демежан Кешубайұлы өзі қарапайым отбасынан шықса да оқып, білім алып, шағын қызметте адал нанын тауып жүреді. Күннен-күнге патшалық биліктің халқына көрсетіп жатқан қиянатына, халқының айта беретін шағымына көз жұмып қарамайды. Сүрінгенге сүйеу болып, құлағанды тұрғызып, демеп жүрген ел жанашыры ол заманда билік басындағыларға ұнамағаны сөзсіз. Дәл сондай іші тар Мәтеннің Демежанның үстінен тасыған өтірік, қоспа әңгімелері, жапқан жаласының арқасында Демежандай халық қамқоршысы дүниеден өтеді. Елін, халқын сүюдің осыншалықты берік болатындығын, отанына деген махаббаттың алыптығын дәлелдеген Демежан сияқты бір туар азаматтардың барлығы сол заманда биліктің күшімен көз жұмды. Өз жерімізде Кеңес Одағының қудалауына ұшыраған қазақ зиялыларымыз қаншама. Берілген шығарма осы сынды

қазақтардың қудалануы тек біздің елде ғана емес, шығысымыздағы сонау Тарбағатайда да қазақ халқының тыныш өмір сүре алмағандығының дәлелі. Ақынның бұл шығармасын қазақ әдебиетіміздің көрнекті өкілі Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» романымен байланыстыра, сабақтастыра оқытуға да болады. Сонда оқушы бір ғана ақынның шығармашылығын емес, екі ақынның да шығармашылығын жіті білетін болады. Екі романда бір адам жайлы жазылғандықтан айырмашылық көп емес. Туындылар бір-бірімен егіз сияқты рөлде ойнағандықтан, оқушы шығармаларды оқу барысында мүлдем қиналмайды. Мектеп қабырғасындағы орта буынға Зейнолла Сәнік шығармашылығын оқыту арқылы тарихтың шыншыл көрінісін, қазақи тәрбие мен салт-дәстүрін, шешендік қасиетін арттыра алар едік. Сөз болып отырған әр шығарма тарихпен тығыз байланысты. Шығармаларды оқып, білу арқылы ертең оқушының тарих, қазақ тілі, әдебиет, география сынды пәндерден қиыншылығы туындамайды. Себебі бір көркем шығарманың өзінде қаншама оқушыға керекті мәліметтер бар. Зейнолла Сәнік шығармашылығын мектеп қабырғасында оқыту арқылы, оқушының құзыреттілігін дамыта аламыз.

Зейнолла Сәніктің жоғарыда аталған шығармашылығы өткен ғасырымыздың көрінісі болса, ендігі сөз етілетін шығармасы сонау қазақ тарихының қойнауындағы жарты әлемді жаулаған Шыңғысхан жайлы еңбегі «Тұғырыл хан» тарихи эссесі. Тұғырыл хан XII-XIII ғасырларда Керей мемлекетінің ұлы билеушісі болған Оң хан. Есүгей баһадүрдің қолдауымен жас кезінде билікті қолына алып, кейін Есүгейдің жақсылығын оның ұлы Шыңғысханға қайтарады. Екеуі анда баласы мен әкесі болып, Шыңғысханның алып империя құруына үлкен септігін тигізеді. Бөрте сұлуды Шыңғысханның жаулары алып қашқанда, анда әкесі көмекке келіп, сұлуды анда баласына қайтарады. Бөрте сұлудың сол кезде аяғы ауыр болып, жолда туылған баланы ырымдап Жолшы, яғни, Жошы деп атайды. Кейінірек бұл бала ханның сүйікті ұлына айналады. Әдебиетімізде Жошы ханның өлімін Шыңғысханға естірткен «ақсақ құлан» күйіде бар. Алып империяны құрған ұлы саясаткер Шыңғысхан өзінің анда әкесін өлтіріп, керейіт пен найман мемлекеттерін басып алып, мықты императорға айналады. Әдеби көркем шығарма болғанымен, өзінің тарихи шынайылығын жоймаған. Тарихты зерттеушілер Шыңғысхан жайлы жазылған алғашқы шығармалардың бірі болған осы туындыға жоғары баға берген. Тарих сабағында саяси стратегия тарихи фактілермен күрделі айтылса, көркем шығармалар сол фактілердің үстінен тағы іздестіре түсіп, оқырманға түсінікті, қарапайым, жатық тілмен жазылған. Тарихи эсседе Шыңғысханның өз жолында қандай асқан саясаткер адам болғандығы, жаман да жақсы қасиеттері кезектесе, сол замандағы ата-бабаларымыздың өмірі тереңінен баяндалады. Ол кезде қазақ халқының атауы тайпалар және рулар болып аталған. Шығарманың бізге берер үлкен пайдасы, сол кездегі бұлыңғыр болған тарих сахнасын айдан-анық етіп көрсетуі. Мысалы Шыңғысханның жанына жинаған нояндары қазақ ру тайпасынан шыққан батырлар екендігі дәлелденді. Кітапта Кетбұға, Сыпыра сынды жырулардың да аты аталып, сол замандағы ата-бабаларымыздың өмірін паш етеді. Шығармада көптеген қазақ халқының

тәрбиелік мәні бар нақыл сөздері, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы баяндалады. Оқушыларға аталмыш тарихи эссені оқыту арқылы тарих ақиқатын жеңіл түсіндіре аламыз. Қазіргі жаңа білім беру үрдісінде спиральды әдісті ұсынады. Яғни жеңілден қиынға бірнеше пәнді байланыстыра оқыту. Жаңадан білім беру прогаммасына шетел университеттерінен STEM біріктірілген оқу бағдарламасы еніп жатыр. Оның мәні бірнеше пәндерді қосып, жеңіл түрде оқыту. Сөз етіп отырған тарихи эссеміз, жоғарыда келтірілген технологиялардың критерийлеріне сәйкес келіп тұр. Яғни біз тарихты да, көркем әдебиетті де, географиялық жағдайды да бір мезетте оқушыға үйрете аламыз. Әрқайсысы жеке пән емес біріктіріліп байланыстырылып қарастырылғандықтан, бала мұнда ақпараттарды жақсы қабылдайтын болады. Зейнолла Сәнік шығармашылығын мектепте оқытудың тиімді тұстары көп.

Зейнолла Сәнік тек қана тарихи эсселерге ғана емес, сонымен қатар, қазағымыздың бас ақыны Абай Құнанбайұлы жайлы шығармаларға да қалам тартқан. Зейнолла Сәнік Абай атамыздың ұлы ақын болғаныдығын, өзі ұсынып қарастырған көптеген еңбектерінде, айтыстарында байқатады. Абай Құнанбайұлының жарияланған шығармаларын, Қытай жеріндегі қазақ ауылдарына арнап басылатын газеттерге жиі-жиі басып шығартып отырған. Осының өзі ұлы хакім Абай атамыздың еңбегі тек еліміздің аумағында шектеліп қалмай, өзге елдегі қазақ балаларына оқуға мүмкіндік берген Зейнолла Сәніктің ерен еңбегі болып табылады. Біз білмейтін Қытай жеріндегі қазақтың өмірі жайлы тың деректермен бөлісіп, орны бөлек шығармаларға қалам тартқан ақынның қазақ халқына сіңірген еңбегі қаншама. Зейнолла Сәніктің «Ақын сыры» [5, 100 б.] өлеңінде қазақ халқының біраз зиялы қауымын ұлы ақынын сөзге тиек етеді.

*Ахмет, Абай, Әсет, Міржақыптар.
Жетпейді оған жисаң мың баланы...
Бәрін де Абай сөзі басып түсер*

Бір парша шеттен алып қырғанағы, – деп, қазақ халқының жанашырларының еңбегін жоғары бағалайды. Шет мемлекетте жүрседе еліміздің төл әдебиетімен жіті таныс болып, зерттеп, өзінің үлесін қосқан ақынымыздың қай шығармасын алып қарасақта, астарында үлкен мән жатыр. Зейнолла Сәніктің шығармашылығында бұрын-соңды сөз болмаған тың мәліметтер молынан кездеседі. Бұл – ақынның әдебиет жолында атқарған үлкен еңбегі. Ондай еңбекті жаңғыртып отыру біздің қолымызда.

Қазақ әдебиетінің алып әлемінен өз орнын таба білген, алтын қорымызға көптеген бағалы еңбектерін қосқан Зейнолла Сәнік шығармашылығының мәні мен орны бөлек. Ақынымыздың еңбектерін жаңғыртып, тың деректерін мектеп қабырғасында оқытудың тиімділігін жоғарыда айтып өттік. Ойымызды тұжырымдай келе, ақынның әр еңбегін бағалап, оқып, дәріптеудің пайдасы орасан зор дегім келеді. Болашақта тарихы мен тағлымынан сауатты болар азаматтардың тәрбиесі мен білімі мектеп ұясында басталмақ. Сол ұяда Зейнолла Сәнік сынды қаламгерлердің тың деректері бар шығармаларын

оқытқанымыз дұрыс. Қазақ елінің болашағы қазақи тәлім-тәрбие алған білімді жастардың қолында. Өскелең ұрпақтың тәрбиесі біздің қолымызда. Еліміздің болашағы үшін, патриот азаматтарды тәрбиелеу біздің міндет. Білім мектеп қабырғасында басталады, оқытылатын әр еңбек құнды, бағасы жоқ болашаққа салып жатқан инвестициямыз болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Хамзақызы Ш. Басбай романы қалай жазылады? Екі томдық шығармалары жинағы. 2-том. – Алматы: Ан Арыс, 2017. – 244 б.
- 2 Қабдолов З. Арна. Зерттеу, сын, эссе. – Алматы: Жазшы, 1988. – 255 б.
- 3 Сәнік З. Сөз-ғұмыр. – Алматы: Runa, 2017. – 300 б.
- 4 Сәнік З. Көптомдық шығармалар жинағы. 4-том. – Алматы: Ан Арыс, 2017.
- 5 Сәнік З. Көп томдық шығармалар жинағы. 13-том. – Алматы: Ан Арыс, 2017.

ҒТАМР 16.31.02

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМ МАҒЫНАЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МЕНТАЛИТЕТ РӨЛІ

С.К. Ережепова

Ф.ғ.к, аға оқытушы, Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ, Өскемен қ.

Б.С. Жаксылыкова

Аға оқытушы, Д. Серікбаев атындағы ШҚТУ, Өскемен қ.

Бұл мақалада қазақ және орыс тілдеріндегі фразеологиялық теңеулер салыстырыла қарастырылып, халықтың менталитеті, ұлттық психологиясы барынша зерделенеді. Авторлар фразеологиялық теңеулерін жүйелеп, талдау жүргізіп, баяндау арқылы осы ерекшеліктерін анықтайды. Орыс және қазақ тілдерінің фразеологиялық салыстыруларын тақырыптық топтастыру кезінде екі тілдің атауларының пайда болу жиілігі мен арақатынасындағы айырмашылықтар анықталады, олар салыстыру бейнесі ретінде әрекет етеді. Фразеологизмдер, жалпы тілдердегі тұрақты тіркес атауларының бәрі аударма практикасы үшін де, теориясы үшін де ең қиын, күрделі проблеманың бірі. Сондықтан қазақ не болмаса орыс тілінің фразеологизмдерге келгенде, оқытушы сөйлем ішінен фразеологиялық бірліктерді ажырата білуі өте маңызды және сөйлемде кездесетін фразеологизмдердің ұлттық-мәдени бояуларын ажырата алуы қажет.

Түйін сөздер: ұлт мәдениеті, фразеологизм, мәдени өмір, білім, халық, салт-дәстүрлер.

Қазақ және орыс ұлттарының мәдени өмірінің бір көрінісі – фразеологизмдер. Сонымен қатар фразеологизмдер – халық өмірінің айнасы, сол айнада ұлт менталитетінің көрінісі тұтастай қамтылады десек, асыра айтпағандық болар.

Фразеология саласын тіл білімінің жеке саласы ретінде қалыптастыруда, оның нысандарын, тілдегі орны мен табиғатын зерттеу әдістерін анықтауда, маңызды теориялық тұжырымдар жасауда көптеген отандық және шетелдік ғалым-фразеологтардың еңбектері ерекше орын алады. Н.И.Амосова, А.В.Кунин, И.И.Чернышева, В.Флейшер, М.М.Копыленко, І.Кенесбаев, А.Т.Қайдар, А.Д. Райхштейн, С.Е.Исабеков, С.К.Сатенова, З.Қ.Ахметжанова, Д.Добровольский, М.Сабитова, К.К.Дүйсекова т.б. атақты ғалымдардың жалпы

және салғастырмалы фразеология мәселелеріне арнап жазған құнды-құнды еңбектері жарық көрді.

Жалпы алғанда, фразеологизм дегеніміз – мағынасы бір тұтас, құрамын өзгертуге, басқа сөзбен алмастыруға болмайтын, бір сөздің орнына ғана жұмсалатын тіркес. Тілдегі жеке сөздер грамматиканың қарамағына еніп, белгілі морфологиялық тұлғаларды қабылдап, өзара бір-бірімен тиісті грамматикалық байланысқа түсіп, сөз тіркестерден тұрады. Тілдің тарихи даму процесінде бірқатар сөздер белгілі морфологиялық тұлғада біріте-бірте қалыптасып, белгілі бір мағынада қолданылатын тұрақты сөз тіркестеріне айналады. Қабырғамен кеңес, жігері құм болды, қой ауызнан шөп алмайтын, деген сөз тіркестері ойла, ойлағаны болмады, момын деген ұғымдарда қолданылып тұр. Бұл тіркестегі сөздердің жеке мағыналары мен тіркес күйіндегі беретін мағыналары бір-біріне сәйкеспейді және бұл тіркестегі сөздерді синтаксистік ара-қатынастарын ажыратып талдауға келмейді. Біртұтас тілдік тіркес ретінде қалыптасқындығын дәлелдеу қиын. Сөйтіп, бір ұғымда қолданылатын, сөйлем мүшелеріне ажыратуға келмейтін, грамматикалық мағыналарын өзгертіп, тіркестегі орындарын алмастынуға болмайтын тарихи қалыптасқан тұрақты сөз тіркестерін фразеология дейді.

Әр ұлттың мәдени ағымындағы тілдік құбылыстар тамырланып қалыптасуы үшін оның көптеген алғы шарттары мен салалары болу керек.

Фразеологизмдердің мәдени ақпар көздерінің түсініктері қандай мәдени негізде пайда болып, жасалынады деген сауалдарға мынадай ғылыми жорамалды ұсынар едік. Қазақ халқының ең маңызды мәдени ұлттық ерекшеліктерінің бірі – жан-жақты қамтылған дәстүрлі мәдениет үлгілеріндегі дағдылы ұлттық рәсімдері. Халық ұғымында мұндай ұлттық рәсімдер түрлерінің әбден сақталып қалғандығы ғана бүгіндері ұлт төл құжатындай көрінеді және өзге ұлттардан бөлек мәдени айырмашылықтарын айқындайды.

Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілігі суретті сақталған. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктеріне ең алдымен тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады, себебі бұл тілдік бірліктер белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады.

Қандай да бір тіл болмасын оның фразеологиялық қоры ұлт мәдениетін, менталитетін, ұлттық психологиясын барынша қамтиды. Қазақ және орыс тілдерінің фразеологиялық теңеулерін жүйелеп, талдау жүргізіп, баяндау арқылы осы ерекшеліктерін анықтауға деген қызығушылық тудырады.

Ғасырдан ғасырға ұласып, ұрпақтан ұрпаққа мирас болып, көне заманнан келе жатса да байырғы бедерін жоғалтпай, сонылығын сақтаған алуан айшықты, терең мазмұнды тұрақты тіркестер ана тіліміздің асыл қазынасы іспетті. Тіліміздегі фразеологизмдердің мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл қыр-сыры жан-жақты сақталып суреттеледі. Халықтың күн-көріс, тұрмыс-тіршілігі негізінде өрбіген түсінік пайымдаулары,

соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар тілдік қолданыстағы тұрақты тіркестерден көрініс табады. Сондықтан, фразеологизмдер халқымыздың ұлттық менталдық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі болып табылады. Әр ұлт тіліндегі фразеологизмдердің тұтас жиынтығы сол ұлт тіліне тән өзіндік сөз орамдары арқылы оның бүкіл заттық, рухани мәдени өмірінен хабардар етеді.

Бейнелі сөз орамдарының түп-төркініне үңіліп, неге бұлай айтылғандығына зер салу тек қана қызықтау емес. Мұндай ізденіс тұрақты тіркес мазмұнын терең түсініп, оларды орынды, дәл, дұрыс қолдануға негіз болады, сондай-ақ септігін тигізеді.

Әдетте фразеологиялық мағынаның пайда болуына дәстүрлі тіршілік пен мәдени өмірдің әсері мол. Образға негізделген көрініс тіл арқылы жарыққа шыққанда, ондағы ұлттық қабылдау, қазақи дүниетаным, ойлау ерекшеліктері бірден аңғарылады. Фразеологизмдердің туындауына тірек болатын нәрсе – адамдардың күнделікті тіршілігіндегі көріп жүрген дүниедегі заттар, айналасындағы құбылыстар мен көріністер, түрлі жағымды-жағымсыз т.б. әрекеттердің ықпалы.

Ата-бабаларымыздың өмірден алған білімі, ой-тұжырымы, тәлімтәрбиесінен хабар беретін тұрақты тіркестердің ана тіліміздің байлығын тануда алатын орны ерекше. Әсіресе, халықтың салт-дәстүрлер жүйесі қалыптастырған фразеологизмдер ұлттық жан-күй үйлесімінен едәуір хабардар етеді. Оларды фразеологизмдердің мазмұнына қарай, бірнеше түрге бөліп қарастыруға болады.

Мысалы:

1. Халықтың киім кию дағдысына қарай тілде қалған атаулар мен анықтамалар бойынша жасалған фразеологизмдер.
2. Наным-сенім негізінде туындаған фразеологизмдер.
3. Жаугершілік заманнан сақталған фразеологизмдер.

Орыс және қазақ тілдерінің фразеологиялық салыстыруларын тақырыптық топтастыру кезінде екі тілдің атауларының пайда болу жиілігі мен арақатынасындағы айырмашылықтар анықталды, олар салыстыру бейнесі ретінде әрекет етеді. Фразеологиялық салыстырулардың ұлттық белгісі олардың семантикалық ерекшеліктерінде айқын көрінеді, өйткені кез келген халықтың бүкіл мәдени-психологиялық күрделі кешені оның ерекше ойлау тәсілін жалпылайды. Бұл әр түрдің әртүрлі бейнелерге сүйенетіндігімен, жалпы мағынасы бар, бірақ негізінен әр тілде өзіндік бояуы бар екендігімен анықталады. Фразеологиялық салыстырулардың ұлттық-мәдени мәні олардың құрамындағы ұлттық-мәдени элементті білдіреді. Ұлттық-мәдени элементке әр халыққа ғана тән бейнелер жатады. Егер тек белгілі бір тілде кездесетін тілдік бейнелер басқа тілдерде қайталанбаса, олар әрқашан ұлттық болып табылады. Фразеологиялық салыстырулардағы жеке көріністер тек осы тілге тән ерекшеліктермен сипатталды және ұлттық талғаммен көрініс тапты.

Орыс тілінде «Сколько волка не корми – он все в лес смотрит», осы тіркес қазақ тілінде «Қасқырды қанша бақсаң да, орманға қарап ұлиды». Тағы да:

«Бөрінің аузы жесе де қан, жемесе де қан» (Съел волк или нет, а пасть у него всегда в крови), «Қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін ұрады» (Волка бьют не за то, что он сер, а за то, что он вор), осы тіркес арқылы ұқсастықтарын байқай аламыз, қасқыр сөзі ашкөздік, қызғаншақтық деген мағынаны білдіреді.

Келесі мысалдарға назар аударсақ:

1. Асыра сілтеу деген тіркестің мағынасы: «Делать из мухи слона» – «Түймедейді түйедей етіп».

2. Қажеттілікті сипаттайтын: «На безрыбье и рак – рыба» – «Балық жоқта бақа да балық».

3. Пайданы ойлау: «Лучше синица в руках, чем журавль в небе» – «Аспандағы сұңқардан қолындағы тұрымтай артық» (Кобчик в руках лучше сокола в небе), «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» (Лучше живая мышь, чем мертвый лев), «Таңдағы тауықтан сол күнгі жұмыртқа артық» (Лучше яйцо сегодня, чем курица завтра).

4. Адамдардың қарым қатынасын сипаттайтын: «Жить как кошка с собакой» – «ит пен мысықтай тұру».

Нәтижесінде олардың мағынасын әртүрлі дереккөздердің, сөздіктер, анықтамалықтар, интернет көмегімен анықтауға болады. Осы дереккөздерге сүйене отырып, фразеологиялық бірліктер адам өмірінің және оның айналасындағы барлық нәрселердің тікелей көрінісі болып саналады деген қорытынды жасауға болады.

Егер біз орыс және қазақ фразеологизмдерін салыстыратын болсақ, онда олардың ортақ белгілері бар екенін байқаймыз. Біріншіден, синонимдік қатарларға оңай енеді. Мысалы, кот наплакал, в час по чайной ложке «мало»; тертый калач (в значении «опытный человек») – стреляный воробей; таяк тастам жер «близко» – бие сауым жерде. Екіншіден, олар сөздермен және өзара антонимиялық қатынастарға түседі, салыстырайық: за тридевять земель – в двух шагах, непочатый край (в значении «много») – раз-два обчелся (в значении «мало»), у черта на куличках – рукой подать; жүрек жұтқан – су жүрек, уыздай жас – кәрі қойдың жасындай. Кейбір фразеологиялық бірліктердің екі тілде де баламалары бар: бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс – сам с ноготок, а борода с локоток; соқыр тауыққа бәрі тары – слепой курице везде просо видится.

Бұл жағдайда алмасу процесі прогрессивті құбылыс болып табылады, өйткені ол орыс және қазақ тілдерінің фразеологиялық жүйелерін белсенді түрде байытады. Қарастырылып отырған тілдерде тек мағынасы бойынша сәйкес келетін фразеологиялық бірліктер бар. Мысалы, қазақ тілінде аяқ астынан деген фразеологизм бар (букв. из-под ног), бұл «кенеттен» дегенді білдіреді. Мағынасы бойынша бұл фразеологизм орыс өрнегіне сәйкес келеді – на голову свалиться, ни с того ни с сего [2, с. 12]. Немесе, салыстырайық: түймедейді түйедей ету – делать из мухи слона; тары болса, тауық табылады – был бы хомут, а шея найдется; екі қошқардың мүйізі бір қазанға сыймайды – два медведя в одной берлоге не уживутся; екі кеме құйрығын ұстау – гоняться за двумя зайцами, ақ түйенің қарны жарылды – пир горой. Бұл мысалдарда

фразеологиялық тіркестер сол тілде сөйлейтін адамдардың мәдениетін көрсетеді. Онда халықтың өмір салтын, оның ұлттық психологиясын сипаттайтын барлық нәрсе бейнеленген.

Екі тілде де жануарлардың атаулары бар барлық фразеологиялық бірліктерді мағынасы бойынша бірнеше топқа бөлуге болады:

- үй жануарлары (телячьи нежности, қой аузынан шөп алмайды);
- жабайы жануарлар (волк в овечьей шкуре/ қойға шапқан қасқырдай);
- құстар (как с гуся вода/ тауықтың түсіне тары кіреді);
- балық (как рыба в воде/ сеңге соғылған балықтай);
- жәндіктер (как сонная муха/ шыбын жанын шүберекке түйді).

Физикалық қасиеттері: силен как бык/өзім дегенде өгіздей күшім бар);

Сыртқы түрі: черный как ворон/ қарға баласын аппағым дейді т.б.

Психикалық қасиеттер (мінез-құлық белгілері): упрямый как осёл (қырсық), уперся как баран/ қойдан жуас.

Жануарларды бақылай отырып, адамдар оларға ашкөздік (қасқыр), айлакерлік (түлкі), қорқақтық (қоян) және т.б. сияқты адами қасиеттерді жатқыза бастады. «Момын», «момақан» мағынасы қазақ тілінде «қой» – «қой аузына шөп алмас», орыс тілінде «қозы» – «смирный, кроткий как ягненок» зооморфизмдерде көрінеді. Орыс тілінде тіркестер «қой» компонентімен «ақымақ, нашар» мағынасында жиі қолданылады: «Қақ баран на новые ворота смотрит», «С паршивой овцы хоть шерсти клок».

Қазақ менталитетінде: «Қойың болмаса, байлықта ойың болмасын» (овец не держать – богатства не видать), «Қойың көп болса, тойың көп болады» (много овец – много застолий), «Қой жүрген жер – береке, қыз жүрген жер – мереке» (овцы приносят богатство, девушки – веселье), кейбіреулер адамды сипаттауға қатысты да айтылады: «Қой аузынан шөп алмас» (у овцы травинку не отнимет) – жуас, момын адам. «Қой ішіндегі марқа» деген ерекше, басқалардан өзгеше дегенді білдіреді.

Қандай тілде болмасын фразеологиялық единицалар астарлы, образды мағынада қолданылады. Олардың қай-қайсысында да мәнерлеп, бейнелеп айту қызметі күшті. Яғни фразеологизмдердің көпшілігі айрықша образды, экспрессивті қызмет атқарады.

Салыстырмалы фразеологияны сөз еткенде маңызды мәселелердің бірі – фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аудару мәселесі. Бұл аса қажет, әрі барынша қиын мәселе.

Қорытындылай келгенде, «Фразеологизмдерді әр жазушының өз қажетіне байланысты жаңғыртып қолдануы, оның ой-пікіріне, эстетикалық талғамына, қоғамдық өміріне, философиялық көзқарасына сәйкес келеді». Фразеологизмдер көркем шығармада образ жасауда, кейіпкерге мінездеме беруде, белгілі бір оқиғаны қорытындылауда, т.б жұмсалады. Олар – тілдің сөздік қорының айшықты да, мәнерлі де бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелілік, әсерлілік, экспрессивті-эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге түседі. Осындай көркем де алуан түрлі фразеологизмдерді халық орынды пайдаланып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді.

Тілімізде қарама-қарсы мәнді фразеологизмдер салыстыру мақсатында ғана емес, мәтіндегі астарлы ойды жеткізетін және стильдік қызметі де ерекше көрініп тұратын тіркестер болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Ғазылхан А. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы, 1993. – 125 б.
- 2 Хазимова Ә. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени деректері. // Түркітану мәселелері: бүгінгі мен болашағы. – Алматы, 2001. – 209 б.
- 3 Әбілқасымов Б. Телқоңыр: Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклор. – Алматы, 1993. – 176 б.
- 4 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 194 б.
- 5 Ахметжанов Қ. Қазақы шапан // Ана тілі. № 10. 1994. – 12 б.
- 6 Уәлиұлы Н. Кейбір этнографизмдердің лексика-семантикалық аясы. – Ұлт тағылымы. – 2000. № 1.

ҒТАМР 16.31.02

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМДАР

А. Арыстанғалиқызы

Магистрант, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.

М.К. Амангазиева

*Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Атырау қ.*

Қазақ тілінде алғаш жарық көрген басылымдар Ресей патшалығының отаршылдығымен тығыз байланысты. Әрине, бұл басылымдар қайткен күнде де қазақ халқының қамын ойлап, оның әлеуметтік-шаруашылық және мәдени-ағарту тілектерін ескергендіктен шығарылған жоқ, қайта патша үкіметінің отарлау саясатын күшейте түсу, оның бұйрық-жарлықтары жергілікті халықтың санасын оятып, мол рухани байлыққа ие болуларына елеулі түрде әсер етті. Десе де, қазақ зиялылары өз кезегінде қарап қалмай, қазақ халқын ағарту мақсатында қазақ тілді басылымдарды көбейтіп, онда елеулі мәселелерді қозғап отырды.

Түйін сөздер: баспасөз, газет-журнал, «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Айқап», «Серке».

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ елін, жерін патшалы Ресейдің толықтай жаулап алуына байланысты Қазақстанның Ташкент, Орынбор, Омбы, Орал, Астрахан сияқты кейбір ірі қалаларда патша үкіметі жергілікті әкімшілік орындарының жеке ресми органдары ретінде жергілікті ұлт тіліндегі алғашқы газеттер шыға бастады. Әрине, бұл басылымдар қайткен күнде де қазақ халқының қамын ойлап, оның әлеуметтік-шаруашылық және мәдени-ағарту тілектерін ескергендіктен шығарылған жоқ, қайта патша үкіметінің отарлау саясатын күшейте түсу, оның бұйрық-жарлықтары жергілікті халықтың санасын оятып, мол рухани байлыққа ие болуларына елеулі түрде әсер етті. XX ғасырдың басына қарай Қазақстанда ұлттық қазақ зиялыларының қалыптасу үрдісі жүріп жатты, олардың бір бөлігі еуропалық білім алғандар еді. Олар Шығыстың ұлттық қозғалысының ғана емес, сонымен қатар Батыстың буржуазиялық революцияларының да ықпалын, патша режиміне оппозициялық пиғылдағы өз отандастарының үдей түскен қысымын бастан кешірді. 1905-1907 жылдардағы революциядан кейін Ресейдегі мұсылмандардың, соның ішінде түрік халықтарының қозғалысы жаңа қарқын алды. Мерзімді баспасөздің пайда

болуы мен дамуына капитализмнің, тауар-ақша қатынастарының, көлікпен байланыстың дамуы да, үлкені одан әрі отарлау да себепші болды. Туып келе жатқан ұлттық буржуазияның үстемдік етуші орыс буржуазиясымен бәсекесі, шетел капиталының енуі білім беру, баспасөз және байланыс жүйесі реформасының қажеттігін туғызды. 1905 жылы Ресейде баспасөз бостандығы жолындағы күрес жеңіске жетті. Орыс тарихында революциялық газеттер тұңғыш рет өзін еркін сезіне бастады. 1900 жылға қарай Ресейдегі баспасөз жүйесі 1002 аталымнан тұрса, ал 1905 жылдың өзінде-ақ 1350 газет пен журнал шықты, пошта арқылы 372 миллион дана газет таратылды. 1908 жылы 2028 мерзімді басылым шықты, ал оқырмандардың жалпы саны 30-35 миллионға жетті. Әсіресе газеттер саны өсті. Мәселен, 1891 жылы күнделікті газеттер саны 70 болатын, 1912 жылы олардың саны 417-ге, ал 1913 жылға қарай 649-ға дейін өсті, 1915 жылы газеттердің тағы да 200-ге жуық жаңа аталымы шықты. Мерзімді басылымдардың жартысы Мәскеу мен Петербургте шыққанын атап көрсеткен жөн.

Қазақ тіліндегі мерзімді баспасөздің алғашқы басылымдары «Түркістан уалаятының газетін» (1870-1882 ж.), «Дала уалаятының газетін» (1888-1902 ж.) отаршылдық үкмет органдары құрды. Біріншісі Ташкентте шығып тұрды және Түркістан генерал-губернаторлығының ресми органы болды, ал екіншісін Омбыда Дала генерал-губернаторлығы шығарды (1902 жылдан кейін олар Ақмола және Жетісу облыстарының «Ведомостарына» қосымша ретінде шығарылды). Өкімет орындарының өкімі бойынша бұл басылымдар отарлық басып алуды нығайту және Шығыстағы бодандарды рухани жағынан бағындыру мақсатымен шығарылды. Отаршылдық әкімшілдік мұнда патша жарлықтарын, үкімет ұйымдарының өкімдерін басшы, отарлық шет аймақтарды игеру үрдісін жазды, бұратаналарға көзқарас жөнінде «өркениеттілік миссияны» жүзеге асырған империялық саясаттың мәнін түсіндірді. Сондай-ақ бұл басылымдар ақпараттық-анықтамалық сипатта болды. Сонымен қатар газет ұйымдарына империяның қамқорлығындағы өлкенің тұрмыс салтын насихаттау миссиясы жүктелді. Осы мақсатпен ресми емес бөлімде түркі халықтарының тарихы, этнографиясы мен әдебиеті жөніндегі материалдар жарияланды. Бұл газеттердің беттерінде А.С.Пушкиннің, Л.Н.Толстойдың, И.А.Крыловтың, М.Ю.Лермонтовтың, Г.И.Успенскийдің туындылары, ғылым мен техника саласындағы жетістіктер туралы ақпарат аударылып басылды, өлкені шаруашылық жағынан игеру тәжірибесі қорытылды. Қазақ халқының тарихы жөніндегі, мақалдар мен мәтелдер туралы, халықтың ауызша шығармашылығы, айтыстар туралы жарияланымдар қазақ оқырмандарының зор ынта-ықыласын туғызды. «Жергілікті» халық арасында бұл газеттер беделінің өсуіне шығыс әдебиеті классиктері шығармаларының үлгілерін («Шахнама», «Фархат-Шырын», «Мың бір түн» және тағы басқа) жариялау жәрдемдесті. «Түркістан уалаяты газеті» беттерінде 1870 жылы бірінші рет қазақ тілінде Ш.Уалиханов туралы мақала жарияланды. Орыс оқырмандары Ы.Алтынсариннің туындылармен бірінші рет танысты. М.Ж.Көпеев, Ш.Құдайбердиев, Ә.Бөкейхан, О.Әлжанов, С.Шорманов, М.Жанайдаров, Б.Сыртанов, Ж.Ақбаев,

Ж.Айманов, А.Айтбакин және басқалар «Дала уәлаятының газетінің» белсенді авторлары болды. Көріп отырғанымыздай, қазақ даласы ағартушыларының жаңа ұрпағы өздерінің шығармашылық ізденістерінің басында өзінше бір тыңдалудан өткен. Алайда отаршылдық өкімет орындарының бұл ресми басылымдарын қазақ халқының рухани тәлімгерлері, оны оқу-ағартудың тірегі болды деп санау орасан әсірелеп айтқандық болар еді. Олар негізінен империяның отаршылдық саясатын жүргізушілер болды. «Түркістан уәлаяты газетінің» 323 нөмірінде жарияланған 633 мақаланың үштен бір бөлігі Ресей көрші мемлекеттермен қатынастарына, империялық сыртқы саясатты айтса да жеткілікті.

Ресми емес қазақ мерзімді баспасөзінің қалыптасуы ХХ ғасырдың басындағы жалпы азаттық қозғалыспен тығыз байланысты. Ол 1905-1907 жылдардағы революцияның арқасында ғана туды. Алайда бұл басылымдар дүниеге едәуір қиындықпен келді. 1907 жылғы 28 наурызда ІІ Мемлекеттік Думаның депутаты Шаймерден (Шахмардан) Қасшығұловтың бастамасымен «Улфат» газетінде қосымша ретінде «Серке» газетінің бірінші нөмірі шықты. Ш.Қасшығұловтың айтуынша, небәрі 3-4 нөмірі шығарылған. Цензура оны қауыпты деп тауып, газет жабылып қалған.

1907 жылғы наурызда Троицкіде «Қазақ» газетінің бірінші нөмірі шықты. (Ш.Қасшығұловтың айтуынша) Тыйым салынған екінші нөміріндегі «Біздің мақсаттарымыз» деген бас мақаланың авторы М.Дулатов еді. Нақ сол жылы қазақ жастарының Томск қаласында «Дала» газетін шығаруды жалға қоймақ болған әрекетті де табысқа жеткізбеді. Қазақ қоғамы демократияшыл жұртшылығының ұлттық баспасөз ұйымын құру жөніндегі ынтасы күшейе берді. 1911 жылғы 16 наурызда Орал (Теке) қаласында қазақ және орыс тілдерінде шағын көлемде «Қазақстан» газеті шықты. 1911-1913 жылдарда (Қаңтар-ақпан) небәрі 16 нөмірі шығарылды. Газет «кәсіпкерлік пен ғылымға үйрету» ізгі мақсат деп санады. Профессор Ү.Субханбердинаның пайымдауынша, газет прогресшіл-демократияшыл түсінікте болып, отандастарын орыстың озық мәдениетін меңгеруге шақырған. Ол оқырмандарына кітап шығару жаңалықтары туралы хабарлар беріп отырды. Оның беттерінде Гурьев уезінде жаңа мұнай кенішінің ашылғаны туралы хабар бірінші болып жарияланды. 1913 жылы қыркүйектен желтоқсанға дейін Петропавлда «Ешім даласы» газеті шығып тұрды. Алайда таралымы шектеулі бұл газеттер орасан үлкен аймақтың түрлі топтарының өскелең талап тілегін қанағаттандыра алмады. Жалпы ұлттық көлемде мерзімді баспасөз құру бұрынғысынша жалпы ұлттық проблема болып қала берді. Ұзақ уақыт күш-жігер жұмсап, аянбай еңбектенуінің арқасында М.Сералин 1910 жылдың аяғында журнал шығаруға рұқсат алды. «Қостанай уезінің Шұбар болысын №5 ауылының қазағы М.Сералинге, – делінген құжатта, – қаласында бойынша: бас мақалалар, шетелдік хабарлар, мұсылмандар өмірінің мәселелері, хроника, фельетондар мен өлеңдер, библиография және ғылыми мақалалар, аралас дүниелер және редакцияға хаттар бағдарламасымен ай сайынғы «Айқап» журналын шығаруға рұқсат берілді». Прогресшіл демократияшыл зиялылардың

сан жылдар бойы аңсаған арманы орындалды: 1911 жылғы 10 қаңтарда Троицкіде қазақ халқының тарихындағы тұңғыш «Айқап» ұлттық журналының бірінші нөмірі шықты. Нақ соның, ал кейініректе 1913 жылғы 2 ақпанда Орынбор қаласында шыққан «Қазақ» газетінің де тағдырына жалпыұлттық басылымдар болу жазылған еді. Ұйымдастырушы және баспагер, идеялық басшысы және редакторы М.Сералин (1872-1929 ж.) бұрын педагогтік және журналистік қызметпен айналысқан, сол кезге қарай белгілі ақын, әдебиетшіл, қоғам қайраткері болған. Кеңестік тарихнаманың дегені жүріп тұрған кезеңде көптеген зерттеушілер идеологияға жағынып, М.Сералинді ХХ ғасырдың басында Оңтүстік Оралдың революцияшыл социал-демократтарының шеңберіне кіргізуге тырысты. Мұның бәрі «Айқап» журналының кеңес өкіметі контрреволюциялық ұлтшыл деп айыптаған «Қазақ» гзетіне қарсы қою мақсатымен жасалған еді. М.Сералиннің өз айтуына қарағанда, журнал «еңбекші таптың органы болған жоқ. Халықтық болған ол белгілі бір таптық, саяси және экономикалық бағдар ұстанбады».

«Айқап» журналы 1911 жылғы қаңтардан 1915 жылғы қыркүйекке дейін әуелгіде айына бір рет, ал сонан соң екі рет шығып тұрды. Барлығы 88 нөмірі шықты, таралымы 1000 данаға дейін жетті.

«Оқиғалар» айдарынан көрініп отырғандай жер-жерден Ташкент, Верный, Шымкент, Әулиеата, Орал, Қостанай, Торғай, Ақтөбе, Маңғыстау, Бөкей ордасы, Омбы, Қапал, Семей, Аягөз және басқа жерлерден хабарлар түсіп тұрған.

М.Сералиннің сіңірген атап өте келіп, зерттеушілер ол «Қазақстанда демократиялық бағыттағы ұлттық журнал шығаруды бірінші болып жолға қойды. «Айқап» журналы білім әлеміне ашылған бір терезе болды» деп атап көрсетеді. М.Дулатов «Оян» деп қазаққа дабыл қаққаннан кейін М.Сералиннің демократияшыл зиялыларды, либерал-революциялық ниеттегі студент жастарды іс жүзінде топтастырып, олардың назары мен жігерін жалпыұлттық проблемаларды шешуге шоғырландыра білгенін айту керек. «Айқап» өкіметінің реакциясынан кейін қазақ қоғамын оятты, «Қазақ» газеті оның жақсы дәстүрлерін жалғастырып жаңа биікке көтерілді.

ХХ ғасырда жоғарыда аталған М.Сералинмен қатар, Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин, С.Торайғыров журналдың рухани жетекшілеріне айналды. «Айқап» төңірегіне әртекті қазақ демократияшыл зиялыларының, талантты студент жастардың өкілдері топтасты. Журналға А.Ғалымов, М.Жолдыбаев, Т.Жомартбаев, М.Кашимов, Қ.Кемеңгеров, М.Ж.Көпеев, А.Мұсағалиев, Б.Сыртанов, С.Ланин, Н.Манаев және басқалар белсене қатысып тұрды. Журнал беделінің өсуіне бастапқы кезеңде оның жұмысына А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың қатысуы себепші болды. Дала өлкесінің демократияшыл қалың жұртшылығы кейіннен қазақ мәдениетінің, әдебиетінің аса көрнекті қайраткерлеріне айналған дарынды тұлғалар: С.Сейфуллин, Ш.Құдайбердиев, Б.Майлин, С.Дөнентаев, С.Торайғыров, М. Жұмабаевтардың шығармашылығымен танысуға мүмкіндік алды. Журнал беттеріне қырғыз И.Арабаев, ноғай С.Ғаббасов, түркімен Ш.Назари және басқалар көрінді. Қазақ

әйелдері Сақыпжамал Тілеубайқызы, Мариям Сейдалина, Гүлайым Өтегенқызы, Нәзипа Құлжанова журнал беттерінде әйелдердің тең құқықтығы, қазақ әйелдерін азат ету, балалар мен аналарды қорғау проблемасын көтерді.

«Айқап» журналы ағарту ісі мен мәдениеттің жаршысы болды. М.Сералин «біздің ғасырымыз – ғылымның ғасыры» деп санады. Ол Ш.Морджанидың, Ы.Алтынсариннің ізбасары болды. М.Сералин жәдидшілдіктің, жаңа әдіспен дауыстап оқытудың атасы И.Гаспринскийді өзінің ұстазы және тәлімгері деп білді. М.Сералин қазақ ағартушылары жас буынының жарқын өкілі болды, халық ағарту мен қазақтардың тұтас ұрпағын тәрбиелеу саласында да өте көп іс тындырды. Сонымен бірге М.Сералин «Айқап» беттерінде мұсылмандардың қасиетті кітабының мазмұнын ыңғайлы, түсінікті нысанда баяндауға тырысқан авторлардың мақалаларын жариялап отырды.

«Қазақ» газеті апталық басылым болып шықты. 1913жылғы ақпаннан 1918 жылғы қаңтарға дейінгі кезең ішіндегі 3000 дана таралыммен 265 нөмірі жарық көрді. «Қазақ» газетінің редакторы Орынборда айдауда жүрген кезінде сол кезге қарай ағартушылық қозғалыстың танымал көшбасшысы болған, аса көрнекті ақын, көсемсөзші, түркі тілінің маманы, М.Дулатовтың анықтауынша, «Қазақ әдеби тілінің мектебін жасаушы», бірақ ең алдымен – ой өрісі аса кең және ұлт дамуының жолдарын көре білген жалынды қоғам қайраткері А.Байтұрсынов болды. 1914 жылғы 19 мамырда Баспасөз істері жөніндегі бас басқарманың кеңсесі М.Дулатовқа «Қазақ» газетінің екінші жауапты редакторы міндетін атқаруға рұқсат етті. Құлшынған қызба қанды, әсте ымырасыз, жалынды көсемсөзші, топ көрсе қыранша түлейтін ақын М.Дулатов өзінің ерлік және қайғылы тағдырмен көп жағынан ХІХ ғасырдағы М.Өтемісовты еске салатын. «Қазақ» газеті 1918 жылы (№261-265) Жанұзақ Жәнібековтың редакциялауымен шықты.

XX ғасырдың басындағы демократияшыл қазақ зиялыларының бүкіл азаттық қозғалысы сияқты, бұл газеттің де жетекші бағытын белгілеуде қазақ халқының бостандығы жолындағы аса көрнекті күрескер, саясатшы, экономист, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, апатистик-социолог, көсемсөзші, энциклопедиялық тұрғыдағы ғұлама Ә.Бөкейханов зор рөл атқарды. XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының көрнекті өкілдерін негізінен үш мәселе ойландырды: жер мәселесі, оқу-ағарту ісі, қазақ еліндегі басқару жүйесі. Өйткені «жаңа ғасыр табалдырығын қазақ халқы жерінен айырылып, мемлекеттік қалпын жоғалтып, дауыл алдындағы тымырсықтай түнеріп аттады». Сондықтан да Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Сералин, Ш.Қаспығұлов тағы басқа қазақтың біртуар азаматтары сөз болып отырған жылдары халықтың ой-санасын оятуда ұлттық баспасөздің атқаратын рөлінің зор екендігін түсініп, ұлт баспасөзі, ұлт әдебиеті мен тілі үшін жан аямай күресті. Біртұтас болып біріккен ғажайып үштік – А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ә.Бөкейхан қалың қазақ елінің мүддесін білдіріп, оның шамшырағы болған ғасырдың ұлттық газетін құра білді. Олар «Қазақ» газетінің төңірегіне қазақ демократиялық зиялыларының бүкіл бетке ұстарларын, соның ішінде

Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, Ғ. Қаранов, С.Торайғыров, Ж. Аймауытов, Б.Майлин, Ж.Ақбаев, Х.Досмұхамедов, С.Дөнентаев, М.Шоқай, М.Тынышбаев және басқа да көптеген адамдар сияқты көрнекті қайраткерлерді топтастыра алды. Дегенмен де, негізгі идеялық– теориялық салмақты А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ә.Бөкейхан көтерді. Зерттеуші К.Атабаевтың деректері көрсетіп отырғандай, «Қазақ» газетінің беттерінде жарияланған, бүгінгі күні қолда бар және «Қазақ» басылымы жинағында келтірілген материалдардың жартысынан астамын солар жазған. Тек Әлихан Бөкейханның өзі «Қазақ» үшін екі жүздей мақала жазыпты. Газетті оның негізін қалаушылар «Қазақ» деп атады. Халықтың өз атын қалпына келтіріп, олар сол арқылы отаршылар тарапынан бұратаналарға менсінбей қарауға қарсы наразылық білдірді, қазақта арасына ұлтжандылық мақтаныш және бірлік идеясын таратты.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразайұлы Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – А., 1996.
- 2 Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж. Алты алаштың ардақтылары. 1-кітап. – А., 1994.
- 3 Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзі тарихының очерктері. – А., 1981.
- 4 Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – А., 1996.

ҒТАМР 03.20

РЕЦЕНЗЕНТ ЖАНҰЗАҚ ҚАСЫМБАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Ж.Ә. Зулхарнаина

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Жанұзақ Қасымбаевтың белсене араласуымен жүзеге асырылған ғылыми және қоғамдық маңызы бар тарихи еңбектерді көпшілікке таныстыру ниетімен мерзімді баспасөз беттерінде резенциялар жариялауға бағытталған ағартушылық қызметін сөз ететін боламыз. Профессор Ж.Қ. Қасымбаевтың сол кезеңдегі зерттеулері Қазақстан тарихының методологиялық мәселелеріне және әртүрлі салалы тарихи кезеңдерге мән берілгені көрсетіледі.

Түйін сөздер: Жақып Ақбаев, Ыбырай Алтынсарин, тарих, Алашорда, Тарих толқыныда, қарым-қатынас, мұражай құжаттары, әкімшілік, патшалық, әміршілдік.

Ж.Қасымбаевтың белсене атсалысуымен қоғамда атқарылған жұмыстар өте көп. Ұстаз әрі ғалым атағын алған Ж.Қасымбаевтың осы саладағы қызметі өзінің әріптестері мен замандастары тарапынан да лайықты жоғары бағасын алды.

Осы мақалада біз Жанұзақ Қасымбаевтың белсене араласуымен жүзеге асырылған ғылыми және қоғамдық маңызы бар жұмыстарын бірнеше салаға бөліп қаратыратын боламыз:

– Маңызды тарихи еңбектерді көпшілікке таныстыру ниетімен мерзімді баспасөз беттерінде резенциялар жариялауға бағытталған ағартушылық қызметі;

– Отан тарихын халық арасында кеңінен насихаттау үшін газет беттеріне басылған мақалалары;

– Ғалымның педагог әрі ұстаз ретінде жоғары оқу орындары студенттерінің тарихи санасын қалыптастыру мақсатында атқарған әдістемелік жұмыстары.

Ж. Қасымбаевтың ғылыми және қоғамдық қызметінің бір саласы болып саналатын, тарихи еңбектерді ғылыми көпшілікке және оқырман қауымға кеңінен таныстыру үшін газет, журнал беттеріне тұрақты түрде баспасөзден өткен резенциялары жарияланып отырған. Соның бірнешеуіне тоқталып өтсек. Ж.Қасымбаевтың алғашқы резенцияларының бірі «Кітап сөресінде» атты айдар бойынша «Ұстаз мұрасы» деген тақырыппен «Социалистік Қазақстан»

газетінде жарық көріп, онда Ы.Алтынсариннің шығармаларының алғашқы томына талдау жасаған. Мақалада: «Жалпы алғанда, қазақтың көрнекті ағартушы-педагогі Ы.Алтынсариннің шығармалар жинағының бірінші томын құрастыруда редакция алқасының нәтижелі еңбек сіңіргені көрініп тұр. «Ғылым» баспасы Ы.Алтынсариннің академиялық шығармалар жинағының келесі томдарын да осындай мұқияттылықпен шығаруын қалар едік», – деген ұсыныс білдіреді.

Қазақстан Республикасының алғашқы президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Тарих толқынында» атты іргелі еңбегі жайында жазылған Ж.Қасымбаевтың мақаласын ұсынсақ, бұл мақала бірнеше бөлімнен тұрады. Онда автор Н.Ә.Назарбаевтың еңбегінің мазмұнына терең талдау жасайды. Рецензенттің пікірінше, Елбасының аталған кітабын статистикалық жинақ ретінде біржақты түсінуге болмайды. Онда Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынас мәселелері жөніндегі кеңейтілген сандық ақпараттар кездеспейді. Оның орнына көпшілікке түсінікті тілде жазылған, ел ішіндегі жағдайды қабылдауға көмектесетін толыққанды деректер мол. Сонымен қатар, бұл еңбекті фактологиялық материалдан тұратын терең тарихи зерттеу деп емес, ұлттық мемлекетіміздің дамуының негізгі кезеңдерін сипаттайтын тарихи және философиялық мазмұнымен байытылған еңбек деп түсіну керек деп санайды Ж.Қасымбаев.

Жанұзақ Қасымбаев рецензияларының басты ерекшелігі – автор ең алдымен өзіне замандас тарихшы-ғалымдардың баспалардан жанадан басылып шыққан ғылыми еңбектерін қалың оқырман қауымға таныстыруды мақсат етіп, негізінен сол кітаптардың мазмұнына баса назар аударып отырған. Сондай-ақ, қазақ халқының тарихына қатысты еңбектердегі көзге ұрып тұрған кемшіліктерді де жасырып қалмаған.

Ж.Қасымбаев өзінің «Қазақстан коммунисті» журналында жарық көрген «Қазақстан тарихының библиографиясы» атты мақаласында атап өткеніндей, Қазақстан тарихының күрделі мәселелері туралы жүздеген ғылыми монографиялық еңбектер, зерттеулер, мақалалар бар. Алайда, оларды әр түрлі баспалардан шыққан жинақтардан, кітаптардан бірден іздеп табу оңай жұмыс емес. Сондықтан да библиографиялық бағытта жинақтар немесе көрсеткіштер шығарудың ғылыми-тәжірибелік маңызы зор. Орыс тілінде шыққан бірнеше библиографиялық көрсеткіштер бар. Ал қазақ тілінде мұндай көрсеткіштер мұнан бұрын шыққан емес еді.

Осы орайда, зерттеуші республиканың А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханасы қазақ тілінде дайындаған көрсеткішін Қазақстанның көне ғасырлардан бергі бай тарихын, оның экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени дамуының күрделі проблемаларын зерттеуге көмектесетін құнды жинақ деп бағалайды.

«Қазақстан тарихы, көптеген монографияларда немесе жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда атап көрсетілгендей, әр түрлі кезеңдерге немесе дәуірлерге бөлінген. Қарастырылып отырған библиографиялық көрсеткіш осы кезеңдерге орай белгілі бір жүйемен құрастырылған. Қазақстан тарихының кезеңдері жөнінде жарияланған еңбектер негізгі сегіз бөлімде

алфавиттік жүйемен топтастырылған. Бұрынғы жарық көрген библиографиялық жинақтарда мұрағат және археология, топонимика, нумизматика, эпиграфика және басқа да тарих ғылымының кейбір құрамдас бөліктері жкнінде ірі еңбектер мен мақалалар толық жинақталмаған еді. Ал тарих ғылымының бұл аталған салалары бойынша көрсетілген еңбектердің, әсіресе қазақ тілінде жазылған шығармалардың зерттеушілер үшін маңызы өте зор», – дей келіп, рецензия авторы Ж.Қасымбаев, сонымен бірге, аталған библиографиялық көрсеткіште жеке кемшіліктер де байқалатынын атап көрсетеді. Ең бірінші – революцияға дейінгі Қазақстан туралы әдебиеттер толық жинақталды деп айтуға болмайды. Журналдарда, газеттерде жарияланған кейбір сын мақалалар еңбей қалған. Жарыққа шыққан кітаптар туралы қоғамдық пікір тудыратын сын мақалаларды қалдырмай толық кіргізу қажет еді. Қазақстанның Қазан төңкерісіне дейінгі тарихы жөнінде орыс тілінде шыққан кейбір монографиялық зерттеулер келтірілгені, әрине, дұрыс. Алайда, орыс тіліндегі көптеген көлемді, ғылыми жағынан өте құнды еңбектер қалып қойғанын атып көрсетеді автор.

Белгілі ғалым М.Құлмұхаммедтің 1996 жылы жарық көрген «Алаш ардагері Жақып Ақбаев» атты зерттеу еңбегіне тарихшы Ж.Қасымбаев «Егемен Қазақстан» газетіне басылып шыққан «Жақыптануға қосылған сүбелі еңбек» атты рецензиясын жасайды. Зерттеу авторының Ж.Ақбаевтың заңгерлік қызметінің қазақ өміріндегі сол кездегі құқықтық проблемаларымен біртұтас және сонымен бірге кейіпкерінің даралық сипаттарын ұштастыра талдай білуін Ж.Қасымбаев еңбектің басты құндылықтарының бірі деп біледі. «Ж.Ақбаевтың адвокаттық қызметке жай ғана заңгер формалист ретінде қарамай, заңның бастапқы себебін табуға, нақты тәртіп бұзушыларды, сонымен қатар, құқық бұзушылық субъектілері басшылыққа алған жеке дәлелдерді анықтауға ұмтылғанына, жазған құжаттарын (шағымдарды, өтініштерді және т.б.) зерттей отырып, Ж.Ақбаевтың патша заңдарын, оның ішінде Дала өлкесін басқаруға қатысты ережелерді терең білгендігіне көз жеткізіп алады да, автор осы таныммен ғылыми талдауға, жеке пікір, тұжырымға көшеді. Автор Ж.Ақбаевтың Алаштың екінші съезінде жарияланған Алаш автономиясының құқықтық негіздерін қалағанын, оның «Алашорданың» құрылымын анықтап, жергілікті басқару органдарын белгілегенін, нақ соның ұсынысымен дүниеге жаңа келген үкімет резиденциясының Ресей шекарасына жақын, қауіпті торапта тұрған Орынбордан алыстағы Семейге көшірілгенін, Ж.Ақбаевтың кеңесімен және қатысуымен ежелгі қазақ жерлерінің: бір бөлігі Астрахань облысымен шектесіп жатқан Бөкей ордасының, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Ферғана және Закаспий облыстарының, Әмудария уезінің, Алтай губерниясының едәуір бөлігінің Алашорда автономиясына енгізілгенін айтпастан бұрын Ж.Ақбаевтың осындай қайраткерлік биікке қалай көтерілгеніне, жоғары дәрежелі заңгер ретінде де, мемлекеттік құқық жөніндегі маман және ғалым ретінде де қалай қалыптасқанына хронологиялық әдіспен, нақты құжаттарды талдау аясында зерделі зерттеу жүргізеді. Сондықтан

авторлық болжам, анықтама ешқандай күдік келтірмейді», – деп жазады Ж.Қасымбаев.

Автор еңбегінің соңында Ж.Ақбаевтың қысқаша өмірбаяны мен оның басты ғылыми еңбектерін, хаттарын дұрыс кіргізгенін, бұл алаш ардагерінің бейнесін аша түсетінін айта келіп, Ж.Қасымбаев еңбектің жақыптануға қосылған сүбелі үлес екендігі сөзсіз деген түйін жасайды.

Ғалым күнделікті мерзімді баспасөзде ғана емес, сонымен бірге ғылыми-әдістемелік басылымдарда да көптеген мақалалар жариялады. Ұстаз-ғалым ретінде Ж.Қасымбаев еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін жастарға жан-жақты білім беру қызметін құқықтық жағынан реттеп, үйлестіріп отыру мақсатында мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңының» жобасы жөніндегі ой-пікірлерін ортаға салып отырған. Бұл мәселе туралы республикалық орталық газетте өзінің арнайы мақаласын да жариялаған. Ж.Қасымбаевты толғандырып, оның көкейінде жүрген мәселенің бірі – Қазақ КСР тарихы оқулығының жағдайы еді. Осыған қоса «Республиканың тәуелсіздігі орныға түскен сайын бұрын жете мән берілмеген мәселелер көзге түсіп, күн тәртібіне қойылды. Мысалы, Ресейдің саясаткерлері, тіпті ғалым-тарихшылары «шекара мәселесін» қозғап жаңсақ пікірлерге жол беріп жүр. Мұның басты себебі – көптеген халықтардың қазақ халқының көне тарихын білмейтіндігі. Бұл, бір жағынан, қазақ тарихының осыған дейін жеке пән ретінде оқытылмағандығының, төл тарихымыздың бұрмаланып келгендігінің нәтижесі. Ендеше, біз осындай өзекті мәселелерден тайсақтап, ештеңені көрмегендей, естімегендей болып жүре бергеннен өмір ағыны өз шындығын көрсетіп, уақыт өз дегенін істейтінін ұмытпайық. Дәл қазіргі уақыт тарихтың қайшылығы мол, тұйыққа тірелген тұстарының, бұрмаланған кезеңдерінің өзекті мәселелеріне нақты жауап беруді күтіп отыр. Тұйықтан шығар жол – ешкіммен айтысып-тартыспай-ақ, төл тарихымыздағы олқылықтардың орнын толтырып, республикамыздағы барлық оқу орындарында «Қазақстан тарихын оқыту мәселесін мейлінше тезірек оң арнаға түсіру керек», – дейді Ж.Қасымбаев.

«Қазақстан тарихын оқытуды өз деңгейіне көтеру үшін не істеу керек?», – деген сауалға Ж.Қасымбаев былайша жауап береді:

«...Жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихынан дәріс беретін оқытушыларды даярлайтын басты жол – аспирантура. Бұрын аспирантураға түсу деген – бейнелеп айтсақ, лаулап жанған оттың үстімен аман-есен секіріп өтіп, дегеніне жетумен бірдей десек болар еді. Бірнеше жыл жоғары оқу орнының оқытушысы ретінде тәжірибе жинақтаған, ғылыми еңбектері бар тіс қаққан педагогтардың ішінен ерекше дайындық көрсете білген тарландар ғана аспирантураны армандай алатын. Аспиранттың 80-100 сомдық стипендиясы ғылымына да, тіпті пәтер ақысына да жететін. Енді аспирантураға түсуге икемді, талапты жастарды көшеден іздеуге тура келетін жағдай тууы мүмкін. Тұрмыс жағдайының ауырлығынан аспирантураны, стажерлық дайындықты, өз бетінмен ізденуді (соискатель) тастап кету үйреншікті құбылысқа айналып барады. Сонда бірнеше жылдардан кейін жоғары оқу орындарында

Отанымыздың тарихынан кім дәріс оқиды, кім мұрағаттарды аралап, қазақ халқының тарихын зерттейді?

Көптеген экономикалық ауыртпалықтан тәлтіректен шығуға талпынған Азияның, Африканың елдерінде ғылымға, білімді дамытуға меценаттық әдіс кең қолданылады, яғни өте ауқатты азаматтар, фирмалар, кооперативтік өндірістер, кіші және жекеленген материалдық игілік орындары – мектептерді, жоғары оқу орындарын қамқорына алып, қолдайды, Қазақ халқында меценаттық мінез ірі сұлтандардың, байлардың, батырлардың, дәстүрлерінде болған. Содан «Бай болсаң, халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң, жауға найзаң тисін», деген ұлағатты сөз қалған.

Міне сол дәстүрді жаңғыртып, ауқатты фирма, басқа бірлестіктер «тарихымызды зерттеуге, мамандар даярлауға қол ұшын берсе, халқының ықыласына бөленбейме ме? Елінің көсегесін көгертпей ме?».

Осы мәселелерге тоқтала келіп, автор бір мақалада Қазақстан тарихын оқытуды ұйымдастырудың егжей-тегжейін анықтап, талдау мүмкін еместігін алға тартады.

Ж.Қасымбаевтың тұжырымы бойынша республикамыздың егемендікке қол жеткеніне бірқатар мерзім өтсе де мемлекетіміздің өткені мен бүгінгі даму жағдайын жоғары оқу орындарында арнайы пән ретінде оқытуды ұйымдастыруда объективті де, субъективті де олқылықтарға көз жұму ағаттық болар еді. Оның ойынша, ерекше мән беретін бір жай – оқу жоспарының іске асырылу ахуалы.

Ж.Қасымбаев Қазақстан тарихын оқытудағы тағы да шешуін күтіп тұрған мәселелердің бірі – оқулық дайындау екенін өте орынды атап көрсетеді. Осы күндерде республика жоғары оқу орындарында жиі оқулық құқында пайдаланып отырған 1993 жылы Ұлттық Академияның «Ғылым» баспасы 100 мыңдық данамен жариялаған жоғары оқу орындарының да педагогтары атсалысқан – «Қазақстан тарихының очерктері».

Қазақстан Республикасының тарихын жоғары оқу орындарындағы оқытудың, әсіресе студенттердің осы бойынша білімге құштарлығына кедергі болып отырған жайт – арнайы бағдарламаның жоқтығы.

Ұстаз-ғалым Ж.Қасымбаев студенттік аудиторияларда, ғылыми-зерттеу лабораторияларында, сонымен бірге үлкен тарихшылардың арасындағы даулы мәселе – бір концептуалдық нүктеге тоқталмай жүрген күрделі, жете зерттелмеген қазақ феодалдық мемлекетінің іргетасы қаланған мерзім туралы талас деп есептейді. Ғалымдар назарынан түспей жүрген осынау басты мәселені, А.П. Чулошников, бастаған осы проблеманы талдауға Ю.П. Юдин, К.А. Пишулина, С.К. Ибрагимов, Т.И. Сұлтанов, Г.Кляшторный, В.Я. Басин, М.Х. Абусейтов, А.И. Исин және т.б. ғалымдар қатысып, өздерінің алуан түрлі қорытындыларын ортаға салды. «Алайда осы кезеңге дейін қазақ мемлекеттігінің бастауы туралы жан-жаққа алып қашпа, бытыраңқы ой-жүйелер осы проблеманы студенттік аудиторияда түсіндіруде де қиыншылықтар тудырады», – дейді Ж.Қасымбаев.

Ж.Қасымбаев қазақ хандығы қалыптасқан заманнан бірінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі кезеңге көз жүгірте отырып, әлі де болса зерттелген мәселелерден гөрі «ақтаңдақтар» көбірек деген түйін түйеді. Оның ойынша, осы жағдайдың Қазақстан тарихын жоғары оқу орындарында оқыту мәселелеріне де тікелей әсер аз емес. «Мәселенің күрделілігі де сонда, шағын данамен жарияланатын жеке монографиялық еңбектер, тіпті құжаттардың жинағы оқырмандарға жете бермейді. Қағаз тапшылығы мен полиграфиялық шикізаттардың құндылығынан тарихи зерттеулер өте шағын данамен жарияланып, бірден сатылып кетеді. Немесе жеке авторлар кітабының жарияланған данасын түгелімен дерлік өздерінің шығармашылығын жақсы білетін туған өлкесіне сатып жібереді. Осы жағдайлар студенттік аудиторияда ана тілінде, яғни қазақ тілінде сабақ өтетін аудиторияларда, әсіресе семинар жұмыстарының сапасын объективті түрде төмендетеді», – деп жазады Ж.Қасымбаев. Ол ұстаз ретінде шет тілдерінде жарық көрген әдебиеттердің біздің оқырмандарға кең танылмауын жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихын оқытудағы тағы бір олқылық деп біледі.

Ойымызды қорыта келе, жоғарыда аталған мәселелерде Қазақстан тарихын жоғары оқу орындарында оқытудың барлық жақтарына талдау жасауға мүмкін болмаса да, Ж.Қасымбаев осы олқылықтарға мән беріп отыруды өзінің ұстаз ретіндегі міндеті санады. Қазақстан тарихы пәнін оқыту ісін қалай жетілдіруге болатыны, білім алушыларға қажетті сапалы оқулықтар мен оқу-әдістемелік өзге де әдебиеттерді қалай көптеп шығарудың жолдары, университет профессор-оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартудың мүмкіндіктері және басқа да өзекті мәселелер жайындағы ой-толғаныстарын үнемі оқу-әдістемелік және мерзімді баспасөз беттерінде ортаға салып отырды.

Ж.Қасымбаевтың осы саладағы бірқатар еңбектері халқымыздың тарихын зерттеу, танып-білу мәселесі жөніндегі ой-тұжырымдарымен бөлісіп отыруға бағытталған. Жанұзақ Қасымбаевтың белсене араласуымен жүзеге асырылған ғылыми және қоғамдық маңызы бар тарихи еңбектерді көпшілікке таныстыру ниетімен мерзімді баспасөз беттерінде резенциялар жариялауы көптеген авторларға және де ізденіс үстінде жүрген оқушылар мен студенттерге өте бір пайдалы әрі түсінікті еңбек болады деп сенеміз.

Қолданылған әдебиеттер

1 Мамырайымов С.Д. Ж.Қ.Қасымбаев тарихшы педогог ғылыми ұйымдастырушы // Методологические и конкретно-исторические проблемы изучения отечественной истории. «Қасымбаевские чтения» материалы. Междунар. науч. прак. конф. – Алматы, 2005. – 186-189 б.

2 Манкеев Н.Б. Ж.Қ. Қасымбаев – ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым. – 15-16 б.

3 Талдыбек Н. Тарлан тарихшы // «Айқын» Республикалық-қоғамдық саяси газет.

4 Бакирова Ж.С. Профессор Ж.Қ. Қасымбаевтың Қазақстан тарихын оқытуда атқарған игі істері. // Сымбат Академиясы.

5 Мамырайымов С. Жасампаз ғалым: Ж.Қасымбаевтың ғылыми-ұйымдастырушылық және қоғамдық жұмыстары туралы // Қазақ тарихы. – 2006. – № 5. – 68-73 б.

6 Мамырайымов С.Д. Жанұзақ Қасымбаевтың жас ұрпаққа тарихи білім беру саласындағы қызметі // Отан тарихы. – 2005. – № 4. – 151-164 б.

7 Мамырайымов С. Жанұзақ Қасымбаев // Қазақ тарихы. – 2009. – № 2. – 23-26 б.

8 Жанақова Н. Т.Ж. Қасымбаев – Семей қаласының тарихын алғаш зерттеген ғалым ҚР ҰҒА хабарлары = Изв. НАН РК. Сер. Общественных и гуманитарных наук. – 2013. – № 1. – 78-80 б.

ҒТАМР 16.21.33

ТІЛДІК САНА ҰҒЫМЫНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ

А.А. АҚЫЛ

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Сана – сан саланың зерттеу нысаны бола алатын категория. «Сана» ұғымын философия, психология, лингвистика ғылымдарында қарастыруға болады. Лингвистикада сана тілдік сана деп аталып, зерттеу нысанына айналды. Әр ғылым саласы бойынша сана ұғымының өзіне тән ерекшеліктері бар.

Түйін сөздер: сана, лингвистика, тілдік сана, тілдік жүйе.

Психология ғылымында «сана» ұғымы «адамдардың қоғамдық-тарихи әрекетінің жалпыға бірдей формаларымен сипатталатын объективтік әрекетке қатысты адамға тән әрекет. Сана – қоршаған орта туралы, болмыс заңдылықтары, қасиеттері мен мүмкіндіктері жайлы білім мен дүниеге деген көзқарас» [1].

Жаратылыстану және гуманитарлық ғылым салалары сананы зерттеумен айналысып, оның кейбір заңдылықтарын айқындады. Философия мен психология үшін сана мәселесі негізгі зерттеу нысандарының бірі болып саналады. «Ал тіл білімін сананың тілдік сипаты қызықтыратыны сөзсіз, осы тұрғыдан лингвистиканың қарқынды дамып келе жатқан жас бағыттарының бірі психолингвистика үшін «тілдік сана» ұғымы орталық ұғымдардың біріне айналып үлгерді, оның өзіндік себебі бар», – деп жазады М.Қ. Мәмбетова [2].

Лингвистика саласында сананың тілдік сипаты қызықтырады, осы тұрғыдан алғанда психолингвистикада «тілдік сана» ұғымы негізгі базалық ұғымдардың бірін құрайды. Тіл – сана мазмұнын білдіретін негізгі құрал ретінде танылады. Осы уақытқа дейін сана мен тілдік сана бір нәрсе ретінде қарастырылып келсе, қазіргі таңда сана мен тілдік сана арасында теңдік белгісін қоюға болмайтындығына көптеген зерттеушілер назар аударып отыр.

Тіл және сана, сана мен ойлау, тіл мен мәдениеттің өзара байланыс мәселелері Э. Сепфир, А. Потеня, Л. Щерба, Л. Выготский, А. Леонтьев, А.Залевская, Е. Тарасов, Н. Уфимцева, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Н.Уәли және т.б. ғалымдардың еңбектерінде ғылыми-әдіснамалық тұрғыдан түсіндіріліп жүр. Ғалымдардың аталмыш мәселені жан-жақты талдауы арқылы «тілдік сана» ұғымының күрделілігін байқауға болады.

Болмысты қабылдау, тану және ұғыну әрекеттері адам санасында тілдік таңбалар арқылы бейнеленеді. Бұл туралы Н. Уәли былай дейді: «Адам санасындағы ақиқат дүние туралы ақпараттар – сыртқы дүниенің тілдік тұлға санасындағы моделі. Сыртқы дүниенің санадағы ақпараттық моделі бірте-бірте жинақталған, жүйеге түскен түрде болады. Ұзына бойы сыртқы дүние туралы, ондағы белгілі бір объект туралы ақпарат қабылданған сайын санада оның бейнесі тереңдей түседі, нақтылана береді» [3]. Мәселен, табиғатта саңырауқұлақтың көптеген түрлері кездесе де, қазақ халқының танымы бойынша оның бір ғана түрі бар. Өйткені қазақ халқының мәдениетінде, тұрмыс-тіршілігінде саңырауқұлақтың мәдени коннотациясы жоғары емес. Ал славян және Европа халқының мәдениетінде саңырауқұлақ және оның түрлері өте жоғары бағаланады.

Е.Ф. Тарасов тілдік санаға мынадай анықтама береді: «Тілдік сана – тілдік бірліктердің көмегімен индивидтердің сөйлеу барысында туындайтын ілім және деректерді қайта өңдеу нәтижесінде санада пайда болатын сезімдік ілімдер ретінде жекелеген лексемалармен, сөз тіркестерімен, фразеологизмдермен, мәтіндермен, ассоциативтік өрістермен және ассоциативтік тезаурустармен бейнеленетін сана бейнелері» [4].

Т.Н. Ушакова тілдік сана туралы мынадай пікір білдіреді: «Тілдік сана» ұғымының өрісі кең, оның екі түрін айқындауға болады: динамикалық – сананың жай-күйін вербалдық түрде білдіру, санаға сөйлеу арқылы әсер ету, сондай-ақ құрылымдық – субъектінің менталдық тәжірибесінің, оның санасының әрекетінің нәтижесінде қалыптасатын тілдік құрылымдармен жасалады» [5].

Неосуществление прав, принадлежащих гражданам и юридическим лицам, не влечет прекращения этих прав, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами.

Осуществление гражданских прав не должно нарушать прав и охраняемых законодательством интересов других субъектов права, не должно причинять ущерба окружающей среде.

Граждане и юридические лица должны действовать при осуществлении принадлежащих им прав добросовестно, разумно и справедливо, соблюдая содержащиеся в законодательстве требования, нравственные принципы общества, а предприниматели также правила деловой этики.

Эта обязанность не может быть исключена или ограничена договором. Добросовестность, разумность и справедливость действий участников гражданских правоотношений предполагаются.

Не допускаются действия граждан и юридических лиц, направленные на причинение вреда другому лицу, злоупотребление правом в иных формах, а также на осуществление права в противоречии с его назначением.

Никто не вправе извлекать преимущество из своего недобросовестного поведения.

Литература

- 1 Гражданский Кодекс РК. – Алматы, 2024 г.
- 2 Гражданское право. Т. 1 (Под. ред. Суханова Е.А.). – М., 1993 г.
- 3 Кулагин М.И. Предпринимательство и право: Опыт Запада. – М., 1992, 37-38 с.
- 4 Хозяйственное право. Учебник для ВУЗ-ов. Т.2 Под ред. В.С. Мартемьянова. – М., 1994. – 347 с.

ГРНТИ 10.79.41

О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ РАССМОТРЕНИИ СУДАМИ ЖАЛОБ НА ДЕЙСТВИЯ (БЕЗДЕЙСТВИЕ) И РЕШЕНИЯ ПРОКУРОРА, ОРГАНОВ УГОЛОВНОГО ПРЕСЛЕДОВАНИЯ

К.У. Байжанова

*К.ю.н., ассоциированный профессор, Казахский национальный аграрный
исследовательский университет, г. Алматы*

Б.Р. Рыскулбекова

*Магистр, старший преподаватель, Казахский национальный аграрный
исследовательский университет, г. Алматы*

Вопрос о рассмотрении судами жалоб на действия (бездействие) и решения прокурора, органов уголовного преследования урегулирован статьей 106 УПК РК, а также есть Нормативное Постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 27 июня 2012 года № 3 «О рассмотрении судами жалоб на действия (бездействие) и решения прокурора, органов уголовного преследования (статья 106 Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан)».

Ключевые слова: жалоба, действия, бездействия, судебная защита прав, решения прокурора, органы уголовного преследования, следственный суд, следственный судья.

В целях обеспечения судебной защиты прав, свобод и законных интересов физических и юридических лиц в ходе досудебного производства по уголовным делам, а также выработки единообразной судебной практики по рассмотрению жалоб на действия (бездействие) и решения прокурора, органов уголовного преследования пленарное заседание Верховного Суда Республики Казахстан

Рассмотрение судами жалоб на осуществляемые в стадии досудебного производства по уголовным делам действия (бездействие), а также принимаемые решения прокурора, органов уголовного преследования является одним из способов обеспечения реализации права каждого на судебную защиту, закрепленного в пункте 2 статьи 13, пункте 1 статьи 76 Конституции Республики Казахстан и в статье 8 Уголовно-процессуального Кодекса Республики Казахстан (далее – УПК), поэтому суды должны обеспечивать

доступ к правосудию, правильное применение норм закона, предусматривающих основания обращения с жалобами в суд и регулирующих порядок их рассмотрения.

С жалобой в суд вправе обратиться физические лица (граждане Республики Казахстан, иностранцы, лица без гражданства), личные права и свободы которых непосредственно затрагиваются действиями (бездействием) и решениями прокурора, органов уголовного преследования, а также организации, если указанными актами затрагиваются их законные интересы, а равно их защитники, представители. При проверке полномочий лиц на обращение с жалобой в суд в порядке, предусмотренном статьей 106 УПК, судам следует руководствоваться пунктом 4 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан № 4 от 25 июня 2010 года «О судебной защите прав, свобод человека и гражданина в уголовном судопроизводстве».

Обжалованию в судебном порядке подлежат действия (бездействие) и решения, указанные в части первой статьи 106 УПК.

В соответствии с частью четвертой статьи 153 УПК в порядке статьи 106 УПК производится обжалование постановлений органов досудебного расследования о применении/неприменении мер пресечения, их отмене или изменении, не санкционированных следственным судьей. В иных случаях рассмотрение этого вопроса отнесено к компетенции суда, имеющего полномочия на пересмотр постановлений следственного судьи.

Жалобы осужденных на действия (бездействие) и решения учреждения или органа, исполняющих наказание, затрагивающие их права и законные интересы, а также решения прокурора по вопросам, связанным с исполнением приговора, либо отказ прокурора в удовлетворении их аналогичных жалоб, рассматриваются районным судом по месту отбывания наказания осужденного в порядке, предусмотренном статьей 106 УПК, с учетом положений статьи 482 УПК. По результатам рассмотрения суд выносит одно из решений, предусмотренных частью четвертой статьи 482 УПК.

Не подлежат рассмотрению в порядке статьи 106 УПК жалобы об отмене процессуальных действий (бездействия) и решений, обжалование которых предусмотрено законом в ином порядке, в частности жалобы об отмене регистрации заявления, сообщения или рапорта об уголовном правонарушении в Едином реестре досудебных расследований, за исключением случаев их регистрации в нарушение требований пунктов 1) и 2) части первой статьи 179 УПК, а также жалобы, в которых содержится просьба о признании доказательств недопустимыми, о признании лица подозреваемым, свидетелем, имеющим право на защиту, неправильной квалификации деяния или формулировке обвинения либо о его недоказанности, о неправильном применении закона при признании подозреваемым и квалификации деяния, об изменении санкционированной судом меры пресечения, а также жалобы о незаконности судебных актов.

Жалобы в суд могут быть поданы в течение всего производства дознания или предварительного следствия по уголовному делу, в том числе в стадии

предания обвиняемому суду, с соблюдением срока, указанного в части пятой статьи 106 УПК, который исчисляется с момента, когда лицу стало известно о соответствующем действии (бездействии), решении.

После обращения с жалобой к соответствующему прокурору лицо вправе обратиться с аналогичной жалобой в суд в течение пятнадцати суток со дня ознакомления с ответом прокурора либо в тот же срок, если к этому времени ответ от прокурора не получен.

Пропущенный срок для подачи жалобы в суд по ходатайству заинтересованного лица может быть восстановлен по общим правилам, предусмотренным статьей 50 УПК.

Рассмотрение жалоб о незаконности действий (бездействия), решений прокурора, органов уголовного преследования, поступивших после направления уголовного дела в суд, в соответствии с частью третьей статьи 305 УПК осуществляется судом при рассмотрении уголовного дела по существу.

Жалоба, направляемая в суд, излагается в письменном виде, в ней указывается фамилия, имя, отчество заявителя и лица, в интересах которого она подана, их адрес и контактные телефоны, наименование и местонахождение органа, должностное лицо которого совершило обжалуемое действие (бездействие), приняло решение. В жалобе должно быть указано, когда, кем (каким органом или его должностным лицом) и какие процессуальные действия (бездействие) были совершены, какие решения были приняты. При этом необходимо в жалобе указать, какие нормы закона были нарушены, как эти нарушения отразились на правах и законных интересах заявителя, а также существо просьбы заявителя. Также необходимо указывать о том, до обращения в суд указанные в жалобе действия (бездействие), решения были ли обжалованы прокурору, когда получен ответ (либо не получен), существо ответа прокурора и доводы о несогласии с ним.

Жалоба подписывается лицом, ее подавшим. К жалобе должны быть приложены: ее копии (для вручения прокурору и лицам, действия (бездействие), решения которых обжалованы); копия обжалуемого процессуального акта; материалы, подтверждающие, по мнению заявителя, доводы жалобы; ответ прокурора об оставлении жалобы без удовлетворения; копия жалобы, направленной прокурору, на которую ответ не получен; документы, подтверждающие правомочия представителя лица, в интересах которого подана жалоба.

При отсутствии в поступившей жалобе и в приложенных к ней материалах необходимых сведений, судья, не отказывая в приеме жалобы и не возвращая ее без рассмотрения, истребует их у заявителя или иных лиц и органов и устанавливает срок для их предоставления. В случае неисполнения заявителем указаний судья отказывает в принятии жалобы к производству и возвращает ее автору.

Заявитель вправе лично или через своего представителя до начала судебного заседания либо до ухода судьи в совещательную комнату отозвать поданную им жалобу. Представители могут отозвать поданную ими или

представляемым лицом жалобу только с согласия представляемого лица. Отзыв жалобы не препятствует повторной ее подаче в суд до окончания дознания или предварительного следствия по делу в течение установленных в части пятой статьи 106 УПК сроков для обжалования процессуальных действий (бездействия) и решений.

Закон не запрещает подачу жалоб на действия (бездействие) и решения органов дознания, предварительного следствия, прокурора также и в период рассмотрения уголовного дела в суде. В таких случаях суд рассматривает жалобы с позиции проверки законности судопроизводства и допустимости доказательств, полученных в результате обжалуемых действий (бездействия), решений, и принимает соответствующее решение при оценке доказательств по рассматриваемому делу.

Подача заявителем жалобы в суд для рассмотрения в порядке статьи 106 УПК и ее рассмотрение судом не влечет приостановление производства по делу, в том числе продолжения обжалуемого действия и исполнения обжалуемого решения.

Рассмотрение жалоб на нарушения закона при производстве процессуальных действий, затрагивающие права, свободы и законные интересы граждан и организаций, отнесено к подсудности специализированных межрайонных следственных судов, специализированных следственных судов и районных и приравненных к ним судов (следственный судья). Подсудность жалоб определяется по месту нахождения соответствующего органа дознания или предварительного следствия, действия которого обжалуются, а при обжаловании отказа прокурора в удовлетворении жалобы или неполучения от него ответа на жалобу – по месту нахождения соответствующей прокуратуры.

Если судья при получении жалобы установит, что жалоба данному суду не подсудна, он должен незамедлительно вынести постановление о направлении жалобы в другой суд по подсудности.

В случаях подачи жалобы лицами, которые в соответствии с законом не обладают правом обжалования данного процессуального действия (бездействия), решения, либо подачи жалобы на действия (бездействие) и решения, которые не могут рассматриваться в порядке, предусмотренном статьей 106 УПК, или пропуска срока для подачи жалобы и отсутствия ходатайства о его восстановлении, а также при поступлении от заявителя до начала судебного заседания заявления об отзыве жалобы судья выносит мотивированное постановление о возвращении жалобы без рассмотрения.

Принятие жалобы к своему производству и назначение судебного заседания для ее рассмотрения по существу процессуально оформляется постановлением судьи, в котором должно быть указано о времени и месте рассмотрения жалобы, об уведомлении об этом заявителя, прокурора, а также дознавателя, следователя, чьи действия (бездействие) и решения обжалованы.

Законом не запрещается при рассмотрении жалобы вызов в судебное заседание иных лиц для допроса в качестве свидетелей, экспертов, специалистов и др. При необходимости судья в постановлении может обязать

орган уголовного преследования, прокурора предоставить соответствующие материалы, касающиеся обжалованных действий (бездействия), решений. Указанное требование судьи подлежит неукоснительному и своевременному исполнению в срок, не превышающий трех суток.

Судья после принятия жалобы к своему производству, за исключением жалоб на действия прокурора, также вправе предоставить время не более трех суток прокурору для принятия мер реагирования на нарушения законности, допущенные при производстве досудебного расследования или дознания. Устранение прокурором нарушений прав, свобод, законных интересов заявителя является основанием для оставления следственным судьей жалобы без рассмотрения.

Постановлением следственного судьи могут быть соединены в одном производстве несколько жалоб на одно и то же решение или действия следователя, дознавателя, прокурора.

В случае соединения в одном производстве нескольких жалоб срок рассмотрения исчисляется со дня поступления последней жалобы.

Жалоба рассматривается следственным судьей единолично без проведения судебного заседания в течение трех суток. Если необходимо исследовать обстоятельства, имеющие значение для принятия законного и обоснованного решения, следственный судья рассматривает жалобу в течение десяти суток в закрытом судебном заседании с участием соответствующих лиц и прокурора, неявка которых не препятствует рассмотрению жалобы. При проведении закрытого судебного заседания в режиме видеосвязи с подключением соответствующих лиц и прокурора должен быть ограничен доступ другим лицам, не являющимся участниками процесса. В ходе судебного заседания ведется протокол. При необходимости следственный судья вправе истребовать дополнительные материалы, вызвать и опросить соответствующих лиц. Должностные лица, чьи действия (бездействие) и решения обжалуются, по запросу суда обязаны в течение трех суток предоставить в суд материалы, послужившие основанием для совершения таких действий (бездействия) и решений.

При проведении судебного заседания следственный судья объявляет, какая жалоба подлежит рассмотрению, затем заявитель, если участвует в судебном заседании, обосновывает жалобу, после чего заслушиваются другие явившиеся лица, которые вправе предоставлять суду доказательства. Бремя доказывания законности обжалованного действия (бездействия) или решения лежит на лице, совершившем или принявшем их.

При рассмотрении жалобы суд, не давая оценки имеющимся в деле доказательствам, должен выяснить, проверены и учтены ли дознавателем, следователем, прокурором все обстоятельства, на которые указывает заявитель в жалобе. При этом суд, не делая выводов о доказанности или недоказанности вины, допустимости или недопустимости собранных доказательств, должен проверить наличие либо отсутствие материально-правовых и процессуальных оснований для принятия решения по делу.

В соответствии с пунктом 5 нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан № 11 от 23 декабря 2005 года «О применении норм уголовно-процессуального закона о протоколе судебного заседания» ведение протокола судебного заседания при рассмотрении жалобы в порядке, предусмотренном статьи 106 УПК, обязательно.

Следственный судья, рассмотревший жалобу на решения и действия (бездействие) прокурора, органов уголовного преследования, в соответствии с пунктом 2 части первой статьи 87 УПК не может участвовать в рассмотрении уголовного дела в судах первой, апелляционной, кассационной инстанций.

В подготовительной части судебного заседания следственный судья, объявив о начале судебного заседания по рассмотрению соответствующей жалобы, должен разъяснить участвующим в заседании заявителю, его защитнику и представителю, прокурору их право на отвод и иные их процессуальные права и обязанности, связанные с ведением производства по рассмотрению жалобы, а также выяснить, имеются ли у них ходатайства, рассмотреть их, если они были заявлены, после чего выяснить у заявителя, поддерживает ли он жалобу.

Рассмотрение жалобы состоит в заслушивании заявителя, иных лиц, в исследовании доводов жалобы, материалов, приложенных к жалобе и дополнительно представленных сторонами или истребованных судом в целях проверки обжалуемого действия (бездействия), исследовании обжалованного действия (бездействия), решения на их соответствие закону.

При рассмотрении жалобы судья не должен выходить за пределы доводов жалобы, поэтому вправе исследовать материалы, представленные заявителем, прокурором или истребованные самим судом лишь в том объеме, в каком это необходимо для принятия правильного решения по жалобе.

Отвод, заявленный следственному судье при рассмотрении жалобы в порядке статьи 106 УПК, разрешается этим же следственным судьей единолично, с вынесением постановления по итогам рассмотрения заявления. Отвод, заявленный судье апелляционной инстанции, рассматривающему жалобу, ходатайство на постановление следственного судьи разрешается председателем данного суда или другим судьей этого суда.

Постановление, принятое по итогам рассмотрения заявления об отводе судьи, самостоятельному обжалованию не подлежит. Доводы участника процесса о необоснованном отклонении заявления об отводе могут быть указаны в частной жалобе или ходатайстве прокурора на постановление, которое принимается по итогам рассмотрения жалобы.

При рассмотрении жалобы на отказ в приеме заявлений или сообщений об уголовном правонарушении, суд должен проверить, когда и в какой орган заявителем направлено сообщение, по каким причинам сообщение не было принято. При принятии решения по таким жалобам суду следует иметь в виду, что сообщения о совершении уголовных правонарушений согласно требованиям части первой статьи 185 УПК подлежат обязательному принятию, регистрации и рассмотрению.

Постановление суда об отказе в принятии заявления об уголовном правонарушении, преследуемом в порядке частного обвинения, подлежит обжалованию в соответствии со статьей 422 УПК в вышестоящий суд.

Литература

- 1 Уголовно-процессуальный Кодекс РК. – Алматы, 2024 г.
- 2 Уголовный Кодекс РК. – Алматы, 2024 г.

ӨНЕРТАНУ САЛАЛАРЫ
ОТРАСЛИ ИСКУССТВОВЕДЕНИЯ
BRANCHES OF ART CRITICISM

ҒТАМР 18.07.23

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖЕСТТІҢ МАҢЫЗЫ

З.Е. Тулемисова

Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана қ.

Бұл мақалада психологиялық жесттің маңыздылығы және оның қолданысы туралы айтылады. Актердің ішкі және сыртқы күйі, өз-өзімен жұмысын талқылау. Сахнадағы актердің образы оның ішкі күйіне тікелей байланысты екені сипатталады. Актердің репетициядағы және спектакль кезіндегі ішкі күйі, өзін-өзі сезінуі туралы айтылады. «Чехов жүйесіндегі «психологиялық жесттің» театрдағы маңызы қандай? Оны қалай пайдалану керек?» сияқты сұрақтарға жауап беру арқылы, тақырыпты ашу әдістері. Бүгінде бүкіл әлемде Михаил Чеховтың әдісіне қызығушылық артып келеді. Қазақстанда М.Чеховтың мектебіне қызығушылық танытатын орталықтар мен студиялар ашылса, оған қоса тренингтер мен шеберлік сабақтардың өткізілуіне ой тасталса деген ұсыныстар туралы пікірлер. Жалпы, Михаил Чеховтың актерлік техникасың, соның ішіндегі «психологиялық жесттің» заманауи актердің және режиссердің тәжірибесінде байыпты және жүйелі түрде ілгерілету жолдарын айту, дәлелдеу. «Астана қаласында М.Чеховтың мектебіне арналған студия ашу қаншалықты өзекті?» сынды сұрақтарға жауап беру. Еуропа мен Америкадағы және Қазақстанда Чеховтың «психологиялық жестті» пайдалануын салыстыру. Тұрақты шеберлік сабақтарды, семинарларды, тренингтерді, конференцияларды өткізетін көптеген студиялар мен бірлестіктер құру маңыздылығын зерттеу. «Психологиялық жесттің» педагогикалық, теориялық мақсаттау зерттеу және меңгеру жолдарын айту. Актердің сыртқы бейнесі мен ішкі күйіндегі қашықтықты зерттеу. М.Чеховтың «Нағыз актерлік ойын– сезімге толы болу қабілетін арттыру» деп есептеген қағидасының маңыздылығы туралы сипатталады. Қазіргі уақытта шет елдердегі және Қазақстандағы «психологиялық жесттің» шығармашылық университеттеріндегі маңыздылығы және қолданысы туралы, әрі оған арналған жасалатын тренинг пен жаттығулардың түрлері айтылады. Чехов әдісінің интеграциялық элементтерін зерттеу туралы сипатталады.

Түйін сөздер: театр, ойын, педагогика, әдіс, актер, рөл, жест.

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде Михаил Чехов әдісіне деген ерекше қызығушылық артып келеді. Көптеген орталықтар мен студиялар «Михаил

Чехов бойынша» тренингтер, шеберлік сағаттарын өткізеді. Дегенмен, Михаил Чеховтың актерлік техникасын бүгінгі күннің заманауи актер мен режиссерді дайындау сабақтарына, тәжірибесіне жүйелі түрде жүргізу мүмкін емес деп айтуға болады.

Ресейде Михаил Чеховтың студиясы да, оның көркемдік әдісінің зерттеу орталығы да әлі жоқ, тіпті оның мұражайы да.

Ал, Еуропа мен Америкада Чеховтың қалдырған педагогикалық мұрасы ұстаздан тікелей алған шәкірттерінің еңбектері мен күш-жігерінің арқасында мұқият сақталған және таратылуда. Сонымен қатар, тұрақты мастер-класстар, семинарлар, тренингтер, конференциялар өткізетін көптеген студиялар мен қауымдастықтар құрылды.

Ресейдегі М. Чеховтың педагогикасын теориялық зерттеу және практикалық дамытудағы туындайтын мәселелері еңбектің көбінесе актердің шетелде жүрген жылдарында жасалып, рәсімделгеніне байланысты болып табылады. М. Чеховтың педагогикалық тәжірибесін талдаумен М. О. Кнебель мен Ю. Д. Вертман айналысты. М. Чеховтың таңдаулы шығармаларының екі томы жарық көрді (олардың бірі тек актердің техникасына арналған), «Литва мемлекеттік театрындағы Михаил Чеховтың сабақтары» (1993), фин театртанушысы Л. Бюклингтің «Батыс театры мен киносындағы Михаил Чехов» монографиясы (2001), «Кәсіби актерге арналған дәрістер» (2011). Сонымен қатар, жақында әдістің белгілі бір аспектілеріне арналған мақалалар шықты. Алайда, ресейлік тәжірибешілер оның «Актер техникасы туралы» (1945) кітабын жазғаннан кейін жасалған жаңа актерлік техника саласындағы соңғы жазбалары мен жаңалықтары жөнінде ештеңе білмейді.

Соңғы 30 жыл көлемінде М. Чехов әдісінің Ресейдегі және шетелдік ізбасарлары арасында тренинг ретінде тәжірибе алмасуға жағдайлар жасалып, отырыстар ұйымдастырылды. Атап айтсақ, 1993 жылы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция және «Байкал театр мектебі»; 1994 жылы Мәскеу қаласында «Михаил Чеховтың Халықаралық мектеп» конференциясы; 2011 жылы – Мәскеу мен Санкт-Петербургтегі конференция «Михаил Чехов және Евгений Вахтангов. Уақыт. Театр». 2010 жылдың мамыр айында Мәскеудегі «Драма өнері мектебі» театрында «Михаил Чеховтың әдісі: актерлік» Мен «және көркем образ» тақырыбында «Достастық театрларының семинары» аясында Ленард Петит (АҚШ), Гиттис Падегимас (Литва), Мариолайн Баарс (Нидерланды), Марина Александровская (Ресей–Швейцария) және Вячеслав Кокорина (Ресей) шеберлік сағаттарын өткізді. Бұл жерде ресейлік актерлер мен режиссерлер (олардың ішінде автор) екі апта бойы дәрістер тыңдап қана қоймай, М.Чеховтың жаттығуларымен айналысып, оның әдісін практикалық қолдану мәселелерін талқылады.

Дегенмен, Михаил Чеховтың сөз етіліп отырған көркемдік әдісі театр білімінің бір бөлігіне айналмайды. Бұл жағдай бірқатар қайшылықтарға байланысты болып табылады.

Негізгі бөлім.

Актер Михаил Чеховтың техникасы актердің актерге көрсеткен, ұсынған дайындыққа бағытталған әдістерінің жиынтығы ғана деген пікір әлі де бар, ал XX ғасырдағы театр жүйелерін режиссерлер жасақтаған. Дегенмен, көрнекті театртанушы Андрей Кириллов бірқатар мақалалары мен диссертацияларында өзіне тән ерекшеліктері бар Михаил Чеховтың театралды-педагогикалық әдісі - бұл «режиссура дәуірінің эстетикасына қайшы келмейтін, тек оның өзгермейтіндігін дәлелдейтін» біртұтас жүйе екендігі дәлелденген.

Жалпы алғанда Чехов әдісін театр педагогикасына енгізуге кедергі келтіріп отырған стереотиптер: көптеген тәжірибешілер бұл тек данышпан актер Михаил Чехов үшін жарамды деп санайды. Михаил Чехов әдісі К.С. Станиславский жүйесінің жалғасы болып табылады және оқыту көбінесе психологиялық театр тұрғысынан жүргізіледі деген қате түсініктер бар. Шынында да, Михаил Чехов Станиславскийдің ең көрнекті шәкірттерінің бірі болды және өзінің педагогикалық жолын «сенуші» ретінде бастаған болатын. Чехов тіпті «Горн» (1919) журналында жарияланымды өзінің түсіндірмесінің тұсаукесеріне арнады, бірақ ол мұғалім мен оқушының актерлік шығармашылығының табиғатын түсінудегі сәйкес келмейтін дүниелерді анықтады [1].

Бірінші студиядағы тәжірибелерінде Чехов «жеке тәжірибені актерлік шығармашылықтың негізі мен мақсаты ретінде пайдаланудан бас тартты және қиялдың шығармашылық мүмкіндіктеріне жүгінді». Терең жеке және кәсіби дағдарыс М.Чеховты актерлік өнердің идеалды табиғатын іздеуге мәжбүр етті және Рудольф Штайнердің антропософиясына әкелді, ол актердің дүниетанымына, өнеріне және тағдырына орасан әсерін тигізді.

1923 жылдан бастап Чеховтың дайындық-педагогикалық қызметі Станиславскиймен ашық дау-дамайда өтті, ал олардың 1928 жылы Берлиндегі соңғы кездесуі бірнеше сағаттық пікірталасқа ұласты. М. Чехов актердің жеке тұлғасы, жеке сезімдері мен эмоцияларынан көркемдік «мен» – ге дейін қайта бағдарлау керек деп есептеді, бұны ол әлдеқайда маңызды, объективті және актерге өзінің кішкентай жеке басының шектеулерін жеңуге мүмкіндік береді деп тұжырымдады. Михаил Чеховтың көркемдік әдісінің табиғаты психологиялық емес, ойын болып табылады. Ол жасақтаған техника ойынның екі жақтылығын тануға және заңдастыруға негізделген: актер екі әлемнің – нақты әлемнің (ол көрерменді үнемі есте сақтайды, серіктестерді көреді және т.б.) және кейіпкердің қиял әлемін оңай теңестіреді. Ол актер «жылау және күлу арқылы толық күшпен ойнай алады, бірақ алдыңғы қатарда отырған әпкесінің не істеп жатқанын көру үшін объективтілікті үнемі сақтай алады» деп мәлімдеді.

Театр өнері – бірегей тірі организм, сонан соң ұжымдық еңбек. Онда ешкім де жеке дара, өз бетімен бөлек өнер жасай алмайды. Бір актердің театры деген спектакльдерде де жеке дара жалғыздық жоқ. Спектакль – ұжымдасқан суреткерлердің – актердің, режиссердің, суретшінің, композитордың, драма авторының т.б. бірлесіп тудырған көркем шығармасы. Өз рольдерін әр актер

сахналық шеберлігіне сай шамасы мен өресіне байланысты әр шығармашылық деңгейде орындап шығады, өзіне ғана тән жүріп-тұру мәнерімен, ым-ишарат, мәзіретпен байытып, салмақтандыра алады. Спектакльдің сахналық құрылымы кезіндегі көркемдік ұйымдастырушысы – режиссердің де өзіндік байламдары мен көзқарастары бар. Міне, дәл осы процесс кезінде актер мен режиссердің тең суреткер ретіндегі татулық-түсіністігі, шығармашылық тандемі өте маңызды рөл атқарады. Алайда, көп ретте, актер мен режиссердің суреткерлік шамшылдық мінездері кедергі болып жататын тұстар да жоқ емес. Режиссер «мен тұрғанда сен кімсің» деп, ал актер «менің сенен қай жерім кем» дегендей, әрқайсысы өз ырқымен кетсе өнер деген ұлы ұғымға обал. Санаткерлік саналы түсіністікке, шығармашылық мәмілеге келу – тек режиссердің парасат биігіне, суреткерлік ождан мен мәдениетіне, тұспалдамай турасын айтсақ, ақыл-санасына байланысты. Сахналық бейне жасау – көздің аласын көбейтіп, кірпік жапсырып, құлаққа сырға тағып сылқымсу емес екенін, немесе әлімсақтан ағзасына сіңген, үйреншікті ым-ишарат, мәзіретті жөн-жосықсыз қайта-қайта, рольден рольге пайдалана беруден актер таланты танылмайтынын көп артистер қаперіне ала бермейді. Сахналық ым-ишарат белгілі бір жағдаяттарға байланысты емес, спектакльдің жанрына қарай жығылуы керектігін көбі ұққанмен, тыңғылықты назар салмайды. Бір ғана монологты орындау үстінде, рольдің оң жамбасы мен ыңғайына сай ым-ишаратын дәл тауып қолданбасаң, көрерменнің көңілін босатудың орнына күлкісін келтіріп, талғампаз қауымның таза масқарасына қалуың бек мүмкін [2].

Режиссердің көрерменге әсер етуіне бастайтын күш спектакльді дайындау кезеңінде, актерлерді бейне тудыруға жұмылдыратын жолдарды айқындайтын тұста пайда болады. Театр режиссері – актердің ізденісіне жол ашып, оған образ жасауына көмектесуші, бағыт сілтеп, кеңес беруші. Сондықтан дайындық барысында актерлер қолданулары қажет тәсілдерді режиссерлер үнемі орындаушылардың естеріне салып отырғанда ғана өнімді жұмыстың іргетасы қаланбақ. Серіктес туындатқан «ерік толқыны» М. Чеховтың импровизициялық тәсіл, «психологиялық жест» туралы ой қозғауына негіз болды. Актерлік мектепте оқытылатын «бес сезімге» М.Чехов актердің «алтыншы» сезімін – серіктеспен өзара әрекеттестік сезімін, яғни «актердің кез–келген сәтте кез келген серіктестің әсерін, тіпті, ең нәзік сезімін қабылдауға дайын болу» қабілетін де қосты. М. Чехов серіктестерімен өзара әрекеттесу үшін және сол әрекеттесуде ашық болу үшін актерлерді іштей ерік–жігер тұрғысынан күш салуға шақырды. Сол күштен эмпатия туындап, актерлер мен көрермендердің арасында бөлек атмосфера, басқалай байланыс орнайтындығына баса назар аудартты. К. Станиславский, өмірін өнерге арнай отырып, театрды таптауырындылықтардан (актерлік штамптардан), жасандылықтардан тазарту үшін өзінің аналитикалық ойларын қолданды. Ол актер ойыны мен сахнадағы актердің өзіндік «жан» күйі арасындағы байланысты мұқият талдады [3].

Зандылықтарды анықтай отырып, оларды жүйелендіріп, «Театр өнері туралы» және «Актердің рөлмен жұмысы» кітаптарында қисынды түрде баяндады. Оның жүйесінің пайда болуы театрда нағыз революция болды,

К.Станиславский: «менің мектебім – тек таланттылар үшін!» деп ұрандады. Реформатор «актер өзі сомдайтын кейіпкерінің қорқынышын, үрейленуін, ұмтылысын, үміті мен мақсатын саналы түрде түсініп жасайтындығын» терең ұғынды. Актердің «Егерде мен» ұстанымы арқылы сезімдерді таба отырып, оларды оятатындығын, күшейтетіндігін және кейіпкер өмірінің ұсынылған мән-жайларын өрбіте отырып өнер тудыратындығын алғаш айтқан да осы К. Станиславский. Михаил Чехов К. Станиславскийдің шәкірті ретінде «реформатор мектебінің» жетістіктерін жетік игере отырып, актердің дене қозғалысы мен осы қозғалыстардың әсерінен сезімдерді ояту арасындағы ортақ психофизикалық заңдылықтарды анықтады. К. Станиславский жүйесіне актердің «елестету» қабілеті де кірді. М. Чеховтың қиял туралы ойы К.Станиславскийдің «елестету кинолентасы» деген ұғымымен егіз. М.Кнебель бұл тұжырымдардың ұқсастығын көрсетеді: «елестету» таңғажайып күшке ие, ол әрекетпен бекітіліп қана қоймай, сонымен қатар, суретшінің ойы бұл мәселеге қайтып келіп отырған сайын одан бетер байып және ауқымы одан да кеңі түсетіндігі туралы К. Станиславскийдің ойы М. Чеховтың «қиялдау арқылы бейнеге дайындық жасау» пайымдауына өте жақын еді». М. Чехов «қиялдың жетілуін белсенді күту керек» деп түсіндірді. К. Станиславский «елестетумен» жұмыста бейнені жасаудың көптеген жолдарының қайталанбас бірегейін тапты. Сол секілді М.Чехов «қиялды жетілдіру» тәсілдерінің ішіндегі ерекше психотехникалық тәсіл – сұрақ қою жолдарын тапты. Бұл тәсілді М.Чехов Америкадағы өмірінің соңғы жылдарында да ұтымды пайдаланды. Жақсы дамыған, суреткердің ерік– жігеріне бағынышты қиял актер үшін ең нәтижелі спектакльде бейне жасауға бастайтын тиімді тәсілдерінің бірі болуы мүмкін екендігі туралы да алғаш рет сөз қозғаған М. Чехов болатын. Ол: «әріптестермен сахнада тұрақты жұмыс бастағанға дейін, актер өзінің рөлін қиялында жүйелі түрде ойнап көруі керек» деп тұжырымдады. М. Чеховтің тәсілі бойынша мұндай дайындықтардың тиімділігі сол актер денесін немесе дауысын нақты қатыстырусыз, серіктестермен және мизансценалар тудыруларға байланысты болатын сыртқы қиындықтарсыз, шығармашылық түйсігі бұйырғандай ойынға толық беріле алады. Бірақ кейінірек, режиссер және серіктестермен жұмыс істеу кезінде, актер жалпы дайындық үдерісінде қиялдағы ойынын жалғастыра алады. Енді ол өз қиялындағы ойынын режиссердің мизансценалық кеңес– нұсқауларымен және серіктестерінің ойынымен сабақтастырады. Осылайша ойнай отырып, актер сахнада бейне жасауда көп жетістікке қол жеткізе алатындығы сөзсіз, ол осылай өзін сахнаға дайындай алады, ол қиялда жасай алатын мүмкіндіктерден де көп нюанстар бірте–бірте оның психофизикасына және сахнадағы нақты ойынына өтеді. Қиялға дайын болғандай, актердің уайымынан, жан ізденістерінен шығатын жұқа импульстер өте нәзік әрі терең иірімдерге баруға жол ашады, дайындық процессінде бейне қиялдағыдан кем емес пысықталады. Сахнадағы дайындық кезеңінде қиял актердің бейнесіне айналады, оның сипаты мен қимыл мәнерін меңгеріледі. Актердің қиял белсенділігінен туындаған шығармашылық сезімдер оның психофизикасына әсер етіп, тұлғасына сіңеді, актерді қиялы іштей

қолдайды. М. Чехов актердің шығармашылық табиғатының алуан түрлі қоздырғыштарын көрсетті. М. Чехов студиясында атмосфера мәселесіне үлкен көңіл бөлінді. М. Чеховтың «атмосфера» ұғымын дамыту бойынша ойлары мен тәжірибелік қызметі театр педагогикасына үлкен және ерекше үлес қосты десек те болады. М. Чехов атмосфераны спектакльдің тұтас бейнесін жасауға ықпал ететін құрал ретінде және рөлді жасау технологиясы ретінде қарастырады. Студиядағылар атмосфераның не екенін түсіну үшін көптеген жаттығулар мен этюдтерді орындады. «Атмосфера» сөзіне Михаил Чехов нақты терминологиялық мағына берді. Чехов – актер атмосферасының теориясы, ең алдымен, Чехов – драматургтің көркемдік қағидаларын түсіну нәтижесі ретінде пайда болады дегенге сенді. М.Чехов үшін атмосфера өмірден өнерге (және керісінше) көпір болып табылды. Сонымен қатар, М.Чехов өзінің «Актер жолы» атты еңбегінде дайындық белсенділігін арттыратын бірден-бір тәсіл атмосфера бола алатындығын атап өткен. Бұл еңбектен түйгенімізді тырысып көрейік. Пьесалар немесе спектакль атмосферасында тұрып, актер олардың барлық жаңа психологиялық тереңдігін ашып, мәнерліліктің жаңа құралдарын табады. Қойылым атмосферасына ену арқылы актер өз бейнесінің қалай үйлесімді өсіп, серіктестерімен арасында өзара байланыс орнатылатынын сезінеді. Атмосфераның дайындық барысында шын мәнінде актерді шабыттандыратындығын театр табиғатын терең түсінетін маманның білмеуі мүмкін емес. Атмосфера – актер көзіне көрінбейтін қол, сезімтал, дана, шынайы «режиссер». Актер «көрінбейтін режиссерге» сенім артқанда, шығармашылық жұмысқа кедергі келтіретін өзімшілдік, шектен тыс қобалжушылық, жиырылу, жасандылық, әсірешілдік секілді көптеген қажетсіз дүниелер өзінен-өзі жоғалып кетеді. Актер бір атмосферадан екінші атмосфераға еркін ауысып, бүкіл пьесаның жолын жүріп өту арқылы бейне жасауға шабыттанады, өз бейнесін байыта түседі. Мұндай партитураны құрастырған кезде пьесаны сахнаға немесе актілерге бөлуге қажеттілік жоқ – сол атмосфера көп сахнаны қамтуы немесе сол сахнада бірнеше рет өзгеруі мүмкін. Осылайша ұйымдастырылған жұмыс актерлік ансамбльге жетелейді. Актерге мұндай кезде кездейсоқ келген көңіл-күйді күтудің қажеті болмайды, ол оның қалауы бойынша атмосфера ретінде пайда болады. Бірақ сахнадағы дайындыққа кіріскенге дейін, рөлмен және пьесамен бірінші танысу кезінде актердің жанын шығарманың жалпы атмосферасы баурап алады. Актер ол атмосфераны жалпы өзінің болашақ сахна туындысына әсер етуші ретінде, бейне жасауға бастайтын тылсым күш ретінде алдын-ала болжап, уайымдайды. Әр суретші өзінің болашақ қалыптасуының осы бірінші, қуанышты кезеңдерімен таныс. Жазушы, ақын немесе композитор өзінің шығармашылық жұмысын бастағанда, кенеттен оған келген атмосфераны іске асыруға ниеттенетіндігін жиі аңғарады. Туынды әлі дайын болмауы да мүмкін, бұл атмосферадағы бейнелердің айқын тақырыбы да, айқын көрінісі да болуы мүмкін, бірақ суретші біледі: оның санасының тереңінде жұмыс басталды. Тек бірте-бірте, бірінен кейін бірі пайда болады; олар жоғалады, қайтадан пайда болады, өзгереді, әрекет етеді, іздейді және бір-бірін табады. Интригаларға байланады, тақырыбы анықталады,

жоспар жасалады, эскиздер сызылады. Бірте-бірте және жалпы атмосферадан күрделі бүтін атмосфера пайда болады. Актер өзі де атмосфера тудырушы жасампазға айналады. Егер актер де осы бірінші шығармашылық кезеңді – жалпы атмосферадағы өмірді бағалай алмаса – өз рөлінің бөлшектеріне назар аударып қана қойса, көп жоғалтады. Дәннің болашақта үлкен өскінге, гүлге немесе ағашқа айналатындығы секілді, атмосфера да актер жұмысының болашақ негізін қалайды. Бірақ, дән сияқты, атмосфера да мерзімінен бұрын жеміс әкеле алмайды. Жалпы атмосферамен шабыттану кезеңін елемей, актер алғашқы күннен бастап оны жарықтан, жылудан, ылғалдан айырғандай болады. Белгілі бір бояумен әрекеттену қиял мен атмосферамен қатар түйсікті босатады, және сіздің сезімдеріңізді күштеу қажеттілігінен қорғайды. Дайындық кезінде актер ең қажетті болып көрінетін бояуды орната отырып, тұтас көріністерді қамти алады. Бір немесе екі қарапайым әрекет бояуы көлемі бойынша ауқымды сахналарды дайындау үшін негіз бола алады. Шығармашылық сезімдерді тікелей күштеп тудыруға болмайды. Олар түйсіктің–сананың тереңінен келеді және мәжбүрлеуге бағынбайды. Оларды қызықтыру керек. Белгілі бір бояу берілген әрекет актердің сезімдерін қызықтырады, оятады. Осыдан актер іс-әрекет (әрқашан оның ерік-жігері), егер оған белгілі бір бояу (сипат) бере отырып жасаса, оны сезімге жетелейтіндігін жақсы түсінеді [4].

Бірақ актерде заңды сұрақ туындауы мүмкін: күрделі әрекеттер мен сезімдер болса, бұл тәсіл дәл солай әсер ете ала ма? Күрделі әрекеттер дегеніміз не? Егер бұл әрбір адамға тән қарапайым, табиғи әрекеттер комбинациясы болса, онда актер оларды қайталағаннан кейін (бекітіп тастағаннан кейін) қайталаудың жеткілікті мөлшері ол әрекеттерді қарапайым әрекеттерге айналдырып жібереді. Шын мәнінде, актер акробат болмайынша, трапецияда сальто-мортале жасай алмайтындығы рас, іс-әрекет ретінде ол үшін бұл әрекет күрделі болады. Демек, актер үшін орындай алмайтын іс-әрекеттер бар, бірақ күрделі іс-қимылдар жоқ. Актер күрделі бояу комбинациясын жасады делік. Ол бір уақытта сақтықты, күдіктілікті және қорғанушылықты жасайды. Актердің іс-әрекетінде осыншалық неғұрлым көп «түс» болса, соғұрлым оған қиын болады. Бірақ, актер өз әрекет бояуларын бекіту керек, солай ол күрделі қозғалысты бекітеді. Қайталау (бекіту) әрекеттегі күрделілікті жояды. Актер таңдаған бояуларды алдымен жеке–жеке, содан кейін екі және үш бөліктен қайталай алады, олар әрекетпен бірге актер үшін қарапайым, үйреншікті және оңай орындалатын бірлікке айналғанға дейін дайындай алады. Осылайша нығыздалған бояу және оларға сәйкес әрекет актерге сезім кешенін шақырады және бұл кешен шын мәнінде күрделі болуы мүмкін. Бірақ оның күрделілігі актердің күрделі емес техникалық тәсілдерді қабылдап – қолдануының нәтижесі болады. Реакция актердің дарынының күшіне байланысты күрделі болуы мүмкін, бірақ бұл реакция тудырған жолға тәуелді емес. Дегенмен, іс жүзінде актер сезімдерін ояту үшін күрделі бояу комбинациясын құрудың қажеттілігі жоқ екендігіне көз жеткіземіз, бір-екі әрекет бояулары актерде сезімдердің тұтас гаммасын тудыруға жеткілікті. Белгілі бір әрекет бояуларын қолдану актер санасының қазынасын ашады және ол көп ұзамай күтілген

нәрсені байқайды. Сезімдер актер оларды ояту үшін қолданатын бояулардан гөрі бай және мазмұнды болмақ. Әрекет бояуларын пайдалану сезім тудырудың кілті болса, ал әрекеттенудің өзі ерікке бастайтын жол. Қимылдар тілектерден, ішкі қажеттіліктен (ерік) туындайды. Егер тілек (ерік) қатты болса, онда оны білдіретін қимыл да күшті болады. Оны М. Чехов «психологиялық жест» деп атаған. Егер ниет әлсіз және белгісіз болса, қимыл әлсіз және белгісіз болады. Керісінше күйде эффект берілуі мүмкін. Егер актер күшті, мәнерлі, жақсы қалыптасқан қимыл жасаса («психологиялық жест») – онда оған тиісті тілек те туындауы мүмкін. Актердің еркі өзіне бағынбайды. Бірақ актер «психологиялық жест» қимыл жасай алады, сонда оның еркі сол «жестке» жауап береді. Натуралистік және олардан өзгеше қозғалыстар, қимыл–жест түрлері бар. Мысалы, жалпы итеру, тарту, ашу, жабу әрекеттері бар. Олардың ішінде актердің өзіндік қиялынан туындайтын жеке итермелеу, тартылу, ашу, жабу және т.б. қимылдар пайда болады. Белгілі бір әрекеттерді айтқан кезде немесе естігенде, біздің жан дүниемізде қандай өзгерістер болатыны туралы ойланып көрейікші: қорытындыға келу; мәселені қозғау; қарым–қатынасты үзу; идеядан шабыттану; жауапкершіліктен сытылып шығу; торығуға түсу; сұрақ қою және т.б. [5].

Бұл етістіктердің бәрі не дейді? Белгілі және анық қимыл туралы меңзейді. Және біз осы сөз тіркестерінде жасырынған жест-қимылдарды іштей жасаймыз. Күнделікті өмірде біз жалпы жест-қимылдарды пайдаланбаймыз, біз шамадан тыс қозғалған немесе пафоспен сөйлескіміз келген жағдайда ғана оларды іске қосамыз. Бірақ бұл әрекеттер біздің әрқайсымызда физикалық, тұрмыстық жест-қимылдарымыздың бейнесі ретінде өмір сүреді. Жест-қимылдар біздің түйсігімізде әрекеттерімізге мағына, күш пен мәнерлілік бере алатындай жағдайда сақталып тұрады. Бұл әрекеттермен біздің жанымыз қимылдайды, белгілі бір жест жасайды. Осыны психологиялық жест-қимыл дейміз. Спектакльге дайындық процесстерінде театр актерінің М.Чехов ұсынған тәсілдерді игеруі режиссердің қойылым композициясын құрастыруда актерлермен бірге спектакльдің көкейкесті мақсатына, көркемдік біртұтастылығына қол жеткізулерінде зор қызмет атқарады. М.Чеховтың актер шығармашылықтың негізі мен мақсаты жолында қиялдың шығармашылық мүмкіндіктеріне жүгіну үшін жеке басына тән уайымданудан бас тарту керек деп түсінді. Актер өзінің жеке басындағы жағдайды емес, пьесадағы кейіпкер тағдырын, мінезін паш ету қажеттілігін алға тартты. Фантазия әдісін қалыптастыру және бейнені имитациялауда М. Чехов К. Станиславский «мектебінен» бастау алғанмен, ол өзінің театр өнерінің мінсіз табиғаты туралы түсінігін қалыптастыра білді. М.Чеховтың әрбір баспасөз беттеріндегі сұқбаттарында «болашақ театр, болашақ театр» деп сөйлеуге құштар болғандығын байқау қиын емес. Оның ойынша, «кемел актер» шыншылдығымен, тұрмыстық және психологиялық натурализммен «уланбаған» еркіндігімен ерекшеленуі тиіс болатын. Сөзсіз, Михаил Чеховтың театрлық тәсілдері, мектебінің ерекшеліктері актерлік мамандық өкілдері үшін тартымды. Театрдың бұл бағдарлары, әсіресе, бүгінгі орындаушыларға қатты

әсер етеді, сахналық кәсіптің заманауи ұстанымдарын ұсынады. Михаил Чехов театрының феномені, іштей режиссерлік театрдың заңдары бойынша жасалғандығы бірегей тәжірибесі бар шебердің жаһандық театр өнеріндегі көркем үдерістің жалпыға ортақ заңдылықтарын растайтындығымен өзекті [6].

Қорытынды.

Актер үшін психологиялық қимыл сахна құрылымын, монологты, фразаны және т.б. зерттеу құралы бола алады. Актер оны қолдана отырып, сахналық композицияның заңдылықтарын игереді:

1. Үшмүшелік: «Бастауын сіз өсімдік өсіп шығатын дән сияқты өткересіз, соңын піскен жемісі сияқты, ал аралығы дәннің өсіп, пісіп жетілу үдерісі сияқты сипатта болады.

2. Басталу мен аяқталудың полярлығы: «егер өнер туындысында басталу мен аяқталу пайда болса, онда ол керісінше болады», психологиялық қимылда қарама-қайшылықтар орындаудың басында және соңында қарама-қарсы бағытталған қозғалыс векторлары немесе антагонистік қимылдар ретінде көрінеді: кеңейту/қысу; ашу/жабу және т.б.

3. Инверсия: М. Чеховтың импровизациясында актер мақсатсыз жүрмейді, оның әрекеттерін соңғы сәт басқарады. Актер оның қимылының қалай аяқталатынын біледі, бірақ оның қалай орындалатынын, қандай жаңа импульстар пайда болатынын білмейді.

Қимылдардың әртүрлі ерекшеліктері, қарқынның өзгеруі, қозғалыс бағыттары, легато немесе стаккато орындау, қозғалыс қасиеттерімен үйлесу (қалыптастырушы, тегіс, шағылысатын және сәулеленетін) импровизацияға жол ашады [7].

Осылайша, психологиялық қимыл энергиямен жұмыс жасау құралы ретінде актерге сахнада психологиялық театр заңдарынан басқа ойын өмірінің заңдылықтарын игеруге мүмкіндік береді. Ол қосымша энергияны тұтынуға байланысты әдеттегі көңіл күйден шығармашылыққа, физикалық денеден өмір денесіне, төменгі «меннен» жоғарыға, бейнеден өзіне, «иә» – дан «жоқ» – қа, фантастикадан шындыққа ауысу қабілетін игереді. Лезде ауысу қабілеті актерден толық жұмылдыруды, дене мен жанның тереңінде пайда болатын импульстарға сенуді, қиял бейнелеріне бірден жауап беруге дайын болуды және импровизация ойынының элементтеріне беріліп, оларға қуана бағынуды талап етеді.

М. Чехов әдісі бойынша жұмыс істей отырып, актер көркем бейнені құрастырмайды, жалаң формаға тәуелді етуге тырыспайды, рөлдің құрғақ конструкциясымен айналысуға ұрынбайды, таптауырындылықтан, жасандылықтан аулақ өзінің қиялындағы тамаша бейнені көрсетеді және жетілдіреді. Актер бұл тамаша бейнені оның барлық толымдылығы мен кемелдігінде ешқашан іске асырмайды, себебі өз бейнелерін М.Чехов та «абсолютті» түрде іске асырмаған. Бірақ актерлер үшін М. Чехов тәсілдері спектакльдегі дайындық процесстерінде тамаша бағдар мен шабыт көзі бола алады. Шын мәнінде, М. Чеховтың «идеалдық театрының тәсілдері» актерді бағындырып, оның мүмкіндіктерін шектеуге тырыспайды, керісінше, оған

кереметтей шығармашылық еркіндік береді. Михаил Чеховтың «идеалдық театрының тәсілдерін» игерудің арқасында біз өзіміздің еркін ізденістерімізге кең жол ашамыз. Бұл процесте әрбір жеке актер немесе оқытушы өзі М.Чеховтың тәсілдерін терең меңгеруге қаншалықты дайын екендіктерін өздері шешеді және осы бағытта қаншалықты ілгерілей алатындықтарын, ол тәсілдерді қалай толықтырып, жетілдіре алатындықтарын өздері болжайды. Михаил Чехов жүйесі өте механикалық және технологиялық үлгіде болып келеді. Сыртқы мінез-құлықтың барлығы жан-жақты өңделген блоктарға бөлінеді (мимика, жесттер, жүру, поза, сөйлеу сипаттамасы және т.б.) және дайындықта нақты өңделеді. Бұл жүйелердің принципті ерекшелігі сол – Михаил Чехов жүйесін пайдаланатын адам сырттай тыныш және аз әрекетте қалады, бірақ өте эмоциялық күйде тұрғандай көрінеді. Екі бейне де өте сенімді болады. М. Чехов жүйесі арқылы бейнені жасаған актер көп күйзеліске ұшырамайды, бірақ оның тәсілдерін пайдалану арқылы өзінің техникалық мүмкіндіктерінің кең ауқымдылығын, тереңдігін керемет дәрежеде көрсете алады. Михаил Чехов автордың стилін терең түсіну және оны сахнада жүзеге асыра білу стильдеудің арзан тәсілдерін де, сондай-ақ, театрдағы көркем емес натурализмді да қуып тастайтындығын атап өтті. Пьесаның мазмұнын сезіп, автордың стилін сезген режиссер болашақ қойылымның контурын көре бастайды. Автордың жеке тұлғасын түсіну қойылым қойғанда осы драматургке ғана тән стильді жүзеге асыруға, жана театр формасын табуға және пьесаның стильдік және жанрлық ерекшеліктерін актерлер ойынында, сондай-ақ, спектакльдің сыртқы безендіруінде ескеруге негіз болмақ.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Bilinkis Ya. S. The phenomenon of Mikhail Chekhov // Biliinks Ya. S. Unsubjugated art: About the process of artistic development. – Leningrad, 1991. – 294 – 308 p.
- 2 Bukling L. Mikhail Chekhov in the Western theater and cinema. St. Petersburg., 2000. – 560 p.
- 3 Chekhov M.A. About the art of actor. – M.: Art, 1999. – 271 p.
- 4 Chekhov M.A. Path of the actor: Life and Meetings. – Moscow: ACT Keeper, 2007. – 554 p.
- 5 Kirillov A.A. Theatre of Mikhail Chekhov // Russian acting art of XX century: Sat. of scientific works. – St. Petersburg: Vyp. 1., 1992. – 259-308 p.
- 6 Stanislavsky K.S. About the art of theater: Selected /Predisl. YU. S.Kalashnikov, B.N. Prokofiev. – Moscow: WTO, 1982. – 510 p.
- 7 Stanislavsky K.S. The work of the actor on himself in the creative process of experience. Student's day. – St. Petersburg: Prime–EUROSIGN, 2008. – 478 p.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ
NATURAL SCIENCE

ГТАМР 34.43.01

ҚОЯННЫҢ ҚАН САРЫСУЫНАН G ИММУНОГЛОБУЛИНДЕРІН БӨЛІП АЛУ ЖӘНЕ ТАЗАРТУ

А.Ж. Әбүталипова

*Магистрант, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Ж.Ә. Сұраншиев

*Ғылым жетекші, в.ғ.к., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана қ.*

Г.М. Өтепова

*Аға оқытушы, магистр, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу
университеті, Астана қ.*

Мақалада қоянның сарысуының таза G класты иммуноглобулиндерді бөлу бойынша зерттеу нәтижелері ұсынылды. Ақуыз фракциялары аммоний сульфатының қаныққан ерітіндісімен тұндырылды. Тазарту жұмыстары хроматографияда жүргізіліп, алынған ақуыз концентрациясы Брэдфорд әдісі бойынша анықталды. Бөлініп алынған ақуыздың тазалығына көз жеткізу үшін электрофорез қойылды.

Түйін сөздер: қан сарысуы, ақуыз, G иммуноглобулин, электрофорез, хроматография.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы – қоянның G иммуноглобулинінен пероксидаздық конъюгат дайындалады. Аталған мақсатқа жету үшін келесідей міндеттер қойылады:

1. Дайын иммунделген қоянның қан сарысуынан G иммуноглобулиндерін бөліп алу және тазарту;
2. Накане (перйодаттық әдіс) бойынша иммуноглобулин G бар пероксидаза конъюгатын дайындау;
3. Телімді конъюгаттың белсенділігін иммунды ферменттік әдісінде анықтау.

Имуноглобулиндер – бұл қан плазмасындағы ақуыз қосылыстары-гликопротеидтер, олардың негізгі қызметі денені инфекциялардан қорғау болып табылады. Иммундық антиденелер бес класқа бөлінеді-IgA, IgG, IgM, IgD, IgE. Диагностикалық зерттеулерде IgG, IgA, IgM иммуноглобулиндеріне үлкен мән беріледі. Зерттеу барысында олардың сапалық және сандық мазмұны анықталады. Біріншісі қандағы инфекцияның болуын анықтайды, екінші

зерттеу науқастың қанындағы антиденелердің деңгейін анықтайды. Әрбір инфекция үшін қандағы М және G антиденелерінің белгілі бір деңгейі бар, кейбір инфекциялар иммуноглобулин деңгейінің жоғарылауымен бірге жүрмейді [1, 2].

- 5 Захаров М.С. Инженерно-геологические и инженерно-геотехнические изыскания в строительстве. – М.: АСВ, 2014. – 738 с.

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ
ПЕДАГОГИКА И ОБРАЗОВАНИЕ
FIELD OF PEDAGOGY AND EDUCATION

ҒТАМР 14.15.01

ОҚУЛЫҚ САПАСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.Ф. Акимбекова

Аға оқытушы, в.ғ.м., С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ, Астана қ.

Е.Т. Акимбеков

Аға оқытушы, т.ғ.м., С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ, Астана қ.

Мақалада оқу орындарындағы білім алушылардың білім сапасының қазіргі ахуалы және білім сапасына әсер ететін кейбір жәйттер сөз болады. Қазіргі кезеңде білім сапасының маңыздылығы өзекті мәселелердің бірі болғандықтан, мектеп оқулығының сапасы да білімнің сапалы болуына әсер ететіндігі сөзсіз. Соған байланысты оқулық сапасының да кейбір мәселелерін айта кеткен жөн деп санадық. Себебі оқулық – білімнің қайнар көзі.

Түйін сөздер: білімді ұлт, сапалы білім, сапалы оқулық.

Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында еліміздегі барлық оқушыларды сапалы біліммен қамтамасыз ету мақсат етіп қойылған. Отандық білім беру жүйесін әлемдік білім кеңістігіне шығару үшін педагогтердің мәртебесін арттыру, олардың кәсіби құзыреттілігін дамытуды қамтамасыз ету және сол арқылы оқушылардың білім сапасын арттыру мәселелеріне басты назар аударылған [1].

Білім сапасы туралы айтқанда Мемлекет басшысының Ұлттық жобалар тізбесін бекіту туралы Жарлығы негізінде анықталған 10 жобаның бірі 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын негізге алуға болады.

Одан кейін ел Президентінің халыққа арнаған Жолдауында еліміздегі білім алушы жастарға сапалы білім беру мәселесі сараланып, бүгінгі заман талабына сай білім мазмұнын жетілдіруге назар аударған. Мұғалімдерге жүктелген міндеттердің бірі – оқытуды жаңаша ұйымдастыру, әрбір пәннің ғылыми сипатын арттырып, ұлттық деңгей дәрежесіне жеткізу, «жаңа буын» оқулықтарын сапалы негізде құрастыру, жарыққа шығару [2].

Сапалы білім арқылы тәрбие беруде орын алып отырған олқылықтарды жойып, дүние жүзілік өркениеттілікке жету ХХІ ғасырдың үлесіне тиіп отыр. Сапалы білім беру дегеніміз – жас ұрпақты ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша пайдалы іске, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту. Білім алушының бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жетілдіру болып табылады.

XXI ғасыр білімділердің заманы демекші, қазіргі кезеңде экономикалық, әлеуметтік салалармен қатар білім беру саласы да қарқынды дамуда. Соның бірі – «жаңартылған білім беру жүйесі». Жаңартылған білім беру дегеніміз сапалы білім алуға негізделген, білім алушыларды заманауи үлгіде оқытудың бір жүйесі. Бұл негізінен жаңа технологияларды білім саласында қолдана отырып, құзыреттілікке және сапалы білім беруге бағытталған жүйе [3].

Білім сапасының қазіргі кезеңде өзектілігі кезек күттірмейтін мәселе. Осыған орай ҚР Оқу ағарту министрлігінің дайындауымен «Баршаға қолжетімді сапалы білім» ұлттық баяндамасының жобасы ұсынылды. Бұл елімізде білім берудің жаңа бір бағдарламасы ретінде қолға алынып, жүзеге асырылатын болады. Мұны ұлттық бағдарлама жобасы деп атасақ та болады.

Педагогтердің 2023 жылғы I съезіне Ұлттық баяндама жобасында еліміздегі білім сапасы жайында төмендегідей ақпарат берілген.

Білім сапасы мектеп оқушыларының сапасын тексеру бойынша шығарылған қорытынды білім беру сапасының төмендігін көрсетті. Айталық, PISA – 2018 қорытындысы бойынша, қазақстандық оқушылар әлемнің 78 елі ішінде 69-орында (OECD), PIRLS-2021 нәтижесі – 65 елдің ішінде 35-орын (IEA). Колледждердің 15 жастағы білім алушылары арасында жүргізілген бағалау (PISA-2018), олардың мектепте оқитын қатарластарынан 27 балға артта екенін көрсеткен (OECD). PIAAC мәліметтеріне сәйкес, Қазақстанның жоғары білімі бар ересек тұрғындарының көрсеткен нәтижесі ЭЫДҰ мемлекеттеріндегі ересектерден оқу бойынша да, математикалық сауаттылық бойынша да 35 балға төмен (OECD). Демек, кәсіптік оқытудың Қазақстанда базалық дағдыларды дамытуға айтарлықтай әсері жоқ. Орта, жоғары кәсіби және жоғары оқу орнынан кейін де білім алған қазақстандықтар шамамен математикалық және оқу сауаттылығы бойынша тек екінші деңгейге ғана жеткен. Қазіргі жағдай білім беру сапасын көтеру үшін тиімділігі жоғары кешенді шаралар қабылдауды, сонымен қоса білім беру жүйесінің барлық деңгейін қамтитын білім сапасын бағалаудың тәуелсіз жүйесін енгізуді талап етеді [4].

Білім сапасын арттырудың әртүрлі әдістері мен тәсілдері бар екендігі белгілі. Сабақ барысында оқытушының шеберлігі де, тәжірибесі де, қолданатын әдісі де білім сапасының көрсеткіші болары сөзсіз. Сонымен қатар білім сапасына мектеп оқулықтарының да сапасы әсер етеді деген қорытындыға келдік. Елімізге белгілі педагог Аятжан Ахметжанның 2015 жылы жазған «Оқулық сапасын арттыруға ұсыныс», «Оқулық олқы болса... оқушы қайдан оңады? деген мақалаларында мектеп оқулықтарының сын көтермейтінгін мәселе етіп көтерген. Өз ұсыныстарын айтқан. Бірақ содан бері әлі өзгеріс байқалмайды.

2019 жылы 8 тамызда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде оқулықтар сапасы және мектептерді оқулықтармен қамтамасыз ету мәселелері бойынша өткен жиында да министр мектеп оқулықтары авторларының жұмысын, оқулықтарды сараптау рәсімін және республикалық ғылыми-практикалық «Оқулық» орталығының жұмысын сынға алған еді. Сол ескертулер мен айтылған сын әлі күнге дейін түзелмей отыр. Сапасыз оқулықтан алған білімнің де сапасы болмайтыны белгілі.

Кейінгі жылдары жоғарғы оқу орындарына түскен мектеп түлектерінің көпшілігінің білім сапасының төмендігі байқалуда. Оның себептері де әр алуан және оған оқулық сапасының да әсер ететіндігін атап өттік. Оқулықтардың кейбір тақырыптарда мәтінде түсініксіз сөйлемдер кездесіп қалады. Мектептің физика оқулығы туралы айтатын болсақ, әр сыныптың бірнеше оқулықтарынан біраз есептердің шартында немесе жауаптарында қателер кездеседі. Есептің жауабы қате беріліп тұрғаннан кейін оқушы ол есепке басын қатырмай, әрі қарай ойлануды тоқтатады да, қызығушылығы басылып қалады. Берілген мәтін түсінікті жазылса, қатесіз болса, есептің жауаптары дұрыс берілген болса, оқушы оқуын одан әрі жалғастырып, тапсырманы өз бетімен орындауға да мүмкіншілігі арта түсер еді. Бір ғана оқулықтан мысал келтірсек, Алматы «Мектеп» баспасынан 2019 жылы шыққан «Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық», 10 сынып, 1-бөлім. 211-беттегі 6-сұрақта: «Екі атомды газ берілген. Олардың меншікті жылусыйымдылығын табындар» деген сұрақ бар. Есептің шартында бір ғана газ берілген, олардың деп сұрақты дұрыс қоймаған. Оның меншікті жылусыйымдылықтарын табындар десе дұрыс болар еді. Осындай сұрақтан кейін оқушы қандай газдар, неше газ берілген деген оймен тығырыққа тіреледі. Осы тарауда 214-беттегі жаттығудың 2-есебі: «Бір атомды идеал газ адиабаталық ұлғайған кезде оның температурасы екі есе артады. Газдың температурасы неше есе өзгереді?» Газдың температурасы екі есе артады дейді де, неше есе өзгереді деп сұрақ қояды. Міне, сөйлемдерді еш өзгеріссіз беріп отырмыз, тек бір оқулықтың бір ғана тарауынан. Осы сыныпқа арналған оқулықтың 2-бөлімінде де қателер өте көп кездеседі. Оқулықтың 68-бетінде 1-есептің шарты толық берілмеген, яғни бір ғана сөйлем берілген. Есеп шарты толық болмағандықтан оны шығару мүмкін емес. Дәл осы жаттығудың 5-есебінің жауабын дұрыс көрсетпеген, оқушы тағы да сенімсіз күйге түседі. Осы тәрізді мысалдарды басқа да тақырыптардан, басқа сыныптың да оқулықтарынан көптеп келтіруге болады. Мұндай оқулықпен оқушы қандай сапалы білім алады. Мына есептің жауабы қате берілген екен деген мұғалімге оқушы сенімсіздікпен қарауы сөзсіз.

Болашақ инженер өз мамандығын меңгеруде физика пәнінің ролі зор екенін жақсы біледі. Қазіргі заманға сай техникаларды өмірге әкелуші, ғылыми-техникалық прогрессті дамытушы болашақ инженерлердің ғылыми көзқарастарын қалыптастырудағы физика мен кәсіби-техникалық пәндердің интеграциясына ерекше мән берілуі керек.

Қазіргі балаларды бұрынғылармен салыстыруға келмейді. Оның үстіне, бүгінгі жеткіншектердің көбі әдеби, көне сөздердің мән-мағынасын түсіне бермейді. Оқулық сапасы білім сапасына әсер етеді деген ойға келген себебіміз, білімалушы оқулықта қателердің бар екенін көргеннен кейін одан ары қарай оқуға құштарлығы да төмендейді, содан оқу сапасы да төмендейді. Оқулықта мәтіндер орыс тілінен аударылғанда кейбір сөздер, сөз тіркестері түсініксіз аударылады. Оқулықты баспаға ұсынғанда тексерістен өтпей ма деген ой

келеді. Есептің жауабы қате берілгеннен соң, мәтін түсініксіз болған соң оқушының есеп шығаруға ары қарай құлқы болмай қалады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2011-2021 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz>.

2 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. – 2022.

3 Дауленова Г.Ж. Жаңартылған білім берудің тиімділігі мен ерекшеліктері // Молодой ученый. – 2021. № 25.1. – С. 4-5.

4 Баршаға қолжетімді сапалы білім. Педагогтердің І съезіне Ұлттық баяндама жобасы, Астана, 2023.

5 <https://massaget.kz/okushyilarga/58198/>.

6 <https://massaget.kz/basty-zhaalytar-438/92144/>.

ҒТАМР 14.25.07

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНА БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.Б. Дауленбекова

Магистрант, С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.

Г.Е. Садыканова

Ғылыми жетекші, С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.

Мақалада оқытудың әртүрлі формаларының оқушылардың функционалды жағдайына әсері қарастырылады. Жас ұрпақтың денсаулық жағдайы және соңғы жылдары оның деңгейінің айтарлықтай төмендеуі өсіп келе жатқан ағзаның функционалды жағдайын бақылау қажеттілігін анықтайды.

Түйін сөздер: оқушылардың денсаулық жағдайы, білім беру ортасының қауіп факторлары, инновациялық білім беру технологиялары, қозғалыс белсенділігі, бейімделу.

Оқушылардың мектепке бейімделуі – үздіксіз өсу процестері фонында компенсаторлық-бейімделу жүйелерінің айтарлықтай шиеленісімен бірге жүретін күрделі динамикалық әлеуметтік-психофизиологиялық процесс. Оқушылардың жұмыс қабілеттілігінің тұрақты деңгейін сақтау, функционалды және бейімделу мүмкіндіктерін арттыру мақсатында оқушылардың ағзасына оқытудың инновациялық стратегиялары мен технологияларының әсерін мұқият зерделеу қажеттілігі туындайды.

«Инновация» ұғымы жаңалықты, өзгерісті білдіреді; инновация құрал және процесс ретінде жаңа нәрсені енгізуді бағамдайды. Педагогикалық процеске қатысты инновация оқыту мен тәрбиелеудің мақсаттарына, мазмұнына, әдістері мен формаларына жаңаны енгізуді, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруды білдіреді.

Марклунд білім берудегі жаңалықтардың үш деңгейін атап өтеді:

- 1) мектептің сыртқы құрылымы және ең алдымен сыныптардың саны, білім дәрежесі (жасы) және оқытудың әртүрлі пәндерге (курстарына) бөлінуі;
- 2) оқытудың мақсаттары мен мазмұнын көрсете отырып, оқу пәндерінің тәртібі мен жоспарлары;

3) оқытушының оқыту әдістері, оқушылардың жұмыс тәсілі, білім беру материалдары (құралдары), қандай материал зерттеледі және бағалау формалары.

Қазіргі заманғы жалпы білім берудің ерекшелігі – оқытудың жаңа тәсілдерін, құралдары мен нысандарын іздеу. Қазіргі уақытта білім беруге оқу-тәрбие процесінің қарқындылығымен сипатталатын инновациялық оқу орындары (лицейлер, гимназиялар, кадет мектептері, жекеменшік мектептер) кеңінен енгізілуде. Алайда бастамалардың сипаты олардың жеткіліксіз әлеуметтік және ғылыми негізділігін тудырды.

Оқытудың инновациялық формалары мектепті ізгілендіру міндеттерін іске асыруға ықпал етеді, мектептің ашық адами қарым-қатынас орнына айналуына әкеледі, ал оның психологиялық климаты шығармашылық ойлаудың дамуына, педагогикалық процестің барлық қатысушыларының жеке өсуіне ықпал етеді деп саналады.

Жаңа бағдарламалар оқу еңбегінің типтік жоғары қарқындылығынан ерекшеленеді, оқушылардан айтарлықтай психоэмоционалды шығындарды талап етеді. Үлкен энергия шығындары функционалды жүйелердің кернеуіне әкеледі, бұл өз кезегінде баланың сомалық денсаулығына әсер етеді.

Баланың жасына және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін инновациялық әдістемелік тәсілдер мен білім беру технологияларын қолдану оның денсаулығында елеулі ауытқулар тудыруы мүмкін екендігі белгілі. Бұл балалар мен жасөспірімдердің аурушандығының өсуіне әкеледі. Шамадан тыс оқу жүктемелері, ұтымсыз демалу, үнемі жұмыс істейтін және өсіп келе жатқан стресстік жағдайлар психикалық денсаулыққа ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік бейімделмеген жасөспірімдердің өсуіне, олардың девиантты мінез-құлқына ықпал ететін әлеуметтік бейімделуге де кері әсер етеді.

Заманауи инновациялық оқу-тәрбие процесі өзінің технологиясымен, ақпарат көлемімен, сабақтарды физиологиялық-гигиеналық ұйымдастырудың ерекшелігімен оқушыларға зор талап қояды, олар, әдетте, мектеп оқушысының бейімделу және функционалдық мүмкіндіктерінің шеңберінен асып түседі.

Жаңа типтегі мектептердегі оқу жүктемесінің артуы ізсіз қалмайды. Гимназия оқушыларының 50%-ы оқу күнін қатты және айқын шаршау белгілерімен аяқтайды. Жалпы білім беретін мектептерде мұндай балалардың үлесі 20-30%-дан аспайды. Оқу жылының соңына қарай гимназия оқушыларында гипертониялық реакциялардың жиілігі 2 есе артады, ал қан қысымындағы қолайсыз өзгерістердің жалпы саны 90%-ға дейін жетеді. Невротизацияның жоғарылауының көріністері жаңа типтегі мектеп оқушыларының көпшілігінде (80%> дейін) кездеседі. Оқу аптасының соңына қарай ағзаның функционалдық резервтері бастауыш сынып оқушыларының 30%-да, 5-9 сынып оқушыларының 24% – және жоғары сынып оқушыларының 20%-да төмендейді.

А.Г. Хрипкова мектеп оқушыларының денсаулығындағы қолайсыздықтың себептерін зерттей отырып, мектептердегі оқу жоспарлары оқушыларды шамадан тыс жүктемеге ұшыратады деп мәлімдейді. Сонымен

қатар, шет тілдерін оқытуға сағат саны артып келеді, жаңа курстар енгізіледі, тереңдетілген бағдарламалар бойынша сабақтар өткізіледі. Оқушылардың денсаулығының нашарлау дәрежесі мен сипатына және оқу жүктемелерінің көлемі мен қарқындылығына айқын тәуелділік анықталды.

Е.П. Воробьева атап өткендей, оқу жылының соңына қарай физикалық дамудың төмен және орташа деңгейінен төмен лицей оқушыларының саны өсуде, бұған дене салмағының төмендеуі және өзгермейтін кеуде қуысының көлемі себеп.

Ал В. П. Осотованың зерттеу нәтижелері жалпы білім беретін мектепке қарағанда лицейлер үйлесімді физикалық дамуымен, сондай-ақ лицейде оқитын қыздардың ертерек жыныстық жетілуімен сипатталатындығын көрсетеді.

Ағзаның функционалдық мүмкіндіктерінің төмендеуі және патологиялық өзгерістердің дамуы үшін қауіп факторларының әсері қан айналымы жүйесінің бейімделу әлеуетін төмендеуі есебінен жүзеге асырылады. Н.Н. Сиваков лицей-оқушылардың ағзасына қоршаған ортаның әсер ету дәрежесін «денсаулық құрылымын» анықтау арқылы бағалады, яғни қоршаған орта жағдайларына бейімделудің әр түрлі дәрежесі бар адамдардың пайызы градациялар бойынша деңгейлерге бөлді. Автор «денсаулық құрылымының» қанағаттанарлық бейімделу аймағынан дәстүрлі бағдарлама бойынша оқитын балалардағы толық емес немесе ішінара бейімделу аймағына ауысуын атап өтті. «Денсаулық құрылымы» дамыту бағдарламасы бойынша білім алушыларда іс жүзінде өзгерген жоқ.

Балалар мен жасөспірімдерді оқыту және тәрбиелеу әрқашан ақыл-ой белсенділігімен, мидың интегративті жұмысын қамтамасыз ететін көптеген функционалды жүйелерді белсендірумен байланысты. Оқу жұмысы балалардың тірек-қимыл аппараты мен бұлшықет жүйесіне айтарлықтай жүктеме тудыратын мәжбүрлі жұмыс қалпын ұзақ уақыт сақтауды талап етеді. Қарқынды немесе ұзақ ақыл-ой белсенділігі кезінде оқушыларда шаршау дамиды.

Н.Н. Хасанова эксперименттік және дәстүрлі сыныптарда оқитын 7 жасар оқушыларда оқу күнінің бойында ақыл-ой жұмыс қабілеттілігінің көрсеткіштерінің нашарлайтындығын байқап, тіпті жұмыс қабілеттілігінің төмендеуі оқу күні ішінде бастапқы кезеңдерінде басталатындығын анықтаған. Келеңсіз өзгерістер гимназиямен салыстырғанда гимназиялық және дәстүрлі сынып оқушыларында айқын болған.

Шаршау ағзаның физиологиялық жүйелерінің функционалдық күйінің күндік, апталық және жылдық уақыт кезеңдеріндегі ақыл-ой жұмыс қабілеттілігінің, жүрек ырғағының статистикалық параметрлерінің, симпатол-адренал жүйесіндегі және зат алмасу процестеріндегі өзгерістерден көрінеді. Көбінесе ұлдар мен қыздарда оқу жылының соңына қарай шамадан тыс оқу жүктемесі, оқытуды ұйымдастырудың физиологиялық-гигиеналық принциптерін сақтамау, күн тәртібін бұзу салдарынан бейімделу процесінің аяқталмауы (дезадаптация) байқалады.

Оқушылардың оқу іс-әрекеті функцияларды реттеудің жүйкелік және эндокриндік механизмдеріне кешенді әсер етеді. М.В. Антропова оқу іс-әрекеті өзара байланысты үш компоненттен тұрады: ақыл-ой жұмысы, статикалық толық ширығу және динамикалық физикалық жұмыс. Оқушының күнделікті өмірінде, әдетте, статикалық компонент басым болады, ал қозғалыс белсенділігі төмендейді, бұл оның ағзасындағы жүйелерінің функционалды жағдайына теріс әсер етеді.

Оқу жүктемесі оқушылардың денсаулық жағдайына айтарлықтай әсер етеді, бұған топтың жалпы аллергиялық аурулармен, тыныс алу органдарының ауруларымен және мектептегі психоэмоционалды шиеленіс деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер арасындағы жоғары корреляциялық коэффициенттер дәлел бола алады.

Күндізгі ұзақ белсенділіктен кейін тек толық түнгі ұйқы ми қыртысының жасушаларының функционалды жұмыс қабылеттілігін қалпына келтіретіні белгілі. Әдебиеттерде жинақталған деректер оқушылардың ашық ауадағы демалыстары мен түнгі ұйқысының азайғандығын көрсетеді. Инновациялық сипаттағы мекемелердің оқушыларында күн тәртібінің бұзылуы айқынырақ болды. Шамадан тыс жүктеме және тиімсіз демалыс реттеуші жүйелердің кернеуін тудырады, ағзаның бейімделу қабілетінің төмендеуіне әкелетін бірқатар күрделі өзгерістерге әкеледі.

Оқу процесімен байланысты ақыл-ой қызметі балалар үшін ең қиын әрекеттердің бірі болып табылады. Балалардың ми қыртысының жүйке жасушалары әлі де салыстырмалы түрде төмен функционалдылыққа ие, сондықтан үлкен ақыл-ой жүктемесі олардың әлсіреуіне әкелуі мүмкін.

Әдебиеттерде оқушылардың денсаулығына оқу жүктемесі де (оқу түрі, жалпы сағат саны, жеке жетістіктер, жеке сабақтар және т.б.), оқу ортасының сапасы да (оқу ортасының микроклимат факторлары, жұмыс орындарының жарықтандырылуы, жылыту және т.б.), сондай-ақ мектептегі қызмет көрсету сапасы (тамақтану, спорттық іс-шаралар, мектептің ғимараттары мен негізгі оқу орындары және т.б.) айтарлықтай және бірдей дәрежеде әсер ететіні туралы деректер бар. Сонымен қатар аталған факторлар мектеп жасына тән жалпы және спецификалық аурушандыққа – сезім мүшелерінің, жүрек-тамыр және жүйке жүйелерінің, асқазан-ішек жолдарының ауруларына, сондай-ақ кейбір эндокриндік ауруларға әсер етеді.

Қорытындыласақ, бүгінгі мектептердің көпшілігінде орын алған үздіксіз білім беру инновациялары жас ұрпақтың денсаулығын сақтау мәселесін бірнеше рет шиеленістірді. С.В. Степановтың пікірінше, өзгерген әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайдан кейін білім беру мазмұнын бейімдей отырып, инновациялық мектептерде ілеспе педагогикалық технологиялар әрдайым сәйкес келе бермейді. Нәтижесінде оқушы шамадан тыс жүктемелерге толы оқу жоспарлары мен бағдарламаларының кепіліне айналады, мемлекеттің дәстүрлі «экстенсивті оқытуының» құрбаны болады, бұл баланың денсаулығының нашарлауына әкеледі.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Логутова Е.В., Медведев А.В. Особенности адаптации и успешности в учебной деятельности старшеклассников различных образовательных профилей // АНИ: педагогика и психология. 2017, Т. 6, № 2(19). – С.265-267.
- 2 Иванов В.М., Хагай В.С. Психолого-педагогическая безопасность современной образовательной сферы // Мир науки, культуры, образования. № 2 (93), 2022. – С.123-126.
- 3 Иванченко И.В., Пилюгина Е.И., Шелпова Е.В., Петков В.А., Романов Д.А. Методика диагностики рисков образовательной среды. Вестник Адыгейского государственного университета. 2018, № 3 (223). – С. 45-50.
- 4 Кочеров А.В. Агрессивное поведение подростков как фактор риска психологической безопасности образовательной среды. Инновационное развитие. 2018, № 1 (18).
- 5 Силантьев М.Н. Особенности адаптации детей и подростков к инновационным образовательным технологиям // Вестник Адыгейского государственного университета. Естественно-математические и технические науки. 2007. № 4. – С. 168-175.
- 6 Ткачук Е.А., Филиппов Е.С., Жданова-Заплесичко И.Г. Состояния здоровья школьников в условиях реформирования образования // Сибирский медицинский журнал, 2012, № 3. – С. 14-17.
- 7 Воробьева Е.П. Состояние и динамика развития учащихся лицейских классов // Проблемы детской антропологии. Всероссийская научная конференция: Тез. докл. – Ставрополь, 2001. – С.148
- 8 Осотова В.П. Особенности физического и полового развития школьников с различным профилем обучения // Гигиена и санитария. – 1998. – № 3. – С. 44-46.

ҒТАМР 14.15.27

БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Т. Калманова

Аға оқытушы, т.ғ.м., М. Оспанов атындағы БҚМУ, Ақтөбе қ.

Елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін өз жолын дұрыс таңдай білетін, оң шешім қабылдай алатын тұлға дайындау болып отыр.

Түйін сөздер: инновациялық оқыту, білім беру жүйесі, инновация, модульдік технология.

Қазіргі кезде білім беру жүйесін инновациялық білім беру жүйесіне көшіруге жұмыстар жасалуда. Ол үшін педагогтың жаңашыл білім беру жүйесі мен инновациялық білім беру мекемесін дамыту қажет. Білім беру саласындағы инновацияны жасау, игеру және тарату – жаңа білім беру жүйесін қалыптастырады. Бұл икемді, ашық, жеке тұлғалық, жасампаздық білімнің, адамның бүкіл өмір бойы үздіксіз білім алуының жаһандық жүйесі. Инновациялық білім беру мекемесі – ол дарын мектеп, мектепке дейінгі немесе мектептен тыс мекеме, мамандар даярлау немесе қайта даярлау орталығы және т.б.: баланың өмірін ұйымдастырудың бұқаралық мектептегіден өзгеше моделін жасап, жүзеге асыру; білім берудің дәстүрлі мазмұнынан өзгеше, өзін өзі сезіну, өзін-өзі реттеу, өздігінен білім алу, өз өмір жолын анықтау іскерлігі мен құралдарын меңгертуді қамтитын мазмұнын жасау; педагогтың еңбегінің басқа мазмұны іздестіріледі, оқытушының жеке басының шығармашылық білімдерін, өз еңбегінің мазмұны мен нәтижесі үшін жеке жауапкершілігін дамытуға бағытталаған оның жұмысының жаңа құралдары мен әдістері сыналып, байқаудан өтеді.

Инновация – жаңалық, жаңашылдық, өзгеріс деген ұғымды білдірсе, олай болса оқу процесіне әлдебір жаңалықты ендіру деген сөз. Білім беру саласындағы инновациялық процестердің мәнін түсінуде екі маңызды мәселе жатыр – қалыптасқан педагогикалық тәжірибені жалпылау, ауқымын кеңейтіп тарату, оқыту және психология-педагогикалық ғылымдағы жетістіктерді қолданысқа енгізу мәселелері. Қазіргі қоғам, мәдениет және білім беру

саласының дамуы жағдайында педагогикалық бағытта инновациялық бағдарды енгізудің қажеттілігі бірнеше жағдайлармен анықталады.

Біріншіден, қазіргі таңдағы саяси-экономикалық қайта құрулар түрлі типтегі оқыту мекемелерінде білім беру саласының жүйелерін, оқу ісі мен тәрбие процестеріндегі ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері мен амалдарын түбірімен өзгертуге алып келіп отыр. Педагогикалық жаңалықтарды ашуды, меңгеру мен қолдануды өз бойына сіңіре білген оқытушылар мен тәрбиешілердің қызметінің инновациялануға бағыттылығы білім беру саясатын жаңартудың құралы ретінде танылады.

Екіншіден, білім беру мазмұнын гуманитаризациялау, оқу пәндерінің көлемі мен құрамын үздіксіз өзгерту, жаңа оқу пәндерін енгізу оқытудың жаңа технологияларды үздіксіз іздестіріп отыруға міндеттейді. Аталған жағдайда оқытушылық ортада педагогикалық білімнің рөлі мен беделі өседі.

Үшіншіден, оқытушының педагогикалық жаңалықтарды меңгеру мен қолдану фактісінің өзіне қатынасының өзгеруі.

Төртіншіден, жалпы білім беретін мекемелердің нарықтық қатынасқа енуі, жаңа мемлекеттік, сонымен қатар мемлекеттік емес білім мекемелерін ашу олардың арасында бәскелестік жағдайын тудырады [3]. Қазіргі таңда, білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру мектептің осы күнге дейін дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарына жол ашты. Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше менталитет пайда болуда [1, 2, 3]. Білім беру мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілетінің дамуымен ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламасының нақтылануымен байланысқа түсуде. Ақпарат дәстүрлі әдістері: ауызша және жазбаша, телефон және радио байланыс – қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде.

XXI ғасыр табалдырығында тұрған азамат дамуының жаңа кезеңі білім беру прогрестің ең маңызды факторларының бірі болып саналатын кезең. Қазақстан Республикасының орта білімді дамыту тұжырымдамасында қазіргі мектептер:

- практикалық қызметте жинақталған барлық игіліктердің сақталуы;
- қоғамның интеллектуалды қуатын жетілдіру;
- еліміздің материалдық-қаржылық әл-ауқатын әрі қарай дамыту;
- орта білім беру жүйесін әрі қарай дамыту тағы сол сияқты міндеттерді

көздейді. Қоғамдағы қазіргі кезде қайта құрулар экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар қоғамның алдағы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінің білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологиялары, оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды – машыққа қол жеткізу ғана

емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі ізденіп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі әлемде болып жатқан өзгерістермен педагогикалық қоғамдастықтың алдында білім берудің жаңа модулін құрудың, сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр. Оның жүйесінің негізгі ұстанымдары: «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» көрсетілген [3; 2]. Қазіргі кезде әлемдік қауымдастық Қазақстанды нарықтық экономика елі ретінде танып отыр. Тәуелсіздік алған қысқа тарихи кезең ішінде Қазақстан экономикада сілкініс жасады, әлемдік өркениетпен ықпалдасуда жаңа прогресшіл технологияларды пайдалануда. Елдің әлеуметтік– экономикалық даму перспективалары айқындалған. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруді мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу процесіне басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы Н.В. Горбунова, М.В. Кларин, А.В.Лоренсов, М.М. Потащник, В.И.Загвязинский, Т.И.Шамова, Н.Р. Чосуорбекова және т.б. зерттеулерінде қарастырылған [4, 5, 6, 9]. Бүгінгі таңда Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А.Амоношвилидің ізгілікті тұлғалық теориясы, В.А. Шаталовтың оқу материалының тірек белгілерімен тірек конспектілері (сызба үлгілері)негізінде қарқынды оқыту технологиясы, П.И.Третьяковтың, К.Вазинаның, М.М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы, В.М.Монаховтың, В.П.Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал. Сонымен қатар Лысенкованың «Перспективті дамыта оқыту технологиясы», «В.В. Фирсовтың «Міндетті нәтижелер негізіндегі саралап оқыту технологиясы», Н.Н.Пиканның «Саралап деңгейлеу технологиясы», В.Дьяченконың «Жобалап оқыту технологиясы», М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы», В.М. Монаховтың технологиясы, Д.Б.Эльконин, В.В Давыдовтың «Дамыта оқыту технологиясы», В.Занковтың дамыта оқыту жүйесі, И.П. Волковтың «Шығармашылық пен дамыта білім беру технологиясы», Ш.Амоношвилидің «Ізгілікті – тұлғаны оқыту технологиясы», В.Д.Шадриков «Жеке бағытталған оқу жоспары негізінде оқыту технологиясы», «Ұжымдық тәсілмен оқыту технологиясы», «Ақпараттық оқыту технологиясы», «Проблемалық оқыту технологиясы», «Ойын арқылы оқыту технологиясы», және т.с.с. жаңа технологиялық оқыту түрлері зерттелді. Сонымен қатар, қазіргі таңда медицина мамандығы студенттеріне үздіксіз білім берудің интеграцияланған медициналық білім беру бағдарламасымен оқыту үрдісін (TBL, PBL, case – study) айтып өтуге болды. Ғылым мен техникалық прогрестің дамуы, қоғамның өзгеруі, жаһандану заманының басталуы, білім мазмұнын жаңа оқулықтар арқылы жаңартуға мол мүмкіндіктер туғызды. Білім теңіз, оның тереңін жетік білетін, сырын меңгерген адамдарды дайындайтын

мұғалім. Әрбір ұстаз өз Отанын шексіз сүйетін, білімді, іскер, адамгершілігі мол, парасатты, мәдениеті жан-жақты жетілген ұрпақ дайындауға міндетті. Ол үшін мұғалім өзі оқытатын пәндердің ғылыми әдістемелік деңгейін ғылыми ұйымдастырғанда, яғни сабақта әртүрлі әдіс-тәсілді кешенді жоспармен пайдаланғанда ғана қолы жетеді. Қазіргі таңда әлемдік оқу процесінің өзегі жаңа технологиялар мектеп практикасына енгізілген. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді.

1) Болашақ мұғалімдерді ақпаратты қоғам жағдайында оқып білім алуға, өмір сүруге бейімдеу;

2) Жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияға бейімделген білім берудің ғылыми әдістемелік базасын жасау, білім беру жүйесін жақсарту;

3) Дүниежүзілік ақпараттық білім кеңістігіне орта білім беру мен жоғары білім беру жүйесін сәйкестендіре отырып кіріктіру;

4) Білім берудің иллюстративтік түсіндірмелі жүйесін дамыта оқыту жүйесіне көшу. Оқыту үрдісінде білім алушы шығармашылығына негізделген оқыту әдістерін пайдалануға түбегейлі көшу.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған басты міндеттемелердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіру. Бүгінгі ғылыми-техникалық прогрестің қарқындап дамуы кезінде өндірісті автоматтандыру, компьютерлендіру мәселесімен тығыз байланысты өркендетіп отырған өтпелі кезеңде мектеп оқушыларына ғылым негіздерін меңгеруде білімді әлемдік стандартқа жақындату, оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңарту арқылы білім сапасын көтеру мемлекеттік мәселе болып отыр. Бұл мәселелерді ойдағыдай шешу мектептің материалдық базасына, оқу-әдістемелік құралдардың ғылыми-әдістемелік негізде жасалуына мұғалімдердің ұстаздық еңбекті жаңа технологиялық тұрғыда ұйымдастыруына, сонымен бірге мектеп басшыларының педагогикалық бірлігіне, оқу-тәрбие үрдісінің бүгінгі күн талабына сай ұйымдастыра білуімізге байланысты болмақ.

Қорыта келе, білім – ел қазынасы, халқымыздың білімділігі – ел байлығы. Уақыт талабына сай білім беру үшін оқытудың жаңаша әдістерін қолдануымыз қажет. Оқушылардың алатын негізгі білімдерінің сапасы оқыту дәрежесіне тәуелді. Сондықтан әрбір ұстаз – өз ісінің шебері, яғни жан-жақты ізденгіш жаңашыл болып, оқушының білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында сабақтың құрылымы мен әдіс тәсілдерін өзгертіп отыруы қажет. Жұмыстың тақырыбы бойынша негізгі міндеттерді орындау үшін көптеген педагогикалық әдістемелік және жаңа талаптарға арнайы әдебиеттерге ізденістер жасалып, әдебиеттік шолулар келтірілді. Қазіргі заман талабына сай педагогика ғылымының алдында тұрған міндеттерді ең қолайлы жинақы түрде шешу үшін алғы шарт жасайтын – инновациялық, модульдік технология оңтайлы әдіспен оқытуда тиімді пайдалану арқылы баланы бір тұлға деп қарап, оны оқытушы мен тең әріптестік қалыпта ұстап, білім алу арқылы дамуын, танымдық қабілетін, шығармашылық ізденісін тереңдетуге, сөздік қорын

дамытуға, дарынды балалармен жүйелі жұмыс жасауға болатынын зерттеу барысында педагогикалық іс-тәжірбиелер арқылы көрсетілген. Сонымен қатар бұл:

- Қазіргі кезеңдегі жоғары сынып оқушыларына инновациялық-дидактикалық оқыту технологиясы арқылы білім берудің ғылыми-теориялық негіздері.
- Жаңа педагогикалық технология – модульдік технологияның мазмұны және оны пәнді оқыту сапасын арттыруда пайдалану.
- Оқыту процесін жаңа педагогикалық технологиялар арқылы оңтайландыр;
 - Оқытуды оңтайландыру тәсілдерінің жүйесі;
 - Жаңа технологияны білім саласында пайдаланудың маңыздылығы;
 - Оқу модулін даярлау технологиясы;
 - Оқу модуліне білім алушы қызметін бағалау;
 - Студенттердің білім, білік, дағдыларын бақылау және тексеру;
 - Оқу модулінің сөйлесу бөлімінде оқытудың белсенді әдісін пайдалану;
 - Деңгейлеп саралап оқыту ерекшеліктері. Жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың білім беру үрдісіндегі маңызы бүгінгі күні дәлелденуде.

Қолданылған әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы // 6 шілде 1999 ж.
- 2 Қазақстан Республикасы «Білім» мемлекеттік бағдарламасы // 28 қазан, 2000 ж.
- 3 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // №1, 2004 ж.
- 4 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологий. – М.: «Педагогика», 1989. – 21-38 б.
- 5 Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. – Ақтөбе: РИПК: СО, 1999.
- 6 Мұхамбетов С.Қ. Педагогика. – Ақтөбе, 2001.
- 7 Педагогика. Дәріс құралы. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2003.
- 8 Инновационное обучение: Стратегия и практика // Под. ред В.Я.Ляудие. – М., 1994.
- 9 Сабыров Т.А Оқушылардың өз белсенділіктерін арттыру жолдары. – Алматы: Мектеп, 1978.
- 10 Дьяченко В.К. Новая педагогической технологии. – М: Педагогика, 1989.

ҒТАМР 14.33.01

БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІН МОБИЛЬДІ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНІН ОҚУШЫЛАРҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Ұ.Н. Шора

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада болашақ бастауыш педагогтерін мобильді технология арқылы жаратылыстану пәнін оқушыларға даярлау теориялық тұрғыда негізделді. Бастауыш сынып педагогтерінің ақпараттық-технологиялық қабілеттерін сабақ барысында іске асыра алу қабілеттері басты назарда болуы керектігі дәлелденіп, оқушыларды жаратылыстану пәніне деген ынтасын арттыру басты мақсат екендігі айтылды. Мобильдік ақпараттық технологиялардың оқу процесіне енгізілу барысы дәлелдермен және мысалдармен келтірілді. Бастауыш сынып мұғалімдерінің аталған технологияны қолдануда қандай артықшылықтарға ие болатындығы жайлы көптеген мәліметтер көрсетіліп, нақтыланды.

Түйін сөздер: технология, мобильдік технология, күзиреттілік, дағды, іскерлік, қабілет.

Қазіргі білім беру жүйесінің басты талабы – жан-жақты дамыған, ақпараттық технологияларды жетік меңгерген, сауатты тұлғаны қалыптастыру. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасындағы бес басым бағыттарының бірінде: «Адами капиталды дамыту» – жаңа жағдайға – білім экономикасына көшуді қамтамасыз ету үшін креативті құруды қамтитын түрлендіру бағыты» деп көрсетіледі. Аталған бағыттың бірқатар бөлігі білім беру жүйесінде іске асырылуда. Осы тұста, өскелең ұрпақтың цифрлық сауаттылығы мен ақпараттық дағдыларын дамыту керек екендігі айқындала түседі.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімдері келер ұрпақтың сауаттылығының негізі болса, оның астарында ақпараттық техникалық білімдерінің дамуы жатыр. Білім беру реформасының да көздегені – еліміздің әрбір азаматы білікті маман ретінде таныла алатындай деңгейге көтерілу болып табылады. Мобильді ақпараттық технологиялар арқылы болашақ бастауыш сынып мамандарының қабілеттіліктерін қалыптастырудың негізгі бағыты – қазіргі қоғамның талабына сай, өз еркімен шешім қабылдай алатын, бәсекеге қабілетті, ақпараттық білімділігі мен біліктілігінің қойылып отырған талапқа сәйкес келуімен сипатталады.

Осы тұста, мобильдік технологиялар (ұялы телефондар, смартфондар, планшеттік компьютерлер, компьютерлер) адамның сандық өмірінің басты бөлігіне айналғанын баса айтқан жөн. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, соңғы бес жыл ішінде компьютерлер мен мобильді ақпараттық технологияларды (МІТ) қолдана алатын жасөспірімдер саны шамамен он есеге артқан. Қазіргі уақытта барлығында мобильді құрылғылар бар, бұл кез келген ақпаратқа, атап айтқанда білім беру түріне қол жетімді құрал. Бұл тақырып Е.В.Вульфович, Н.Голицын, Н.Л.Половникова, Н.В.Самохин – зерттеушілер кезінде қозғалған болатын. Бұл проблемамен К.Бетти, В.М. Фрэнк, С.Фрейник, Д.Ричардсон және басқалары – сияқты шетелдік зерттеушілер айналысқан. Ал отандық ғалымдардан Б.Баймұханов, Б.Д.Сыдықов өздерінің «Компьютерлік оқу әдістемелік кешенді құрудың негізгі дидактикалық принциптері» деп аталатын еңбектерінде былай дейді: заманауи ақпараттық технологияларды пайдалану оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып білім берудегі дараландыру проблемаларын шешуде жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен қоса, Н.Е. Исабек зерттеу жұмысында студенттерді компьютерлік графиканы кәсіби іс-әрекеттерде пайдалануға даярлау жүйесін жасау және оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттарын айқындаған.

Жалпы, «Техника» терминінің екі мағынасы бар екені айқын:

– біріншісі – өндіріс құралдарының жиынтығы;

– екіншісі – бір істі орындағанда қолданылатын тәсілдер жинағы.

«Технология» термині сол тәсілдер жүйесі (ілім) деген мағынаны білдіреді. «Технология» деген термин гректің түп тамыры *techne* – өнер, шеберлік, кәсіп және *logos* – ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе білімді беретін деген сөзді құрайды. Ол өндірістік үдерістерді жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы.

Зерттеушілер білім беру құралы ретіндегі мобильдік ақпараттық технологиялардың бірнеше артықшылықтарын атап көрсетеді:

1. Ұтқырлық (көшеде, ғимаратта, үйде т.б. қолдануға болады) және оқуға лезде ауысу мүмкіндігі.

2. Мультимедиялық оқу материалдарын жасауға мүмкіндік беретін мыңдаған қосымшалардың тегін болуы.

3. Көпфункционалдылық (бейне, мәтіндік және дауыстық жазбаларды жазу, сканерлеу, мәтінді синхронды аудару, маршрутты есептеу және т.б.) және ондаған басқа сандық құрылғыларды ауыстыру.

4. Ақпаратты әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде басқаларға жылдам беру.

5. Сатып алу кезінде де (смартфонның бағасы орташа айлық жалақының жартысынан аспайды) және пайдалану кезінде де салыстырмалы түрде арзан құрылғы (жұмыс үстелімен салыстырғанда электр қуатын аз тұтыну).

6. Көптеген позицияларда жұмыс істеуге мүмкіндік береді (отыру, жату, тұру, иілу) және оны бір қолмен басқаруға (кішкентай, жеңіл және өте эргономикалық).

7. Смартфонды өзіңізге бейімдеу және жекелендіру оңай.

Қазіргі уақытта жаратылыстану-ғылыми білім беруде сабақ барысында интерактивті құралдарды қолдануда. Интерактивті құралдардың көмегімен мұғалімнің, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр. Интерактивті тақта дегеніміз – бұл компьютердің қосымша құрылғыларының бірі және де дәріс берушіге немесе баяндамашыға екі түрлі құралдарды біріктіретін: ақпараттың кескіні мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрал.

Енді, қазіргі бастауыш сынып педагогтерінің мобильді технологияларды жаратылыстану пәнінде табысты пайдалану үшін қажетті білімі, іскерлігі мен дағдыларына тоқтала кетейік (1-кесте).

Кесте 1. Қазіргі бастауыш сынып педагогтерінің жаратылыстану пәнін оқушыларға оқыту процесінде мобильді технологияларды сәтті пайдалану үшін қажетті білімі, іскерлігі мен дағдылары.

БІЛІМ	Мобильді құрылғылардың ең маңызды техникалық ерекшеліктері туралы
	Мектепте жаратылыстану пәнін оқыту процесін жетілдірудің перспективалары және онда мобильді технологияларды қолдануды кеңейтуге байланысы туралы
	Гаджеттермен жұмыс барысында оқушылардың психикасының жұмыс істеу ерекшеліктері туралы
	Сабақта мобильді технологияларды тиімді пайдалану үшін қолданылатын негізгі мүмкіндіктер туралы
ІСКЕРЛІК	Мобильді технологияларды пайдалана отырып оқу сабақтарын өткізуді тиімді жоспарлау
	«Сенімді әрі еркін пайдаланушы» деңгейінде заманауи мобильді құрылғыларды пайдалану
ДАҒДЫ	Оқу сабақтарын өткізу үшін қажетті ақпаратты тиімді іздеу және оны мобильді құрылғыларды қолдану арқылы нәтижелі пайдалану
	Оқушылардың жеке және топтық жұмысын, оның ішінде мобильді технологияларды пайдалана отырып ұйымдастыру дағдылары
	Оқушыларды қашықтықтан оқыту дағдылары

Мобильдік, интерактивті құралдарды сабаққа пайдаланғанда дидактикалық бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

- Пән бойынша базалық білімді меңгеру;
- Алған білімді жүйелеу;
- Өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру;
- Жалпы оқуға деген ынтасын арттыру;
- Оқушыларға оқу материалдарымен өздігінен жұмыс істегенде әдістемелік көмек беру.

Бұл технологияны оқу материалын хабарлау және оқушылардың ақпаратты меңгеруін ұйымдастыру арқылы, көзбен көру жадын іске қосқанда арта түсетін қабылдау мүмкіндіктерімен қамтамасыз ететін әдіс деп қарауға болады. Бастауыш сынып оқушыларының көпшілігі естігенінің 5 % және

көргенін 20 % есте сақтайтыны белгілі. Аудио- және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50 % дейін арттырады.

Қорытындылай келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін мобильдік ақпараттық құралдарды қолдана отырып, жаратылыстану пәнін оқыту барысында бірнеше тұжырым жасауға болады:

- мобильдік ақпараттық технологияларды оқу процесінде қолдану балалардың сапалы оқуы мен дамуына толық мүмкіндік береді;
- компьютерлік технологияны бастауыш мектепте қолданудың өзіне тән ерекшелігі – сабақты ойын үлгісінде жүргізу;
- аталған технологияны қолдану барысында балалармен қашықтан қарым-қатынас орната алу мүмкіндігі орын алады.

Қолданылған әдебиеттер

1 Жүнісбек Ә. Қазіргі заманғы педагогикалық технология негізі – сапалы білім // Қазақстан мектебі, №4, 2008.

2 Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері: пед. ғыл. докт.... дисс.: 13.00.08. – Түркістан, 2006.

3 Досжанов Б.А. Мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері: пед. ғыл. канд.... дисс.: 13.00.01. – Түркістан, 2007. – 150 б.

4 Шарифбаева Х.Я. Применение мобильных технологий в сфере образования. Проблемы педагогики. 2018; № 2 (34). – С. 106-107.

ҒТАМР 14.25.01

ЖАСӨСПІРІМ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ІС- ӘРЕКЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ- ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Т.Т. Абенова

Магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Мақалада жас жасөспірімдердің даму ерекшеліктері қарастырылады. Осы жас тобындағы балаларды оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық ерекшеліктер мен жағдайлар анықталады. Өзін-өзі реттеуді дамыту үшін қызметті ұйымдастырудың тиімді әдістері сипатталған.

Түйін сөздер: өзін-өзі реттеу, мектеп оқушылары, оқу қызметі, жоспарлау, модельдеу және оқу қызметін бағалау.

Мектепте мұғалімдер жұмыс істейтін оқушылардың көпшілігі жасөспірімдер психологтары деп аталатын жас тобына жатады. Жасөспірімдік шақ – бұл балалық шақтың ең қиын кезеңі, ол жеке тұлғаны қалыптастырумен байланысты. Сонымен бірге, бұл дамудың ең жауапты кезеңі, өйткені мұнда адамгершілік негіздері қаланады, әлеуметтік көзқарастар, өзіне, адамдарға, қоғамға деген көзқарас қалыптасады, құндылықтар мен сенімдер қалыптасады. Жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруге деген белсенді ұмтылысымен байланысты осы жас кезеңіндегі негізгі мотивациялық сызықтар – өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі растау.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде жасөспірімнің шекаралары туралы нақты анықтама жоқ, әр түрлі зерттеушілер оларды бірдей анықтамайды және 10 (11) мен 16 (17) жас аралығындағы кезеңді қамтиды (Л.С. Выготский, А.В.Мудрик, И.С. Кон, Г.С. Абрамова, В.С. Мухина, Н.Н. Толстой, Д.Б.Эльконин, Д.И. Фельдштейн және т.б.). Дәстүр бойынша, жасөспірімдік шақ балалардың орта мектепте білім алуымен байланысты. Бұл 10-11 мен 14-15 жас аралығындағы балалар.

Г.А.Цукерман бастауыш мектеп пен жасөспірімді бөлетін шекара бұлыңғыр, анықталмаған және әлі күнге дейін нақты санға сәйкес келмейтінін атап өтті. Кейбір ғалымдар бұл жас аралығын балалық шақтың аяқталуы деп санайды және 10-12 жастағыларға 8-10 жас аралығындағы ерекшеліктерді жатқызады, ал басқалары сол жас аралығындағы жасөспірімдердің барлық

рудименттерін көреді және оны «жасөспірімдер психологиясы» тарауында қарастырады.

Алайда, 10-12 жастағы оқушылар тиімді мнемоникалық стратегияларды қолдана білуде және сөздердің дерексіз анықтамаларын бере білуде 6-7 жастағы оқушылардан сапалы асып түседі. Дәл осы жаста балалар тілдік метафораларды талдауда металлингвистикалық дағдыларды ашады, ал балалардың ауызша және жазбаша әңгімелері мен қайталауларында кейіпкерлердің ойлары мен сезімдерін сипаттауға көп көңіл бөлінеді. Когнитивті функциялардың дамуындағы бұл рефлексиялық жетістіктер пайда болуын анықтайды. Тілдік қарым-қатынастың жаңа деңгейі: жеке тәжірибенің маңызды салалары қарым-қатынас объектісіне, басқа адаммен бөлінген эмоционалды-ойлау оқиғасына айналуы мүмкін. Қарым-қатынастың жаңа деңгейі, оның тақырыбы рефлексивті жеке тәжірибенің элементтері болып табылады, жаңа интерпсихикалық кеңістік ретінде қызмет ете алады – жасөспірімдердің өзі-даму процестері дами бастайды.

Баланың дамуындағы екі кезеңді – кіші мектеп пен жасөспірімді салыстыра отырып, бұл тұлғаның белсенді, қарқынды қалыптасуы мен даму кезеңдері екенін көруге болады. Бастауыш сынып оқушысының психикалық дамуы негізінен осы жастағы жетекші іс-әрекеттің-ілімнің негізінде жүреді. Бұл баланың психикасында айтарлықтай өзгерістер болатын кезең. Л.С.Выготский осы жастағы негізгі психологиялық құбылыстарға барлық психикалық процестердің еріктілігі мен хабардарлығы, сондай-ақ олардың интеллектуализациясы мен ішкі делдалдығы жатады. «Ойлаудың жаңа, жоғары сатыға ауысуының арқасында барлық басқа психикалық процестер қайта құрылады, есте сақтау ойлауға және қабылдау ойлауға айналады», – деп жазады Д.Б.Эльконин. Тұжырымдамалық ойлаудың дамуы бастауыш мектеп жасының соңына қарай рефлексияның пайда болуына ықпал етеді, бұл жасөспірімнің құбылысы бола отырып, оқушылардың танымдық белсенділігін ғана емес, сонымен бірге олардың айналасындағы адамдарға және өздеріне деген қарым-қатынасының сипатын өзгертеді.

